



«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



САРЫАРҚА
САҢЛАҒЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҒЫЛЫМКОМИТЕТІ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

“Ұлы тұлғалар”

Ғылыми-ғұмырнамалық серия

САРЫАРҚА САҢЛАҒЫ

Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ақын, жазушы,
публицист, драматургі **Бейімбет Майлин**ға арналады

Посвящается общественному деятелю, поэту, писателю,
публицисту и драматургу
Беймбету Майлину

АЛМАТЫ 2007

ББК 83.3 Каз.

С 22

Сарыарқа сандағы: акын, жазушы, публицист және драматург Бейімбет Майлинге арналады. – Посвящается поэту, писателю, публицисту и драматургу Беимбету Майлину / Құраст. филол. ғылымдарының канд., доц. С.С. Ақашева; Ред. алқасы: филол. ғыл. канд. Т.А. Бейісқұлов (ғылыми ред.); ОҒК директоры К.К. Әбуғалиева (жауапты ред.); Ред. алқа мүшелері: филол. ғыл. д-ры, проф. Б.К. Майтанов, Л.Д. Әбенова, О.П. Бравач, Т.В. Вдовухина, Ж. Нұрғожина. – Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2007. – 334 б., сур. – [“Ұлы тұлғалар” атты ғылыми-ғұмырнамалық сер.]. Қазақша, орысша.

ISBN 9965-473-98-6

ББК 83.3 Каз.

Әдеби - библиографиялық жинақта қолданылған материалдар, оның ішінде құжаттар және хаттары бірінші рет беріліп отыр. Жинақта Б.Майлиннің қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси өткір мәселелеріне арналған еңбектері, мақалалары мен әдебиетшілердің және сыншылардың пікірлері берілген.

Кітап ізденушілерге, тарихшыларға, саясаткерлерге, студенттерге, оқушыларға, мәдениеттанушыларға және жалпы оқырман қауымға арналған.

Литературно-библиографическое исследование построено на фактическом материале, часть которого (документы и письма) введена в библиографический оборот впервые. В сборнике представлены произведения Б.Майлина, отражающие острейшие социально-политические и экономические проблемы общества, статьи и отзывы литературоведов и критиков.

Для филологов, культурологов, учащихся высших и средних учебных заведений и широкого круга читателей.

**С 4603020000
00(05)-07**

ISBN 9965-473-98-6

© Орталық ғылыми кітапхана,
Ақашева С.С. 2007

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының “Ұлы тұлғалар” атты арнайы ғылыми - ғұмырнамалық сериясы жалғасын табуда. Ондағы мақсат - халқымыздың ұлт зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден - бір жолы халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Міне, сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысының шығармашылық және қайраткерлік еңбегін халық арасында кеңірек насихаттау –бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз.

Бұл еңбек – ХХ ғасырдың басындағы ірі тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, жазушы Бейімбет Майлинге арналады. Жинаққа Б.Майлиннің таңдамалы еңбектері мен ол туралы зерттеулер енгізілді.

Бейімбет Майлин - елінің ертеңін ойлап еңіреген, ұлтының болашағын ойлап еміренген азамат. Жан-жақты дарын Б. Майлиннің әдебиетке әкелген жаңалығы мен еңбегі орасан зор. Өз заманының қайраткері болған Б.Майлиннің өмірі мен өнері бүгінгі ұрпақ үшін де ескірмейтін үлгі, өнеге болып табылады. Ғылыми - ғұмырнамалық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан. Еңбекке кірген жазушы туындылары мен суреттері негізінен бейімбеттанушы ғалым Тоқтар Бейісқұловтың жеке архивінен алынды.

Кітаптың соңында еңбектердің әліпбилік және есімдер көрсеткіші, бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштері берілген. “Ұлы тұлғалар” атты серия оқырман қауымның көңілінен шығады деген ойдамыз. Ұсынылып отырған жинақ туралы ой-пікір болса мына мекен-жайға хабарласуларыңызды сұраймыз:

005100. Алматы қаласы
Шевченко көшесі, 28
Орталық ғылыми кітапхана.
тел. 261-0239
Факс (3272) 261-02-60

ОТ СОСТАВИТЕЛЯ

Научно-биографическое издание выполнено в рамках целевой программы ЦНБ МОН РК. Одним из ее приоритетных научных направлений является изучение жизни и деятельности политически репрессированных в годы массового сталинского террора казахских поэтов и писателей, творчество которых долгие годы умалчивалось или не полностью освещалось в литературоведении: М.-Ж. Копеева, Ш.Кудайбердиева, С.Сейфуллина, Б.Майлина, М. Жумабаева, М.Дулатова, Ж.Аймаутова, А.Байтурсынова. ЦНБ подготовила серию книг, восполняющих пробелы в научном знании о значении их культурного и литературного наследия. Построенный по персональному признаку научно-биографический сборник “Сарыарқа саңлағы” посвящен жизни и деятельности выдающегося классического казахского поэта и писателя, публициста и драматурга Беимбета Майлина, одного из основателей новой казахской литературы, невинно пострадавшего в переломные для советского общества 30-годы.

Книга продолжает традицию выпуска серии “Ұлы тұлғалар”, что свидетельствует о перспективности избранного ЦНБ МОН РК научного направления. В ней воссоздается историко-культурный процесс, освещается общественно-политическая и литературная ситуация в Казахстане XX века. Издание серии вводит в научный оборот обширный документальный материал, отражающий различные подходы и новые факты в изучении Беимбета Майлина, позволяющий определить художественную ценность его наследия (художественных произведений, публицистических и критических статей, писем и т.д.). При разработке темы использовались литературоведческие, биографические, журнальные и газетные публикации, архивные материалы. Данный сборник является наиболее полным изданием, в котором учтены все работы писателя и различные источники по его творчеству. Книга призвана отразить эпоху в движении, сопряженном с постижением личности Б.Майлина, устремленной к свободе духа.

К библиографии предпослана обстоятельная вступительная статья ученого-литературоведа, исследователя творчества Б.Майлина Т.А.Бейискулова, любезно представившего некоторые материалы и фотографии писателя из своего архива. Научно-справочный аппарат серии включает “Указатель имен”, “Алфавитный указатель произведений Б. Майлина” и другие вспомогательные указатели. Материал расположен в хронологической

последовательности на казахском и русском языках, в пределах каждого года – по алфавиту. В “Алфавитном указателе имен” приведены имена всех, кто в той или иной степени имел отношение к Б. Майлину. В книге помещены фактические сведения об основных вехах в творческой и общественной деятельности, его участии в важных форумах, совещаниях и т.д.

Составитель выражает признательность ко всем, кто способствовал изданию книги.

Все замечания и предложения просит направлять по адресу:

005100 г.Алматы,

ул.Шевченко, 28

Центральная научная библиотека

Тел. 261-02-39.

Факс (3272) 261-02-60

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

(Қызметі және шығармашылығы туралы қысқаша мағлұмат)

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі, аз ғұмырында бай рухани мұра қалдырған, өз кезінде бас жазушы, ең маңдайалды журналист атанған Бейімбет Майлин бұрынғы Қостанай уезі Дамбар болысының (қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында) 8 ауылы атанған Ақтөбе деген жерде орта шаруа отбасында дүниеге келген – бұл 1894 жылғы 15 қараша.

Бір жасқа толар-толмаста әкесі Жармағамбет қайтыс болды. Әуелі ауылдағы Шаншар молдадан дәріс алып, хат танитын халге жетеді. 1910 жылы Амантай деген кісінің салған мешітінің тойына қатысып, ән айтқан. 1912 жылы әрі молда, әрі сол кездегі мақтаулы ақын Әржікей деген кісімен айтысып, жеңіп шығады. Сол мезгілде екі жылдай Арғынбай қажы медресесінде оқыған.

1910-1913 жылдары Дамбар болысының 8 ауылында, 1913 жылы 5 ауылында жеке адамдардың балаларын оқытқан. 1913 жылы Троицк қаласындағы “Узифа” медресесінен сабақ алған. Сол жылы басылым бетін көрген алғашқы “Қостанай уезі, Дамбар болысы” деген мақаласы “Айқап” журналының 1913 жылғы 15 санында жарық көрді.

1914-1916 жылдары Уфадағы “Ғалия” медресесінде оқып, ой-өрісін кеңейтіп, білім алады. “Ғалия” жоғары білім беретін мұсылман елдеріне кеңінен белгілі оқу орны болатын. Уфа - Бейімбеттің білімін арттырып қана қоймай, әдебиет, мәдениет, тарих, математика, дін тағы басқа өнер-білім салаларынан ой-өрісін кеңейткен қала. Медреседе “Садақ” қолжазба журналын шығарудың ұйытқысы әрі алғашқы редакторы Бейімбет Майлин болды. Медресені бітірмей кетті.

Елге оралғаннан кейін, 1916 жылдан бастап Троицкіге жақын Сарой болысының 4 ауылындағы, Тобыл бойындағы Қарағыз елінде Сағымбаев Несілбек деген кісінің үйіндегі, өз елінің Ақжігіт және Ақтөбе ауылдарындағы мектептерде мұғалім болуы, 1918 жылы алашордаға қатардағы мүшесі болып кіріп, бірнеше ай жүруі, 1919 жылы Ә.Жанкелдин отряды сапында концерт ұйымдастырумен шұғылдануы, Торғай губерниялық оқу бөлімінің Дамбар болысы бойынша инспекторы, болыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, болыстық сайлауында болыстың орынбасары сайлануы, Қостанай уездік халық ағарту бөлімінің аз ұлттар жөніндегі нұсқаушысы, губерниялық жер бөлімінің бастығы, болыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, Қостанай оқу бөлімінің нұсқаушысы қызметтерінде істеуі оның өмірінің жарқын белестері әрі заман талабына сай таптырмас азамат екендігін көрсететін дәлелдер.

Бұл жылдары алғашқы шағын пьесаларын жазып, ауыл сахналарына шығарды.

1921 жылдан бастап губерналарда газеттер ашу қолға алынды. 1922 жылы Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің төрағасы әрі “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторы Сәкен Сейфуллин осы басылымда жұмыс істеуге Бейімбетті арнайы шақыртады. Тамыз айында газеттің хатшылық қызметіне кіріседі. 1923 жылы тамызда Қостанайда “Ауыл” газеті шығарылатын болғанда Б.Майлин сонда хатшылық қызметке жіберілді. Артынша редактордың орынбасары болды да газет жұмысының бәрін дерлік өзі атқарды. Бұл кезде қаламы да шыңдалды, жазуы да көбейді, небір жұрт тамсана оқитын әңгімелер, фельетондар, өлеңдер, мақалалар жариялатты, журналистік шеберлігін шыңдай түсті.

1925 жылы көктем мезгілінде Бейімбет “Еңбекші қазақ” газетіне қайта шақырылды. Бұлы жолы газеттің редакторы болған әрі оқу халық комиссары Смағұл Садуақасов крайкомның шешімін шығартып, Қостанай губкомының жібергісі келмеуіне қарамай, Бейімбетті алдырыпты. Әуелі хатшы, көп ұзамай әдебиет жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Сол жылы С.Садуақасов алғы сөзін жазып, Бейімбетті “ауыл ақыны” деп баға берген алғашқы жинағы “Өлеңдер” деген атпен басылып шықты. Бұдан былай оның қаламгерлігіне даңғыл жол ашылды. Тек “Еңбекші қазақта” ғана емес, сол кезде шығып тұрған барлық дерлік газет-журналдарда әралуан жанрларда жазған туындылары толассыз жарияланып жатты. 1925 жылы ҚазААП ұйымын құру жөніндегі ұйымдастыру бюросына кіргізіледі. Ұйым құрылғанда оның президиумы мүшесі болып сайланады. Бейімбет 1926 жылы маусым айынан бастап коммунистік партияның мүшесі.

1926 жылы “Ауыл тілі” газеті ұйымдастырылғанда Бейімбетке “Еңбекші қазақтағы” жұмысымен қатар осы басылым редакторының орынбасары қызметі қоса жүктелді. Газет 1929 жылдың май айына дейін шығып тұрды да орнына “Сыр бойы” газеті шығарылды, мұнда Бейімбет оқшау жазушысы болып қалды, одан соң хатшы болды. 1926 жылы шыға бастаған “Әйел теңдігі” журналының, 1927 жылы шыға бастаған “Жыл құсы” альманағаның, 1928 жылы “Жаңа әдебиет”, “Жаңа мектеп” журналдары шығып ол 1932 жылы “Әдебиет майданы” аталғанда - осылардың бәрінде алқа мүшелігіне енді. Ал 1933 жылы “Әдебиет майданы” журналының жауапты редакторы болып бекітілген (Орталық парткомитетінің 1933 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысы бойынша). Олардың үстіне 1928-1931 жылдары Казгосиздатта редактор және меңгерушінің орынбасары дәрежесінде еңбек етті, 1930-1931 жылдары саяси, көркем әдебиет, күлкі-сықақ журналы “Жаршының” редакторлығын атқарды. Сөйтіп, Б.Майлин әдебиет пен журналистика жұмыстарына қызу араласты. Шаруасының көптігіне қарамай, жазуын да бір сәтке тоқтатпаған.

Бейімбет Майлиннің ең соңғы қызмет істеген жері “Қазақ әдебиеті” газеті. 1934 жылы Ғ.Мүсіреповтен кейін газеттің жауапты редакторы болған ол 1937 жылдың 6 қазанында ұстап әкеткенге шейін басқарды. “Социалды Қазақстан” газетінен қол үзбеген ол тілшісі, фельетоншысы да болып жүрді, онысы әдеби қызметкерлік болып есептелді.

Республикамыздың алғашқы өнер ордасы музыка театрының қалыптасып өріс алуына қосқан үлесі зор. Осында 1934 жылы М.Әуезовтің “Айман-Шолпан”, Б.Майлиннің “Шұға”, Ғ.Мүсіреповтің “Қыз Жібек” музыкалық драмалары сахнаға шығарылып, өнер өрісі кеңейді. 1934 жылы Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезінде одақ құрылып, оған қабылданған 29 мүшесінің бірі Б.Майлин басқарма төралқасының мүшесі болып сайланған. 1936 жылы Мәскеуде Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі өткенде Б.Майлиннің “Жалбыр” мен Ғ.Мүсіреповтің “Қыз Жібек” пьесалары көрсетіліп жоғары баға алды. XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап драма театрының сахнасынан бастаған Б.Майлиннің “Майдан”, “Талтаңбайдың тәртібі”, “Шұға”, “Жалбыр” пьесалары ұзақ уақыт репертуардан түспей келді. “Майданы” соңғы кездерге дейін көрсетіліп, көрермендердің көңілінен шығып жүрді.

Бейімбет - тұңғыш киносценарист. Алғашқы көркемсуретті кинофильм “Аманкелді” 1937 жылдың аяғынан бастап экранға шығарылды. Оның киносценарийін жазған Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, В.Иванов. “Дударай” либреттосы қолды болып жоғалды.

Б.Майлин тарихтың терең қойнауына бармай, өзі көрген заман оқиғаларын, құбылыстарын түсіну, түйсіну, терең сезім желісінен өткізу арқылы шығармаларына арқау етті. Ірі оқиғаларды айтпағанның өзінде, кіші-гірім, елеусіз деген нәрселердің өзіне мән бере қараған. “Жалбыр” мен “Аманкелді” шығармалары (1934-1936) 1916 жылғы патшаға қарсы халық көтерілісін қамтыса, “Күлпаш” (1926), “Аштық құрбаны” аштықтан ел ішіндегі күйзелісті көрсетеді, Ленин өлгенде “Құр жылама” (1924), “Ленин өлді” (1925) өлеңдерін оған арнап, жұбату айтып, оның ісін алға апаруға шақырады, “Раушан-коммунист” әңгімесінде, кейін повестке айналдырған, қазақтың жас әйелінің теңдікке ұмтылуы, белсенділік көрсетуі суреттелсе, “Он бес үй” повесі, “Майдан” пьесасы (1930), колхоздастыру науқанының шым-шытырық жағдайда, тартыс үстінде суреттеуге бағытталған. “Азамат Азаматыч”, “Қоңсылар”, “Қызыл жалау” романдары да сол кезеңді қамтиды. Түйіндей айтсақ, оның шығармаларына өзек болған жайттар дәл сол өмірдің реалистік көріністері.

1933-1936 жылдары төрт томдық, 1960-1964 жылдары алты томдық, 1986-1988 жылдары бес томдық таңдамалы шығармаларының

жинақтары шығарылған. Бұл оның жазғандарының жартысына жуығы ғана. Сондықтан “Қазығұрт” баспасы он томнан кем болмайтын көп томдық шығармалар жинағын басып шығаруды қолға алып отыр. Архивтен жинап, құрастыру жағына бейімбеттанушы ғалымдар Тоқтар Бейісқұлов пен Серікқали Байменше кірісіп жүр.

Кезінде өз замандастары жоғары бағалап, төбеге көтерген Бейімбеттің қай-қайсысынан артық мұра қалдырып кетудегі ерен еңбегі, өнегелі өмірі, ерекше дарындылық қабилеті, парсаттылық қадір-қасиеті әлі де пайдалы әсерін тигізе беретініне күмән болмаса керек.

Жеке адамға табыну үрдісі кезіндегі жандайшаптардың жалған жаласымен 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылы 26 ақпанда қисынсыз қазаға ұшыраған Бейімбет Майлиннің тағдыры өкінішті аяқталғанмен қалдырған рухани қазынасы арқылы халықтың мейірлі шуағына бөлене береді.

ҚҰНАРЛЫ ДАРЫН

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы десек артық кеткендік болар, іргесін қалап, қабырғасын қалаушылардың ішіндегі аса қомақты, өнімді үлес қосқан Бейімбет Майлин-нің тума талант, жарқын да алысқа шабатын тұлпардай жүйіткітін жазушы екендігіне ешкімнің күмәні жоқ.

Ол 1894 жылы 15 қарашада Қостанай облысы (бұрынғы Қостанай уезі) Таран ауданының (бұрынғы Дамбар болысы) Ақтөбе деген жерде дүниеге келген. 8-ауыл болып есептелген жер кейін Майлин атындағы совхоздың бөлімшесі еді. Бұл ауылда әлі де жұрт тұрып жатыр.

Әкесі Жармағамбет кісі есігінде жалшылық еткен. Ол да, басқа ағайын-туғандарыда кедейшілік күн кешкен. Атасы Майлының да дәулеті шалқымаған адам екен. Ол аз болғандай, Бейімбет бір жасқа толмай әкесі дүниеден озады. Шешесі де, буын бекіп, қабырғасы қатпаған өзі де байдың қолында жұмыс істеді. Байдың әуелі қозысын, одан кейін қойын, сиырын бағып жүрген оның тындырымдылығын байқаған бай өзінің делбешісі етіп алады. Сонда да кедейшілік қамыты мойнына ілінген ол көпке дейін құтыла алмайды. Көзді аш, оқы деп молдаға сүйрелейтін шешесі қайтыс болғанда он екі жас шамасында еді, бұл да бір күйзелтіп жіберді. Ендігі тірегі әжесі Бойдас та күндік өмірден көзін ашпай келеді.

Бірақ зерек, елгезек, пысық бала әжесі мен әкесінің ағасы Аман мен оның балалары Бақберген, Байжандардың ақыл-кеңесі, қол ұшын берген көмегі арқылы оқуға талпынған Бейімбеттің ауыл медресесінде оқуы, ауыл арасындағы той-томалақта айтысқа түсуі, өлең шығаруға талпынуы, Уфа қаласындағы “Ғалия” медресесінде оқуы, онда “Садақ” атты қолжазба журналын шығарып, оның редакторы болуы, сонда келген Ахмет Байтұрсыновпен кездесуі, “Қазақ” газеті мен “Айқап” журналын оқып, оларға алғашқы өлең, мақалаларын жариялатуы оның талантының бұлақ көзі ашылып, шығармашылығының болашағын айқындаған кезең сияқты.

“Ғалия” медресесіне 1914 жылы түскен ол денсаулығының нашарлауына байланысты бітіре алмай, 1916 жылы еліне кетеді. Тұрмыс тақсыретінің бұл жерде де табы бар. Соның сырын “Қазақ” газетінде жарияланған “Мұқтаждық” атты өлеңінен көре аламыз.

“Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой!

Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой!

Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,

Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой.

Тоқтау салып кейін қарай тартасың,
Жас талапқа бір ауырлық артасың.
Сөндіресің жалындаған жүрегін,

Түбін қағып, жел гулетіп қалбасын”, - деп мұңын шағады, кедейшіліктің талапкердің алдын кесіп, бой жазып кетуіне кедергі жасап, кері тартып тұрғанына қатты налиды. Шет-шегіне көз ұшы жетпейтін Қостанай даласы – байлық - қазынасы мол, самал желі желпіп масағын жайқалтып ырғаған сары егінінен миллиондаған алтын түсетін құнарлы өлке. Соның Тобыл мен Әйет өзендерінің мол суы мен торқалы топырағын жайлаған ата қонысынан нәр алып, бойына сіңіре білген Бейімбет Майлиннің талант құнары шым-шымдап артқанын, бара-бара тамырланып кең жайылғанын байқаймыз.

“Халық жауы” деп таңылған жалған жаланың ылаңынан 1938 жылғы 26 ақпанда атылып, мерт етілген Бейімбет Майлин қырық төрт жасқа толар шағына дейін бай қазына қалдырды деуіміз жалаң сөз ғана болуы мүмкін.

Ата тегінен жұғысқан, тумысынан бойын меңдеген дарындылық қасиет оны өнер жолынан тайғызбай қақпайлап отырды десе болады. Бала кезінен зерек, еңбекқор оған әжесі Бойдас пен ауыл арасында жүретін Көмек деген ақынның айтқан өлеңдері сол қасиетін маздатып, онан әрі лаулатып әкетеді. Бай қолында жұмыс пістейтін ол өзі де өлең шығаруға әуестенген. Бозбала шағында-ақ құлшынып, айтысқа түсіп кетіп жүрген кездері де жоқ емес. Оған байларды мақтап, шапан киіп жүретін Өржікей деген ақынсымақ кісімен және Шолпан қызбен айтысы дәлел. Бейімбет мұрасының бастауын осыдан көре аламыз. Бірақ ештеңесі баспасөз бетіне шыға қойған жоқ әлі.

Мұнымен шектеліп, тұрақтап қалмай, жас жігіт кезінде оқуға талпынған ол әртүрлі жанрларда жазбаққа аусары ауады. Содай шақта оның қолына “Қазақ” газеті мен “Айқап” журналының түсуі, оларда жарияланған материалдарды оқуы оның шығармашылық бетбағдарына ықпал еткенінде сөз жоқ.

Осы екі басылымға авторлық етуге көңілі ауған ол алғашқы жазғандарын жібере бастайды. Зерттеу жүргізе жүріп біздің бір ойға түйгеніміз, баспасөзде тұңғыш жарық көрген туындысы - “Қостанай уезі, Дамбар болысы” деген мақаласы екен. Ол “Айқап” журналының 1913 жылғы 15 санында басылған. Редакциямен байланысы жақсарған оның өлеңдері, қысқа әңгіме, фельетон, хат-хабарларына орын беріліп отырған.

Ал “Қазақ” газетінде 1915-1917 жылдарда Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов құрастырып шығарған (1998 ж.) “Қазақ” бетінде жарияланған деректерге қарағанда Б.Майлиннің он бір өлеңі, бірнеше

шағын мақалалары басылыпты. Олардың ішіндегі оқырмандарға көбірек белгілісі “Байлыққа”, “Мұқтаждық”, “Ыштат” деген өлеңдері. Сөйтіп, қаламгер шығармашылығының алғашқы дәуірінде өлеңмен қатар, әңгіме, фельетон және журналистік жанрларда қалам тербеп, әр қырынан көрінуге талпыныс жасағанын байқаймыз. Бұл кезеңге “Ғалия” медресесінде оқып жүргенде шығарған “Садақ” қолжазба журналын, онда жарияланған “Шұғаның белгісі” әңгімесін жатқызамыз. Өткен ғасырдың оныншы жылдарының екінші жартысында “Қазақ” газеті, “Айқап” журналынан басқа, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Ұран”, “Бірлік туы”, “Қазақ мұңы”, “Жас азамат” газеттері мен “Абай” журналына да өлеңдері жарияланған.

Бейімбет Майлиннің өмірі де, тағдыры да қоғам өзгерістерінің, заман қыспағының өткір жүзінде өтіп, өзегін өртеп сан сарсытқан кезеңге келді. Әсіресе, елі үшін еңірегендей күй кешіп, көзі жасқа толды. 1917 жылы Ресейде ақпан төңкерісі болып өтті. Қазақ отаршылықтан құтылып, жақсы өмірге қолы жетер ме екен деген үмітпен сол оқиғаны қуана қарсы алып көз тікті. Ұзамай қазан төңкерісі келді. Бұған да үміт арта қараған Бейімбет қазақ даласына енді бостандық келді деп түсінеді де “Қырда”, “Қазаққа” өлеңдерін жазады. “Қырда” өлеңінде:

“Сергіді жас жүрегім дерті басқан,

Құл басым азат болып, көңіл тасқан”, - десе, “Қазаққа” деген өлеңінде:

“Іздеген күн өзі келді алдына,

Зарлағаның бекер босқа қалды ма?

Туды теңдік баймен қатар жарлыңа”, - деп асқақ, қуаныш сезімін білдіріп шалқыды. Бар арманы өзінің қазағына бақытты тұрмысты аңсау. Бірақ сол ойынан шықпай жатқанын көрген жазушы “Съез” деген өлеңінде халық тұрмысында онды өзгерістер болмай жатқанына қынжылыс білдіреді.

Сол мезгілде алашорда ұйымы құрылып, жеке автономия-лық республика құру мәселесі көтеріледі. Сол ұйым көсемдерінің бірі А.Байтұрсыновтың ықпалымен алашорда отрядына қатардағы мүше болып кіріп жәрдем көрсетеді. Алғашында үлкен сенім артады. Бұл 1918 жылдың іші. Алашордаға арнап шабытты өлеңдерін де жазып жіберді. 1918 жылы жазған “Алашордаға” деген өлеңінде:

“Бірлік қылсаң, алашым,

Ілгері қарай басасың.

Қол ұстасып ұмтылсаң,

Қатар жұрттан асасың.

Атағын мәңгі қалдырып,

Жасасын алаш, жасасын!” - деп қолдап-құптай отырып, игі тілек білдіреді. Ал “Еліме” атты өлеңінде:

“Елім-ау, бір сен үшін міндім атқа,

Көзге жем қылмаймыз деп енді жатқа.

Көтеріп Алаш туын ұрандадық,

Қарамай шапқан қылыш, атқан оққа”, - деп алашты дәріптеп еліне жар салады, мақтан ете жырлайды. Тағы бір өлең “Адаспасыз” деп аталады. Алаш қозғалысына осылай іш тартқан ол кеңес үкіметі тығырыққа тірегенде суына бастайды. Алашорда белсенділері қудалауға түскенде Б.Майлин де ұмыт қалмады, ұлтшыл, алашордашыл, байшыл деген таңбалар тағылып, өмірінің ақырына дейін арыла алмады.

Жазушы шығармашылығының келесі дәуірі “Ғалия” медресесін толық бітірмей елге кеткеннен 1922 жылы “Еңбекші қазақ” газетіне келуіне дейінгі аралық. Бұл кезде Б.Майлин Сарой болысының төртінші ауылында, Қарағыз еліндегі Сағымбаев деген кісінің үйінде ашылған мектептерде, одан кейін Ақжігіт ауылында, туған жері Ақтөбе ауылында мұғалімдік қызмет атқарады. Сондай-ақ Қостанай губерниялық оқу бөлімінің Дамбар болысы бойынша инспекторы, оқу бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Әрі жұрт оны Дамбар болысының орынбасарлығы-на сайлайды. Одан әрі Қостанай уездік халық ағарту бөлімінің аз ұлттар жөніндегі нұсқаушысы, губерниялық жер бөлімінің бастығы болуы оның керек кадр, беделді кісі екендігін білдіреді.

Соншама жұмысбасты болып жүргенмен Бейімбет қолынан қаламын тастап, таза ұйымдастыру, насихаттау істерімен шұғылданып кетпейді. Әсіресе, мұғалім болып жүрген кездерінде мектептерде жұртқа концерт көрсетуді ерекше қолға алады. Шығып тұрған “Айқап”, “Қазақ” тағы басқа басылымдардан да қол үзбейді, жазып тұрады. Жұртқа концерт көрсетіп, ән-күй орындатудың өзі жеткіліксіз екенін сезген Б.Майлин шағын пьесалар ұйымдастыруға бел байлайды. Сөйтіп ол Қостанай өңірінде алғаш пьеса жазып, сахнаға шығарушы әрі драматург, әрі режиссер, әрі суфлер болған адам деп тануымыз керек. “Ғалия” медресесінде әртүрлі білім саласында ой-өрісі, түйген түсінігі кеңіген оның білігі пайдалы болғаны сөзсіз.

Ол кездегі пьесалары әрі шағын, әр ауыл сахнасына қоюға лайық, бірақ көкейтесті, маңызды тақырыптарды ашып көрсетуге арналған. Атап кетер болсақ, “Кім айыпты?”, “Қасқырбай”, “Неке қияр”, “Қаламқас”, “Алданған” (кейін “Бетім-ау, құдағи ғой”), “Шаншар молда”, “Қос қақпан”, “Айша” тағы басқалар. Сөйтіп, Б.Майлин бұл кезеңде пьеса жазуға көбірек көңіл аударады.

Шығармашылық таланты жарқырай ашылып, өнімді жазуы, қажымай қаламынан алуан түрлі жанрларда, сала-сала тақырыптарда бағалы туындылар беруі 1922 жылы “Еңбекші қазақ” газетіне келуінен басталады. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы әрі осы газеттің жауапты редакторы С.Сейфуллин оны редакцияға қызметке шақырады. Жауапты хатшылықты сеніп тапсырады. Сол сенімді ақтаған Б.Майлиннің

алдында кең шығармашылық жолы ашылады. “Іздегенге сұраған” дегендей, іске белшесінен батып, жұмыла кіріседі. Көп ұзамай оның аты жазушы ретінде де, жүйрік журналист ретінде де кең тарайды. Ол кезде КазЦИКтің (Қазақстан Орталық атқару комитеті –Т.Б.) хатшысы болып істеген М.Әуезов “Еңбекші қазаққа” Б.Майлинді ресми шақыру қағазына қол қойыпты.

“Еңбекші қазақ” газетіне алғашқы жазған туындысы “Айт күндері” әңгімесі болуы керек. Жыл аяғына дейін бірнеше өлеңдері мен мақалалары жарияланған. Бұл жылы Бейімбеттің үлкен олжасы –“Шұғаның белгісі” повесінің “Қызыл Қазақстан” журналында (1922, № 10,11) жарық көруі. Жазушылық жолындағы алғашқы көлемді шығармасы да осы. Үлкен жанрда шама-шарқын байқап көруге батыл қадам жасауы. Повестің тақырыптық мәні зор болуымен де, тартымды жазылуымен де, тіл көркемдігі, оқиғаларды, кейіпкерлерді әсерлі суреттеуімен де оқырмандарын баурап алады. Ақын - жазушылар арасы, редакциялар қызметкерлері айналасы аса жылы қабылдап, қаламгерлік талпыныстарына нысана еткендей болады. Б.Майлин өмірден кеткеннен көп кейін Ғ.Мүсіреповтің “Біздің қай-қайсымыз болсақ та Бейімбет Майлиннің...“Шұғаның белгісі” повесінің құрсағынан шығып, етегіне оранып өскендейміз” деп жазуы соны білдіреді.

Сөйтіп кеңес үкіметіне қарай пейілі ауған суреткер елдің көпшілігін құрайтын кедейлерге рақымы тие ме деп оларға да, қазақ ауылына да арнап аз шығарма жазған жоқ. С.Садуақасовтың оны “ауыл ақыны” деп 1925 жылы жазғанында ағаттық жоқ болатын, Сол пікірді кейбіреулер бұрмалап, ауылдан басқа өмірді жазбайды деп келеңсіз кінә таққаны және бар. Ондай желбуаз айыпқа Бейімбет: “Мен бұл күнге шейін жазған тақырыбым – ауыл туралы ғана болып келді. Өндіріс өмірін суреттеуге әлі күнге шейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені, әлі күнге өндіріс өмірімен таныстығым жоқ” десе, “Мен қалай жаздым?” деген жауабында (1931), ал “Екі оқушыға жауабым” деген хатында (1934) “Ауыл маңынан айналақтап шыға алмауым: біріншіден, мен жете таныспаған нәрсеменді жазуға шорқақпын, ауыл өміріне әріден таныспын” деп тиянақтайды ойын. Демек кедей тұрмысы, ауыл өмірі - оның ең негізгі басты тақырыбы. Басында өлеңдетіп жүрген Б.Майлин басқа жанрларының бәріне дерлік ауыл тақырыбын арқау етті десек, ақиқаттан алшақ кете қоймаймыз.

Кедейшіліктің ащы дәмін татқан, тақсыретін көзімен көрген соң кедейлерге бұрмай тұра алмады, олардың қасыретті күйін шығармаларына арқау етпеу оған күнә сияқты. Соның дәлеліндей көрінетін “Ауыл”, “Құтты болсын мейрамың!”, “Кедейге” деген өлеңдерін бірінен соң бірін 1922 жылы жазып жіберді. “Ауыл” өлеңінде:

“Көңілді ауыл, көрінді ауыл жұмақтай,

Ішсең, тоймас қымызы кәусар бұлақтай.

Орыс, ноғай қаласынан бездіріп,

Лебіменен тартып алар шыдатпай,”- деп ауыл ажар-келбетіне ғана

емес, оның тыныс-тіршілігіне де ризалық көңілін ақтарса, “Құтты болсын мейрамында”:

“Бақыт күні шындап туған жарлыға,
Ор қазылып жауыз, залым, жалдыға,
Қалың кедей, мейрамыңды құттықтап,

Қол қусырып келіп тұрмын алдыңа!” - деп кедейге де теңдік тигеніне қуана отырып шын пейілмен құттықтайды. Ал “Кедейге” деген жырында оның арын арлап, зарын зарлап, жыласа жылап, қуанса қуанып, не көрсе де кедеймен бірге көретінін білдіріп ант еткендей жүрек сырын шертеді. Кедейдің кейістігі де, ісінің оңға баспай жатқан тұстары оның жанына батады, сана-сезімін тілгілейді. Ал жақсы жақтарын көрсе, лепіріп, шаттана үн қатады. “Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз” атты өлеңінде (1923ж.) ауыл тұрғындарын жігерлен-діріп, еңбек етуге, сөйтіп гүлдендіруге шақырады:

“Гүлдендіріп жіберейік нұр беріп,
Жасыл шалғын тұрсын безеп түр беріп.

Танымасын, таңырқасын жат дұшпан,

Жарым жылда қарағанда бір келіп”, - деп жігер беріп, қайрап, құлшындырмақ ниетке беріледі.

Газетте бір жыл көлемінде істеген Бейімбет өлең, әңгіме, фельетон (ол кезде “Оқшау”, “Оқшау сөз” делінген), әртүрлі мақалалар жазған. Сол бағытын 1923 жылдың тамызында Қостанайда шығатын “Ауыл газетіне” хатшы болып келгеннен кейін де жалғастырды. Артынша газет редакторының орынбасары қызметіне тағайындалған соң барлық дерлік редакция жұмысын атқаруына тура келеді. Оны ол ақтап шығады. Журналист кадрлар өте тапшы кез. Сондықтан Қостанай жақтың өтініші бойынша барған еді. Бұл тұстағы жазған шығармасының аса белгілісі “Ауыл” газетінде алғашқы нұсқасы жарияланған “Раушан коммунист” повесі. Оның сыртында мұнда жарық көрген өлең, әңгіме, фельетон, көптеген мақала, очерктері де аз емес.

“Ауылда” бір жарым жылдан артық жұмыс істеп, газет ісін біршама жолға қойған соң Б.Майлин “Еңбекші қазақ” газетіне қайта оралады. Бұл жолы оны С.Садуақасов шақыртады. 1925 жылдың басында С.Садуақасов “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторлығына бекітілді де Б.Майлинді редакцияға алмақшы болады. Бұл кезде С.Садуақасов оқу халық комиссары әр крайком бюросына мүше. Оны жіберу-жібермеу мәселесін тез шешпей Қостанай губкомының бюросы ақыры Б.Майлинді жібермеу жөнінде шешім қабылдайды. Енді С.Садуақасов бұған Қазақстан өлкелік партия комитетін араластырады. Біраз ары тарт, бері тартпен тығырыққа тіреліп тұрғанда ақыры Казкрайком бюросы бұл мәселені қарап, 1925 жылғы

7 наурызда “Направитъ тов. Майлина для ответственной газетной работы в редакцію “Еңбекші қазақ” деген шешім қабылдаған (Республика Президенті архиві, 141 қор, 1 тізбе, 13-б.).

Орынборға келген Б.Майлин газеттің жауапты редакторы-ның әдебиет жөніндегі орынбасары қызметіне кіріседі. Редактордың тағы бір орынбасары М.Дулатов еді.

Бұл кезде ол газет жұмысының сан қырлары мен сырларын жетік игеріп алған. Қандай ісін болмасын, өте тапқырлықпен, аса шапшаңдықпен атқаратын дәрежеге жеткен. Асқан еңбекқор, жалықпас журналист, өнімді жазушы болған соң С.Садуақасовтың қалап алдыруы тегін емес.

Осы кезден бастап Бейімбет бұрынғыдан да дамылсыз еңбек етеді. Соны өзінің көзі көрген С.Мұқанов “Оның алдынан газет-журналдардың материалдары бұрқырап өтіп жататын... Кеңседе ұзақ отырып ол қарап үлгере алмаған материалдарын пәтеріне алып кетіп, ертеңіне ерте даяр қылып әкелетін. Ауыл өмірінен, әсіресе кедейлер тұрмысынан білетіні көп Бейімбет Орынборға келерден бұрын да бұл тақырыпқа көптеген шығарма жазған кісі. Келгеннен кейін тіпті лекітіп, өлеңдерді, фельетондарды, әңгімелерді үсті-үстіне бұрқыратып төгіп жіберді. Ол өте шапшаң жазатын адам еді. Жазушылық, редакторлық жұмыстары керемет көп бола тұра, Бейімбет баспаханаға да күніне әлденеше рет баруға ерінбейтін”, деп жазды кейін (Күресте ер жеткен әдебиет. “Жұлдыз”, 1960, № 6, 142 -б.).

С.Мұқановтың айтқан әділ сөзіне, берген шынайы бағасына жазушының өндірте жазған, ізі суымай бірінен соң бірі жарияланған көркем шығармалары мен публицистік туындыларын санамалап, сараптап көрсек, ешқандай күдіксіз иланып, кәміл сенеміз. Б.Майлин өмірінің ақырына дейін “Еңбекші қазақ” газетінен (кейін “Социалды Қазақстан” аталған) қол үзіп, іргесін аулақ ұстамаған. Тіпті фельетоншысы, тілшісі ретінде де қалам жәрдемін беруден тартынбаған. Өрі осы басылымда оның жазушылық шеберлігі, қалам қарымы арта түскен. Тек осы газеттің бетінде өзінің көзі тірісінде, 1922-1937 жылдар ішінде 60-тай әңгімесі, 85-ке жуық өлеңі, 40 шамалы очеркі, сексеннен астам фельетоны, 300-ге тарта мақалалары жарияланғанын анықтағандаймыз. Білген адамға бұл кейінгі ұрпаққа қалған қыруар қазына, мол мұра. Бірақ соның бәрі күні бүгінге дейін тиянақты жиналып, толық жинақ болып шығарылмай келді.

Газетте басылып, оқырмандардың көңілінен шыққан негізгілерін атар болсақ, “Құла ат”, “Құлақ”, “Құлбай”, “Баянсыз бақ”, “Болыстың құдасы”, “Қонақасы”, “Қара құдай” деген фельетондарын, “Бөліс”, “Қанжар”, “Қосын” деген поэмаларын, республика өндіріс орындарын

аралағанда туған очерктерін, “Қырманда” повесін, “Қосылар”, “Қызыл жалау” романдары, Аманкелді батыр жөніндегі шығармаларын алдымен еске аламыз. “Қара сор”, “Мырқымбай” өлеңдері, “Күлтай болыс”, “Сексен сом”, “Жол үстінде” әңгімелері де қызығып оқылған туындылар.

“Еңбекші қазақ” және “Ауыл” газеттерінде суреткер әсіресе әңгіме жазуға ден қойды, соның жеке-дара жүйрік майталманы болып үлгі көрсетті. “Еңбекші қазақтың” 1922 жылы 13 тамыз күнгі санында жарияланған “Айт күндерінен” бастап, аз жылдың ішінде “Қырмызы”, “Айранбай”, “Әперілер”, “Кеселді мақал”, “Көрмей ғашықтар”, “Қойшы”, “Шариғат бұйрығы”, “Ақыр заман”, “Сахарда”, “Күлпаш”, “Ерік құрбаны”, “Қыздың зары”, “Айнажанның соры ғой”, “Жігітшілік”, “Тайбек”, “Желдірбай Жындыбаев”, “Қара бала”, “Қанды кек” ... тағы басқа әңгімелерін бірінен соң бірін жариялатып, бұл жанрда жазудың сол кездегі асқан шебері екендігін бәріне мойындатты. Соның дәлелі Мұхтар Әуезовтің мына пікірі: “...Қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбет Майлиннің өзгеше мұрасынан табылатын... Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды боп шығады.

Және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдарына дейін совет дәуірінде қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады”.

Алайда, ол әңгіменің ғана тасасында қалып қоймай, өлең, фельетон, поэма, очерк, мақалаларын да құрғатпай жазып отырды. Үлкен дайындық жасап, қалам құстын шындап, суреткерлік шеберлігін аттырып барып көлемді жанрға ауысты. 1925-1927 жылдары “Жастық жалыны”, “Кең атыздың таласы” повестерінің және “Қарашаш” романының үзінділері “Жаңа мектеп” және “Қызыл Қазақстан” журналдарында жарық көрді. Бейімбет басқа басылымдарға да жәрдем етті. “Жас қайрат”, “Ауыл”, “Ауыл тілі”, “Еңбек туы”, “Қызыл ту”, “Лениншіл жас” газеттеріне, “Әйел теңдігі”, “Кедей айнасы”, “Жаңа мектеп” журналдарына да жазып тұрды. Ал “Қызыл Қазақстан” журналымен де байланысы үзілмеген. “Маржан” поэмасы мен аяныш туғызып, іші-бауырыңды елжіретіп жіберетін “Талақ” деген әңгімесі осы журналда басылса, көлемді шығармаларының бірі жоғарыда айтқан “Қарашаш” романының бір тарауы, “Жастық жалыны” (кейін “Әдет құшағында” деп аталған) повесі “Жаңа мектеп” журналында жарық көрді.

1925 жылы басылған “Өлеңдері” кітабынан соң “Ел сыры”, “Күлпаш”, “Шұғаның белгісі”, “Ел көркі” атты өлеңдері мен әңгімелерінің

жинақтары шығарылды. “Еңбекші қазақ” газетінің кітапханасы деген атпен Б.Майлиннің “От басында” әңгімелер жинағы да жарық көрді. “Бөліс” деген поэмасы, “Ел мектебі” деген шағын пьесасы жеке-жеке кітап болып шықты. Жаңадан өмірге келген “Жаңа әдебиет”, “Әдебиет майданы”, “Жаңа мектеп”, “Әйел “теңдігі”, “Жаршы” журналдарына да белсене атсалысады. 1934 жылдың басында шыға бастаған “Қазақ әдебиеті” газетінің белсенді авторы ғана емес, редакторы болып та істеген.

Біз әзірге 117-сін жинастырып алдық. Оның елу бестейі күні бүгінге дейін таңдамалы жинақтарына кірмеген. Отыз шақты фельетонның аттарын білсек те архивтегі газет-журналдардан табылмай жатыр. Жыртылған, жоғалтқан. Өз кезіндегі қоғамның, адамдардың көп кемшіліктері, арамдық, пасықтық, зұлымдық сияқты жағымсыз іс-әрекеттері, пиғыл-ниеттері Бейімбет фельетондарында өткір сынға ілініп, әшкере етіледі.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы зәру мәселенің бірі –оқулық болатын. Бұл істен Б.Майлин сырт қалмай, өз жәрдемін беріп, белсене қатынасты. 1928 жылы “Шала сауаттылар үшін оқу кітабын” дайындап шығарды. Оны түзетіп, толықтырып 1928 жылы қайта бастырды. “1929 жылдың шаруа календарын”, 1930 жылы І.Жансүгіров, Ғ.Мұстафинмен бірлесіп “1930 жылдың шаруа календарын”, М.Жолдыбаев және басқалармен бірге “Колхоз ауылы” оқу кітабын, өзі “Күш” деген шала сауаттыларға арналған оқулық шығарған. 1931 жылы І.Жансүгіров екеуі құрастырған “1931 жыл. Календарь жинақ” (шаруалар үшін), С.Сейфуллин, І.Жансүгіров және Әмина Мәметовамен бірлесіп “Әдебиеттану оқу кітабын” жазып, өзі “Жаңаша оқы, жаз” деген кітапты дайындап шығарды. Өркім өндірісті жазбайды деп тұртпектей берген соң 1933-1934 жылдары республикамыздың алып өндірістері деп аталған орталықтарға ұзақ сапарларға шыға бастайды. Оның алдында, 1932 жылы ақындығының 20 жылдығы аталып өткенде басына үлкен соққы тиген болатын. Сол кездегі жиындарда, мақалаларда ұлтшыл, алашшыл деген кінә тағылып, қатты соққан солақай сынға ұшырайды. Ертеректе алашордада болды, соның жырын жырлады деп еске түсіреді. Сең соққандай есеңгіреген Б.Майлин 1933 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып Л.Мирзоян келгеннен кейін көзі ашылды. Енді қайта түлеп, құлшына жазуға кірісті. Міне бұл өндіріске бет бұрған кезі. Алайда, ауылды да ұмытпай өндіріс пен ауыл арасындағы байланысқа да назар салды. Бұл жағынан кемшілігінің орнын толтыру мақсатын көздейді.

Алғашқы жолы Шымкент жағына түседі, ондағы қорғасын зауытын аралайды. Мұқабасына “Жолдан. Алматы-Шымкент” деп

жазылған он шақты дәптерді толтырып қайтқан. Оралғаннан кейін Қарағанды шахтерлеріне барады. Бұрын да Семей, Солтүстік Қазақстан облыстарын аралап көрген жазушы Қостанай еліне де барып келеді. Нәтижесінде облыстық және республикалық газеттер бетіне бірінен соң бірі жарияланған очерктер сериясын құрап, 1934 жылы 77 беттік “Алыптарды аралағанда” атты жинағын шығарды, Шымкент пен Қарағанды өндірістеріндегі жұмысшылардың өмірін, еңбек бәсекесін реалистік тұрғыда суреттеді. Қостанай жағын аралағанда жазған он бір очеркі “Социалистік түлік” деген ұжымдық жинаққа енгізілді.

Айта кететін бір нәрсе, алып өндірістерді көрудің нәтижесінде “Қызыл жалау” атты роман жазуды ойластырады да тағы да Қарағанды барады. Шығарманы жазып бітіріп, жақын тартқан адамдарға оқып берген. Үзінділерін кейбір басылымдарға жариялатқан. Бірақ амал не, толық нұсқасы жоғалған, табылмайды, тек басылған үзінділерін қанағат көріп келеміз.

Көп жылғы іздеу, жинау, қолға түсіріп алу нәтижесінде Б.Майлиннің көзі тірісінде жарық көрген тек роман, повесть, поэма, пьеса, сценарий, либреттоларының өзін 66-ға жеткізгендейміз. Оның сыртында басқа авторлармен бірігіп шығарған кітаптары да бар. Жинастырудың барысында дәйекті бір құрастыру жасап алғандаймыз. Анықталған бір мәселе-жазушының жазған барлық дерлік туындылары толық емес екеніне көз жетті. Әлгінің сыртында мол өлеңдері, әңгімелері, фельетондары, очерктері, мақалалары бар. Үш рет жинақтары шыққан еді. 1933-1936 жылдары төрт томдығы, 1960-1964 жылдары алты, 1986-1988 жылдары бес томдық толық деген жинақтары басылғанмен олары толық емес, жартысындай ғана еді. Біздің жинақтауымыздағы шығармалары он томнан асып түседі. Олардың бесеуі роман, он жетісі повесть, он сегізі поэма, жиырма төрті пьеса, жүзге тарта әңгімелері, жүз елуге тарта фельетондары, жүзден артық өлеңдері болып бірнеше жанрды құрайды. Кейбір жинау кезінде қыйыншылықтар да кездесіп қалады. Шығармалары жарияланған басылымдар архивтен табылмай әуреге түсіретіні қол бойлау жасады. Мысалы “Ауыл” деген романы табылыңқырамай жүр. Осындай жайды “Қарашаш” романы туралы да айтуға болады. “Қоңсылар” және “Қызыл жалау” романдарының да жазылып аяқталғаны анық болса да, толық нұсқалары жоғалып кеткен, тек үзінділері ғана табылып отыр. Кезінде әңгімелері де, фельетондары да, өлеңдері де, пьесалары да толық жиналған емес. Соның салдарынан “Дударай” либреттосы, “Аманкелді” көркем фильмнің сценарийі, “Жөкеш”, “Сұлбике” әңгімелері тағы басқа шығармалары және кітаптары табылмай келеді. 1937 жылы 6 қазанда Б.Майлинді қара жендеттер түн ішінде ұстап әкеткенде алты қолжазбасын қоса алып кеткен ғой. Ол сол бойы құртылып жіберілді. Сонда кеткен болуы керек.

Сонымен көпшілікке белгісіз болып келген, ғылыми айналымға түспеген шығармалары аз емес екеніне көзіміз жеткендей боп, толық түрде табылғандарын жинауға кіріскен едік. Сонда не атқардық, енді соған келейік. Байқағанымыз, жиырма төрт пьесасының тоғызы жоғалған. “Кең атыздың таласы”, “Оспан Олжабаев”, “Кездескендер”, “Күлегеш жеңгей” повестерін, бір-жар пьесасын, төрт очеркін, елу бес фельетонын, І.Жансүгіровке жазған он сегіз хатын және басқа жазбаларын қолға түсіріп, ретке келтірдік. Жеті жүзге тарта сол кездегі өмір салаларынан мол мағлұмат беретін, бүгінде пайдалы сабақ болатын мақалаларын да тауып алып, жинақтауадамыз.

Бейімбет шығармаларының өзіндік тағдыры, өмірге келу, жарыққа шығу тарихы бар. Зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген “Кең атыздың таласы” повесі “Шұғаның белгісінен” кейін жазылған көлемді туынды. Толық нұсқасы табылықырамады. Жартысы “Қызыл Қазақстан” журналының 1927 жылғы 10,11 сандарында басылған. Аяғында “жалғасы бар” деп көрсетілген. 1930 жылы Б.Майлиннің “Жаңа әдебиет” журналында, бірінші санында, “Ұзақ әңгіменің бірінші бөлімі” деген айдармен “Қазақ қызы яки Азамат Азаматыч” деген романының бірінші кітабының нұсқасы жария көрген. Ал 1934 жылы ол романын өңдеп, өзгерістер, түзетулер жасап жеке кітап етіп шығарған. Соған “Кең атыздың таласы” повесін бір бөлім етіп толық енгізген. Бірақ көп өзгерістер жасаған, стилін жетілдіріп, көркемдігін арттырып, жаңа эпизод-штрихтар кіргізген, кейбір кейіпкердің аттарын басқаша салыстыра қарау үшін, сөйтіп жазушының өз туындыларын жетілдіріп отыруға үлкен мән беретінін зерделеу үшін зерттеушілерге қажет болатынына сөз жоқ. Қалай болғанда да қай туындысы болмасын біз үшін қымбат мұра. Повестің негізгі арқауы - жер бөлісі мәселесі. Соның төңірегінде айтыс-тартыс өрбиді.

“Кең атыздың таласы” повесінен кейін жазылған “Оспан Олжабаев” шығармасы “Жаңа әдебиет” журналынан табылды. 1928 жылғы 3,5 сандарында жарияланған. Жалғасы болуы керек еді, табылмай жүр. Журналдың одан кейінгі сандары архив пен кітапханаларда сақталмаған. Мәскеу, Санкт-Петербург кітап қорларынан табылуы мүмкін, бірақ ол жаққа баруға қашанда қолбайлау болатын нәрсе - қаражат. Табылғанының өзі бас-аяғы жинақы повестің жүгін көтеріп тұр. Жасында әкесі оқытып көзі ашылған Оспан тілмаш, одан кейін азық-түлік комитетінде қызмет істеп кеңес үкіметіне қарсы әрекеттер жасайды. Өзі бай ол бірбеткей, қайсар, мойымайтын адам ретінде бейнеленген. Бұл шығарма бұл уақытқа шейін талданып, сараланған емес.

Сондай туындының бірі - “Кездескендер” повесі. Бұл шығарманың тарихы да, тағдыры да өзгешелеу. Бірақ бір қарағанда “Қырманда” повесінің көшірмесі сияқты көрінеді. “Қырманда” бұдан бұрын

жазылып, 1934 жылы жарияланған. Б.Майлин ақталғаннан кейін оның жинақтарына енгізілді де “Кездескендер” көзден де, көңілден де тасада қалып қойды, ешқандай пікір айтылмай келді. Алайда, “Қырмандаға” жазушының өз көңілі толмаған болуы керек, оны қайта қарап, атын өзгертіп, қайтадан жазып шықты десе де болады. Алғашында ол әңгіме етіп жазбақшы болады. Оны мына сөзінен аңғарамыз: “Әзірге бастап қойған “Қырман басы” деген бес-алты табақтай әңгімемді бітіріп беремін. Бұл әңгімемде көшпенділермен бірге колхозға кіріп кеткен қылмысты байлардың ашылғанын, олардың қырманмен бірге тазарғанын көрсетпекпін”. Онысы жазыла келе “Қырманда” повесіне айналған.

Ал 1935-1936 жылдары үлкен өзгеріске ұшыраған осы шығармасының атын алып тастап, “Кездескендер” деп атаған. Оның себебін Б.Майлин творчествосын білгірлікпен зерттеген үлкен ғалым Т.Нұртазин былай көрсеткен еді. “Раушан коммунист”, “Өміржанның әңгімесі” повестерінен төмен деп есептеп ғалым: “Себебі “Қырманда” повесінде өмірлік ситуация қанша шебер жасалып, қайшылықтар тапқырлықпен қиысқанымен, өмірлік тәркінінде, негізінде жасандылық элементі бар”, - дейді (Бейімбет Майлиннің творчествосы. 1966ж., 212-б.). Сол кемшілігін Б.Майлин сезген, түсінген болуы керек “Қырманданы” басынан аяғына дейін сүзіп, жетілдіре түскен.

Содан кейін барып “Ауып коммунисті” журналы мен “Социалды Қазақстан” газетінің 1935-1936 жылдарғы сандарының бірнешеуінде жариялатты. Сондай-ақ кейбір бөлігі “Әдебиет майданы” журналына да басылды. Кезінде олары жиналып, толық құрастырылып не кітап болып шыққан жоқ, не өзі тірі кезіндегі төрт томдығына енгізіліп үлгерген жоқ. Сол журналдар мен газеттегі нұсқасын енді ғана жинап алып отырмыз. Бұл бас-аяғы жинақа “Кездескендер” повесін “Қырмандамен” салыстырып қарағанда үлкен өзгерістер жасалғаны байқалады. Алдымен көрінетіні-көп қысқартылған, “Қырмандадағы” мәтіннің алғашқы отыз шақты беті түгел алынып тасталған. Жаңа өзгерістер кіргізілген. Кейіпкерлер бейнесін де айшықтай түсуге көңіл бөлінген. Қысқасы, бұл повесть жарыққа шығуын күтіп жатқан, зерделі талдауды қажет ететін сүбелі шығарма.

Жазушының ешбір жинағына енбей келген құнды мұрасының бірі - “Күлегеш жеңгей” повесі. Алғаш “Сталин жолы” журналының 1936 жылғы 5,6,7 сандарында жарияланған. Жанры көрсетілмеген, бірақ Бейімбет қашанғы қарапайым мінезіне салып, оны әңгіме қатарына жатқызған сияқты. “Жалғасы бар” делінгенмен әлгі саннан кейін басылғандары табыла қоймады. 1936-1937 жылдардағы аласапыран оның жалғасын жазуға жағдай да, мүмкіншілік те бермеген, сірә.

Сондай-ақ журналдың басқа сандары сақталмапты, жоғалтып жіберілген. Жалғасы соларда болуы мүмкін. Барын қолымызға жинап алдық. Соның өзі повесть жанрына жатқызуға келіп қалады. Бұл туындыны да кітап түрінде шығару, оған ғылыми талдау жасау - келешектің ісі.

Көлемдірек болған соң, жұртшылық таныс емес, беймәлім төрт повестке аздап тоқталып өттік. Басқа да жанрларда жазылған белгісіздеріне тоқталып жатуды созбай-ақ қояйық. Жоғарыда айтылғандардан-ақ Б.Майлиннің аса өнімді жазушы, мұрасы мол екендігі, көптеген шығармаларының жиналмай, құрастырылып шығарылмай келгені туралы түсінікті болса керек. Оның бай рухани қазынасын толық дерлік бастырып шығару біздің парызымыз, алдағы мақсатымыз. Бір-екі жыл болды, Б.Майлиннің көптомдық жинағын шығару ісі жүріп жатыр. 2004 жылы үш томын шығарып үлгердік. Шығаруға тиіс бірнеше томды құрастырып “Қазығұрт” баспасына өткіздік.

Суреткер шығармаларын толық талдауды мақсат етіп қойғамыз жоқ. Бір адам айтып тауысатын да шаруа емес. Бейімбет шығармашылығының қыр-сыры сан салалы. Әрі бүгінгі күн талабына, жаңа көзқарасқа сай қарастырылуы керек. Шынында, зер салып көрсек, Б.Майлин шығармашылығында бұрынғы зерттеулерде кеңес заманының жақсы жақтары көбірек дәріптелді деген ұғым баса айтылды. Енді біреулер кемшіліктерді, асыра сілтеушілікті, келеңсіздіктерді, аштықты жазбады, батылдық білдірмеді деген кінә тақты. Ал, енді қараңыз, 1937 жылы 6 қазанда тұтқындалып, 1938 жылғы 26 ақпанда атылған Б.Майлинге тағылған айыптың бірі “әдебиет саласында зиянкестікпен шұғылданғаны, әдебиетке контрреволюциялық және буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқарасты енгізуге” тырысқаны көрсетілген. Яғни кеңес үкіметіне қарсы зиянкестік нәрселер жазған, сынаған, кемшіліктерді бадырайтып көрсеткен, астарлы тілмен де түйреген. Ендеше ол атқарылып жатқан кеңес жұмыстарының бәрін қолдай бермеген. Бұл жөнінде мен “Қилы заман азабы” (2003 ж.) деген Б.Майлиннің өмірін қамтыған кітабымда кең әңгімелеген болатынымын. Ендігі жерде шындықты әсіре қызыл ғып боямай, жаңаның бәрін жақсы деп бағалай бермей, өмірде кездескен ұнамсыз оқиға-әрекеттерді, жалған, алдамшы жақтарды реалистік тұрғыда көрсетіп отырғанына өте-мөте көңіл аударуымыз керек.

Ғасырлар бойы әлеуметтік теңсіздік пен тепкіде келген қазақ елін кеңес өкіметі ежелгі арман - мүддесіне қолын жеткізеді, “жаңа өмір” орнатады деп түсінген Бейімбеттің теңдік келді, күн туды деп жырлағаны анық. Саясаткерлер жүргізген таптық беталыстың салқыны тимеді деп айтуға да болмайды. Сондықтан ол өз шығармаларында пайдалы

көрінген қандай да бір оқиға, құбылыс болсын, жаңа іс болсын, үн қатпай, қалам тербемей қала алмаған. Жақсы деп білген нышандарға қуанышын жасырмай білдірген. Қай туындысын алмайық, сол кездің, өзі өмір кешкен заманның қоғамдық, әлеуметтік, саяси және шаруашылық көріністерінің көрсетілуі айқын аңғарылады. Соның өзінде кеңес өкіметінің барлық ісін қолдап, дәріптеп отырғандай әсер береді.

Сол себептен, Қазақстанның экономикалық, саяси өміріндегі әрбір кезеңнің жетістіктерін өте кең суреттеген, “Ұлы бетбұрыс заманның - жаппай ұжымдастыру заманының ең ірі жыршысы” болды деп келдік. Жаңа тұрмыстың қайшылық үстінде, тартыста өткенін суреттеп, орнығуын көрсетті деп келдік. Кемшіліктерді, келеңсіздіктерді, қиғаштықтарды, билікшілдік пен асыра сілтеуді, орынсыз істерді аяусыз сынап, әшкере етті деуге бармадық, сөз қосағында ол жағын сыбырлап айттық, кең талдап көрсетпедік. Сын-сықағын тек фельетонынан іздедік.

Оны кедейдің жыршысы да, жаршысы да деп қана түсіндік. Байларды сынға алғанын ешкім де жоққа шығармайды, бірақ қалай сынады, не үшін, не мақсатпен сынға алды деген сауалдарға беретін жауабымыз ұшқары әлі. Заман тепкісіне түскен байларға жаны ашыған жоқ па екен? Кедейді ол тап емес, халық деп білген жоқ па? Өзі бала кезінен сол ортада өсті. Т.Нұртазин “Кедей қазақтың жүзден тоқсаны еді” десе, С.Қирабаев “Бейімбет те ауылды қазақ халқы деп түсінді” деп жазды. Қазір Б.Майлиннің ұлылығына бас ие отырып, оны қайта танып бағалау, шығармаларына жаңаша қарап талдау, өзекті ерекшеліктерін тәуелсіздік таным, егеменді елдік тұрғысынан жүйелі түрде, әділ, әрі ұлттық сипатта таразылау мүмкіндігіне қолымыз жетті. Шығармалары үлкен саясаттан аулақ көрінген ол -заман қасыретін көтерген, ел тауқыметінің себеп-салдарын айшық-таған. Ол жазбай кетті-ау дейтін сала жоқ, мәселе жоқ сияқты. Бейімбет армандаған, көксеген, ойлаған, халық үміт еткен социализм - шынайы теңдік, бостандық, әділ, парасатты қоғам болуы керек еді. Кеңес өкіметі ондай қоғамды орната алмаса, ол саясаткерлердің, үкімет басшыларының ісінің шалалығы, жергілікті жерлердегі белсенділердің дүмбілездігі, бас бұзарлығы, ұйымдастыру, бірлікке жұмылдыру жұмысындағы өрескелдігі мен шикілігі. Міне, осындай кемшіліктердің ақиқатын айтпау керек пе? Ел үміт артқан қоғамның құрыл-мауына кім кінәлі? Оны қалай айтып жеткізу керек? Сол үшін Б.Майлин көзбен көргенін, ойға түйгенін өзінің туындылары арқылы жеткізе білді.

Жазушының көркем немесе көсемсөз шығармасында сыны жүреді. Өмірдің көлеңкелі жақтарын дәл, шынайы қалпында көрсететін тұстарында сын-сықақ әдістерін яғни өзіне тән юмор мен сатираны қолданады.

“Заман” деген шағын әңгімесінде Б.Майлин ашықтан-ашық былай дейді: “Заман кімге күле қарап жүр. Мынды айдаған байды, үріп ішкен мырзаны, керіле басқан кербез сұлуларды қабатына салып илеп жүн қылып, ішер ас, киер киімге зар қылып отыр”. 1923 жылы жазылған бұл әңгімеде ешкімге опа бермеген заман келбетін сынап отыр. “Желіккен кедей бетің бар, жүзің бар дей ме” деп кедей-жалшыларды да іліп кетеді. Оларды желіктіріп жүрген сол заман яғни кеңес өкіметі. Әрине, “Заман өзгереді, керуен көшеді”, бірақ Бейімбеттің “көңіліне ұнайтын бір ісі жоқ” келген заманның. Сондықтан, әңгімесінің кейіпкері Жайлыбайға мал-дәулетін сыпырып алған жаңа өкімет “мың сом” алтын тартқызып, зар қақтырады. “Қайтерсің, заман бұзылған!”- Бейімбеттің ойынша. Жиырмамыншы жылдардың басында-ақ көрініс берген сыншылдық бағытынан Б.Майлин әсте ауытқыған жоқ, барлық дерлік туындыларында ескеріп отырды.

Б.Майлин байларды тәркілеу және колхоздастыру мәселесін көрсетуге көп көңіл бөлді. Осы тақырыпқа көп шығармасын арнады. Ол шымшып алар юмормен, жеңіл сатирамен колхоздастырудың өрескелдікпен жүргізілгенін іштей күліп отырып сынаған, әртүрлі бұрмалаушылықтардың зардабын суреттеген. Асырып та, кемітіп те көрсеткен жоқ, болған жағдайларды өз қалпында бейнелей білді.

Отызыншы жылдардағы өзгерістерге жұрт үрке қарайды. Неге? Бейімбеттің ерекшелігі - науқан кезіндегі кемшіліктерді де, белсенділердің бей-берекет істерін де, басшы қызметкерлердің заңсыз әрекеттерін де бүкпесіз, еш бояусыз көрсете білуінде.

Жазушы шығармаларынан байқайтынымыз – колхоздасуға кедейлер де сене қоймай, күдікпен қараған. “Кедей деп аяйтын болса, бізден неге астық сұрайды осы” деген кедей өкілінің кейістігі соның дәлелі. Міне, Б.Майлин колхоз құрудың өрескел ұйымдастырылып жатқанын екі жақтан - байлар мен кедейлер жағынан сынатқызады. “Ұлбосын”, “Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры”, “Арыстанбайдың Мұқышы”, “Желдібай Жындыбаев” сияқты шығармаларын оқыған адам неше түрлі жолсыздықты көре алады.

Қай шығармасында болмасын Б.Майлин өзінің сынап отырғанын тұспалдап, елеусіз іс-әрекет ақылы, мысқыл-сықақпен, күлкілі немесе ызалы сөз саптаумен де оқырман-дарына жеткізеді. Мысалы, оның “Айт күндері” әңгімесі мұқият оқып, астарына үңілген адамды бей-жай қалдырмайтыны сөзсіз. Бір оқығанда әңгіме кейіпкерлері Бәкен мен Зейнеп аштықтан өлген дейсің. Байқамасаң, әңгіме түйінінің тұптамасы тереңде жатқанын білмей қаласың, олардың аштыққа ұшырап, өлуінің себебін, кеңес өкіметі орнап жатса да, әкім басшылардың безбүйрек қайырымсыздығында екенін аңғармайсың. Аштық құрбандарының

тұрмысы суреттелген “Күлпаш”, “Аштық құрбаны”, “Әже” әңгімелерінде де сондай астар бар. Осы әңгімелердің астарына үңіліп қарасақ, аштық келер алдындағы аласапыран, дүрлігу оқиғаларының салқыны тигенін, қасырет әкелгенін емеурінмен, аштықты жантүршігерлік етіп көрсетуімен білдіріп отыр. Аш-тыққа айтылған налу, ыза, ашыну өкіметке тиіп жатқан жоқ па?

“Әже” әңгімесіндегі Зылиқаның өмірі де қайғылы аяқталады, аштық оны азғындық жолға түсіреді. 1922 жылы жазылған “Күлпаш”, “Айт күндері”, 1926 жылы - “Әже”, 1927 жылы - “Аштық құрбаны” әңгімелері жазушының аштық тақырыбына әр кезде оралып отырғанын аңғартады. Олардың бәрі үкімет басшыларына құлаққағыс болса керек еді.

Б.Майлиннің өз туындыларында сын тұрғысынан қарастырған тақырыптары мен мәселелері, оқиғалар мен істер алуан-алуан.

Әртүрлі өкілдер, ауыл-аймақ белсенділері, кеңес өкіметі кезінде сайланған болыстар “Жол үстінде”, “Жантөре мен Шаймерден”, “Тап өзі”, “Әлім болыс”, “Жігітшілік”, “Жасасын Мұсабай!”, “Үгітші мен қыз”, “Жырым жегендер” тағы басқа фельетондарында ел - жұртқа көрсеткен жәбірі, қара бастарының қамын ойлап, бір-бірімен қырқысуы, халық қазынасын, мал-мүлкін талап, жырымдап жеуі, еңбекші елге шекірейе қарап, шыртылдап сөйлесуі тағы басқа жағымсыз істер мен қылықтары үшін сынға алынады.

Енді қысқарта келе, айтарымыздың бәрі сыймайтын болған соң, сынаған кемшіліктерді атап қана кетер болсақ, бюрократтық, шенеуніктік, басшылықтағы былық, жылпостық, безбүйректік, азғындық, әпербақандық, заң бұзушылық, кертартпалық, орашолоқтық тағы босқа “шылықтар” деп тұжымдар едік. Дегенмен, мынаған баса назар аударғым келеді. Қазақтың ең жанды жері - ана тілі. Бейімбет Майлин де өз тілінің бұрмаланып, өрескел бұзылып жатқанына немқұрайды қарай алмады. Шала сауаттыларды да, тілімізге мұрын шүйіріп менсінбей, немқұрайды қараушыларды да сынап, әшкере етті. Оны “Өңгелбай” әңгімесін, “Рақымбайдың мақаласы”, “Перевод”, “Бідіш, Шалабек занят”, “Олай емес, Казахский язык”, “Серый ме, карешнеби ме?” сияқты фельетондарын және басқа мақалаларын оқыған адам анық аңғарады.

Өкімшіл-әміршіл заманда қателік-кемшіліктерді ашық айту, ақиқатын жазу кімге болса да жеңіл жүк болмағаны белгілі. Соған қарамай батыл сынға қалам сілтегенін, барлық атқарылып жатқан жаралармен келісе бермеген, өзін де іреп жатса да әшкере ету бетінен қайтпаған оның кейін “Әдебиет саласында зиян - кестікпен шұғылдануда” деп кінәға тартылуына таң қалуға болмайды.

Бейімбет Майлин қазақтың ардақты азаматтарымен қоян-қолтық жұмыс істеп, ырың-жырыңсыз тіл табысып, тек еңбекқорлығымен

көрініп зор беделге ие болды. Сәкен Сейфуллин бастаған “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторлары Жолдыбай Молдағалиев, Смағұл Садуақасов, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ораз Исаев, “Социалды Қазақстан” болып аталғанда - Ғаббас Тоғжанов, Әйтiке Мусин, Ғабит Мүсіреповтермен бiрге iстесiп, қолынан келгенiнше жәрдемiн аямаған. “Ауыл” газетiнде редактор болып Мұқаметжан Сералин iстегенде ол орынбасары қызметiн атқарды. 1926 жыл “Ауыл тiлi” газетi шыға бастайды. Оның алғашқы редакторы КирЦИКтiң төрағасы Жалау Мыңбаев, одан кейiн сол төрағалыққа келген Елтай Ерназаров iстейдi, ал орынбасарлыққа Бейiмбет бекiтiледi. Айтайық деп отырғанымыз мынау. Сол редакторлардың бәрi дерлiк лауазымды биiк қызметтерде iстеп, басылым жұмысына көп араласа алмаған. Сонда барлық дерлiк редакциялық жұмыстарды бiр өзi атқарып, қара нардай ауыртпалығын көтерген Б.Майлин едi. Сол қасиетiнен және қаламгерлiк шеберлiгiнен деп түсiнуiмiз керек, оны жауапты әрi қиыстыруы оңай емес жұмыстарға, кейде зорлап та жегу әдiс-айласы қолданылған.

Тегi басшылық жұмысқа, билiкке ұмтылуға жоқ табиғи мiнез Б.Майлиннiң ерекше бiр қасиетi. Ғабит Мүсіреповтей зерделi жазушымыздың мына естелiгiн тартайық. 1929 жылы Казиздаттың бас редакторы Сәбит Мұқанов оқуға кететiн болып, оның орнына Крайком Ғ.Мүсіреповтi қоймақ болды. Казиздатта Бейiмбеттiң жай редактор екенiн бiлген Ғабен Казиздатқа барғысы келмей, ол жұмысқа Бейiмбеттiң лайық екенiн айтып Крайкомға барса, үгiт-насихат бөлiмiн басқаратын Садықбек Сапарбеков “Сен әулие болсаң, Бейiмбеттi бас редакторлыққа көндiрiп бершi! Бiз мойнына қыл арқан салудан басқаның бәрiн iстедiк. Көндiре алмадық!”- деген. Ендi Ғабен бiр жұма айналдырса да көндiре алмаған. Сонда Бейiмбеттiң айтқаны: “Жоқ, барлық ауыр жұмысыңды мен-ақ iстеп берейiн. Жауапты редактор сен бола қойшы... Ауруға ұшырамасың десең, сен бол!”- деп жалыныпты. Кейiн Ғ.Мүсірепов оның осы мiнезiн “Бiрденеге бастық болуға жоламау Бейiмбеттiң ерекше мiнезi едi” деп түйiндейдi (Кiтапта: Би аға. Естелiктер жинағы. 1991 ж., 11-12 - бб.). Тағы бiр дәлел. 1934 жылдың басында “Қазақ әдебиетi” газетi шыға бастады. Соның алғашқы жауапты редакторлығына тағы да Б.Майлиндi қоймақ болып бiраз күш салады С.Сейфуллин, I.Жансүгiров, Ғ.Мүсірепов тағы басқалар. Бұл жолы да ол бас тартады, келiсiм бермейдi. Сөйтiп әуелi Ғ.Мүсірепов, одан кейiн С.Мұқанов болып, олардан кейiн бұл жұмыс Б.Майлинге жүктеледi. Бұл оның соңғы қызметi едi, 1937 жылдың 6 қазанында халық жауы деген жалған жаламен ұстап әкеткенше iстедi.

Ендi бiр адамгершiлiк қасиетi—“қаламының желi бар” дейтiн жас талапкерлердi журналистика мен жазушылықтың сапына қосу үшiн баулып, қамқорлық жасаудың тамаша үлгiсiн көрсетуi. “Ұядан жаңа ұшқан көк

қанат балапан қандай болса, қолына жаңа қалам ұстаған жас та сондай, арғы жағында өнері болса, ондай жасты қолдап, көтермелеп жіберу керек. Тырнақалды шығармасын ерінбей өңдеп, қырнап, сырлап жіберсем, ендігі жолы өзі әрі қарай тәй-тәй басып жүріп кетеді”, - деген екен бірде жазушы С.Омаровқа (Ұшқан ұя. “Қазақ әдебиеті”, 11.01.1974 ж.). Бұл сөзінен ғибрат аларлық, өнеге тұтарлық үлкен жүректің лебізі еседі.

Жазушы тағдыры мен қаламгерлігін зерделей жүргенде байқағанымыз, оның алдынан талай жас өтіп, аты әйгілі жазушы, ақын, журналист, ғалым дәрежесіне жеткен. Олардың ішінде алдымен Ғабит Мүсірепов есімі еске түседі. Алғаш “Еңбекші қазақ” газетіне корректор болып келген оны Бейімбет жазып көрсенші деп қаузап жүріп сүйрелеген. Ғабеннің жазғандарын көріп, қуаныш сезімін білдірген. Сөйтіп балаша жетелеген Ғабиті шұрайлы шығармалар жазып, халық құрметіне бөленді. Сондай-ақ Б.Майлиннің аялы алақанының жылуынан қуат алып, белгілі дәрежеге жеткен Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков, Ә.Тәжібаев, Қ.Әбдіқадыров, Асқар Тоқмағамбетов, Хамза Есенжанов, Мариям Хакімжанова, М.Қаратаев, Қажым Жұмалиев, Діқан Әбілев, Саттар Ерубаев тағы басқаларын атап кетсек те жеткілікті. Ал тілшілікке тартып республикаға белгілі журналистер қатарына жеткен А.Мұқашев, Ж.Шорманов, Т.Арыстанбеков, Ж.Еленов, А.Елшібеков, Ж.Орманбаев, Н.Ерубаев, Н.Рахымбаев, Б.Тійкіманов, Ғ.Әміров, Ш.Қожахметов, М.Ешмұқамедов, Б.Тұлғажанов, Ә.Мұстафин сияқты азаматтар да қамқорлығын көргендер. Бұл жерде оның әдебиет пен журналистикадағы ұстаздық және тәрбие берудегі ролін Ғ.Мүсіреповтің мына сөзімен түйіндесек: “Асылы, біздің, оның замандастарының, қай-қайсысы болсақ та Бейімбет Майлиннің киелі қолы, яки оның кереметтей кемел редакторлық қаламы тимей өте алдық демес едік” (Би аға. Естеліктер жинағы. 1991 ж. 7- б.).

Өнер қуған жастарға да аялай қараған Бейімбет қанатының астына алып отырған. Бұл саланың корифейлері Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Шара Жиенқұлова, Қамал Қармысов сияқты әртістер де оның жылы лебізін естіп, ақыл-кеңесіне құлақ қойған.

Бейімбеттің ерекше бір қыры - көп жазғандығы. Бұл жөнінде алғаш пікір жазған Темірғали Нұртазин “Көп жазған, еңбектерін сан қилы тарихи жағдайда жазып, сан түрлі баспасөзде көптеп жариялаған псевдонимдері-бүркеншік аттары көп” деп алдағы іске жоба көрсеткендей болды (“Бейімбет Майлиннің творчествосы” кітабы, 1966 ж.). Осы еңбегінде сондай аттарының жиырма бір, ал кейінірек отызға жуық дегенін ескерсек, бұл мәселені әлі де зерттей түсу керектігі аңғарылады. Демек оны жалғастыру қажет. Тегі жазушылардың бүркеншік атымен (лақап, псевдоним, жасырын деп те жүрдік бір кездерде) шығармаларын

жариялату қалыпты құбылыс болып есептеледі. Ондағы әрқайсысының мақсаты әртүрлі. Әдебиет тарихына көз салсақ, С.Сейфуллиннің “Шамиль Манап”, Илияс Жансүгіровтің “Таңқыбай”, Жүсіпбек Аймауытовтың “Желкек”, Мұхтар Әуезовтің “Қоңыр”, Әлихан Бөкейхановтың “Қыр баласы” деген жасырын аттары кездеседі. Басқа жазушыларда да болғандығын білеміз. Бірақ, олардың бәрінде ары кетсе екі-үш ғана сондай аттары болған. Ал, ондай шектеуге мойынұсынбаған қаламгер, кім-кімнен болса да бүркеншік атты көп пайдаланған.

Уфадағы “Ғалия” медресесінде оқығанда шығарған “Садақ” журналында-ақ өз жазғандарына бүркеншік ат қоюды бастаған. Онда жарияланған “Шұғаның белгісі” әңгімесінің өзіне “Шаңқан” деген атын қойған. Бұл журналда оның “Бекет”, “Қарсақ”, “Толстой қазақ” деген аттарымен бірнеше өлең, мақаласы басылған.

“Садақтан” бастаған бұл ісін өмірінің соңына дейін жалғастырған. “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетіне жариялатқан алғашқы шығармаларының көбіне бүркеншік аттарын қойған. Содан кейінгі жазғандары жарияланған көптеген басылымдардан сондай аттарын кездестіре аламыз. Барлық газет, журналдан келтірейік. Мысалы, 1922-1923 жылдары бір ғана “Шаңқан” атымен “Еңбекші қазақ” газетінде “Би”, “Бостандық күнінде”, “Бай”, “Газет ал”, “Кедейдің кейістігі”, “Күш”, “Қараша үй”, “Қуаныш өлеңдері”, “Көшпелі махаббат”, “Құла ат” фельетон-оқшаулары, “Қойшы”, “Соқа үстінде” әңгімелері басылуы аз шаруа емес.

1923 жылдан бастап “Малай” аты көрінеді. Бұл ат 1923-1925 жылдары “Ауыл” газетінде істеген кезінде 29 рет қойылыпты. “Ауылда” осы атымен “Раушан коммунист” повесінің әңгімелік нұсқасы, “Кәрім молда”, “Өңгелбай”, “Сахарда” әңгімелері, “Шоқы тас”, “Ғарапа күні”, “Құр жылама”, “Он жыл бұрын”, “Шашу”, өлеңдері, “Құлақ”, “Мұсадан хат келді”, “Қойшы” оқшаулары сияқты көркем шығармалары да жарық көрді. Тек осы газеттегі бүркеншік аты 27-ге тарта болған. “Жас қазақ”, “Жас қайрат”, “Лениншіл жас”, “Әйел теңдігі”, “Кедей айнасы”, “Жыл құсы”, “Жаңа әдебиет”, “Жаршы” журналдарында, “Қазақ тілі”, “Қазақ туы”, “Жұмысшы”, “Жаңа ауыл”, “Жаңа арқа”, “Кеңес ауылы”, “Кедей тілі”, “Социалды Қазақстан” деп аталған республикалық және жергілікті газеттерде де бүркеншік есімдерімен Б.Майлин қаламынан шыққан туындылары үнемі жарияланып отырған.

Сол аттарын іздестіріп, тапқандарымды тізбелеп “Қилы заман азабы” кітабыма енгізген болатынымын. Әзірге тапқаным 74-ке жетті. Ол да толық емес тәрізді, әлі де табылуы мүмкін.

Бүркеншік аттарының сонша көп болуының бірнеше себебі бар. Алайда, ең негізгісі - оның дамылсыз жазғандығы. Соның бәріне өз төл атын қоя

беруді лайықсыз көруі. Бұл қарапайым-дылығын көрсететін қасиет. Ол өзімді мадақ етейін, жазғыш екенімді білдірейін, бәрінен мықтымын деп кеуде соғайыншы дейтін мақтанның адамы емес. Керісінше ол көзге түсе бермейінші, басқаның қызғанышын туғызбайыншы, көкірек кермейінші дейтін “жүріс-тұрысы сабырлы, салқын қанды мінездің адамы” (Ғ. Мүсірепов). Осыдан шығатын екінші себеп – қызмет істейтін газетте өз атымен материалды кейде бір номерде бірнешеуі қатарынан жариялауды қолайсыз көруі (Т.Нұртазин). Тағы бір себеп - қоғам болмысында, адам мінез-құлқында, ел басқару ісінде не бір сорақы қырсыздықтар мен кемшіліктерді сынап жазды, әсіресе фельетондарында, сыни әңгімелері мен мақалаларында әшкере етуі. Құбыжық болып көрінбеу үшін бой тасалауына тура келіп, бүркеншік атқа арқа сүйеді.

Б.Майлин 1930 жылдарда көркем шығарма жазуға көбірек ойысады да тек өз атымен қол қоюға бет тұрады. Бүркеншік аттарын сирексітеді, бірақ мүлдем ұмыт қалдырмайды.

“Ұлы тұлғалар” сериясы бойынша шығып отырған бұл кітапқа Бейімбет Майлиннің қыруар туындыларын енгізу мүмкін болмағандықтан, негізінен оның осы уақытқа шейін белгісіз болып келген, ертеректе бір жарияланып сол бойы қалып қойған, бұрынғы жинақтарының ешбірінен табыл-майтын, ғылыми айналымға түспеген шығармалары және хаттары мен мақалаларын алуға тура келді. Сондай-ақ бұрыннан белгілі кейбір туындыларды да кіргізуге көңіл бөлінді.

Бейімбет Майлиннің ХХ ғасырдың қырқыншы жылдарына дейінгі кезеңдегі қазақ әдебиеті мен журналистикасына сіңірген еңбегі ерекше құбылыс. Оның орны бөлек. Әлі күнге жақұт шығармаларының шырынды нәрінен сусындап жатырмыз. Жетімдік пен тұрмыс тауқыметін бала кезінен көрген, бар ғұмырын, қалам қырымен халқына қызмет етуге арнаған, дау-дамай, содыр сынның астында қалып, ақыры еш кінәсі жоқ болса да әділетсіздікпен жау атанып атылған Б.Майлиннің енді “өзі жоқтың, көзі жоқ” демей, оған өзі көрсетілер құрметті, атқарылар істі шын пейілмен істеу парыз. Жылжып жылдар өтер, бір ғасырдан бір ғасыр асар, бірақ ұлы дарынның нұрлы шапағаты сөнбейді, кейінгі ұрпаққа ұшқынын шаша береді деп сенеміз. Оның бай мұрасы, ардақты аты халқы барда, байтақ жері барда өлмейді, ұрпақтан ұрпаққа жетеді.

Тоқтар Бейісқұлов,
бейімбеттанушы, ғалым

МАСТЕР СЛОВА

Беимбет (Бимагамбет) Жармагамбетович Майлин родился 15 ноября 1894 года в урочище Актобе Дамбарской волости, Кустанайского уезда, Тургайской области в бедной семье. В детские годы лишившись родителей, он вырос в семье бабушки Бойдас, которая страстно любила слово и воспитала во внуке любовь к чтению. Б. Майлин учился в медресе Дамбарской волости, затем в татарском медресе “Гаклия” в Уфе, считавшимся высшим учебным заведением. Однако юноше не пришлось его закончить по состоянию здоровья.

Б. Майлин преподавал в аульных школах, занимался самообразованием, читая книги казахских, татарских, башкирских и русских писателей. Одновременно создавал свои творческие работы. Первые его литературно-критические опыты (статьи на литературные и социальные темы, фельетоны, очерки, рассказы) стали публиковаться с 1914 года на страницах таких периодических изданий, как “Казах”, “Садак”, “Айкап”, “Кызыл Казахстан”, “Сарыарка” ... под разными псевдонимами (Шанкан, Шон, М., Малай, Жолаушы). Всего их по подсчету литературоведа Т. Нуртазина около тридцати. Б. Майлин был знаком, а также сотрудничал с писателями и поэтами С.Торайгыровым, М.Сералиным, М.Ауэзовым, Г. Мусреповым, С.Мукановым, С. Кудашем, Г.Ибрагимовым и другими.

В многогранном творчестве Б.Майлина проясняются остросовременные для его общества проблемы, нравственные аспекты в жизнедеятельности человека прошлого и нового времени. По сути в нем заключена вся программа действий писателя по воссозданию своей эпохи, где ключевой идеей является образ нового человека. С этой точки зрения заслуживают внимания его стихи (“Сплин”, “Съезд”, “Садакбай” и др.), где делается попытка уточнить, что было наиболее ценным в революционных событиях. Поэт осмысливает новые идеи в событиях национально-освободительного движения казахов в 1916 году и Октябрьской революции, направляет читателя на понимание социального мира. В стихотворениях выделены переживания лирического героя, смутно представляющего свое будущее в политической неразберихе, отсутствие в нем твердых убеждений:

Нам с неба свалилась свобода,
о которой мы и не мечтали,
Не вкладывали своего труда в борьбу за нее.
Мы присоединились с края
К полю, засеянному другими.
Мы гордо зашагали, избавившись от рабства.

В разных местах стали открываться съезды,
Вслед за почтенными мырзами
Мы теперь тоже боремся за власть (1).

Важным для осознания своего места в исторических событиях и в обществе становятся поиски идеала. Одной из граней этой проблемы является переход героя к новым моделям поведения. Вместе с тем выражена его эволюция - возрождение нового типа национального самосознания:

Куда же вы, куда? По коням!
Сомкнитесь все, не время для разброда,
Остерегайтесь волостного, -
Он одиночек может подстеречь (2).

Поэт обращается к характерам, наиболее действенно проявившим себя в драматических коллизиях эпохи, освещая злободневные вопросы выработки новой системы ценностей, объединяющей людей разных наций, сословий и религий. Более продуктивным для лирического героя является вопрос о программах и действиях алашординцев, почти до периода гласности официально признаваемых буржуазными националистами. В "Письме от отца" герой аналитически пытается разобраться в их партии, считает кризисной ее ценностно-мировоззренческую программу в многообразии социальных процессов:

Светик мой, светик,
Зачем тебе Орда?
Народ занят уборкой урожая.
У бая все в порядке,
Дети его дома,
Хозяйство не нарушено,
Словом, все, как было прежде...
А что есть у меня? Сивый конь
С потертой спиной.
Люди дразнят меня:
Мол, "сын у него в господах" (3).

Гораздо более резко очерчена проблема поиска героя в гендерной теме. В ней осмыслены новые концепты в переплетении со старыми идеями и традициями, синтез самопознания и самосознания личности. Гендерная тема - традиционная для казахской литературы. Своеобразное воплощение в ней получили мотивы любви, наказания, греха, искупления. Тема взаимоотношений мужчин и женщин, родителей и дочерей соотносится с темами изменений их жизни (произведения С. Торайгырова, С. Кубеева, М. Дулатова, М. Ауэзова, С. Муканова, Г. Мусрепова...), горьких размышлений героинь о трагичности и ненужности своего бытия,

растерявшихся, заблудившихся или умерших на жизненных дорогах (Камар, Жамал, Акбилек, Куникей, Аклимы, Акбалы, Акдидар и других). Женские образы в реалиях событий разработаны Б. Майлиным в манере своих предшественников, то есть философски, с точки зрения нравственности. В стихотворениях и рассказах “Джигит и девушка”, “Сбежавшая молодка”, “Зайкуль”, “Памятник Шуге”, “Жертва голода” поэт резко противопоставляет мужское и женское, материнское и отцовское, интересуясь нравственным уровнем героев. В узких рамках своего бытия героини стремятся прорваться к самоутверждению, протестовать против стереотипов в дисгармоничной реальности:

“Я испытала столько униженья,

Что впору умереть!”

Так говорила, плача, красавица,(6)

Но отец не поверил ей.

“Твой муж - сын бая,

Его отца почитает народ.

Ты одна во всем виновата” (4).

Каждый герой в поэзии Б. Майлина несет большую нагрузку, представляя определенные социальные интересы и тенденции общества. Поэт концентрирует внимание на процессе любви героинь, проводя параллели с социальными проблемами. В стихотворениях “Маржан”, “Канал”, “Один дастан у Досалы” и некоторых других, названных в критике “маленькими поэмами”, любовь является направляющей линией в их бытии. Однако она не создает целостность человека, разъединенного политически, социально, культурно от других людей. В стихотворении “Маржан” Б. Майлина интересует душевный строй героев, их отношение к миру. В нем в поэтической форме повествуется о безвинно погибшем от нукеров бая пожилом батраке Таскаре. Сорок лет он прослужил верой и правдой баю Самалыку и был жестоко избит по его же приказу. По воле бая юная жена убиенного вновь выходит замуж за шестидесятилетнего мужчину, а ее возлюбленного, оклеветанного пастуха Салима, бросают в тюрьму, где он погибает. Тема бессилия женщины в казахском ауле рассматривается в повести “Памятник Шуге” (5). Определенные веками правила и обычаи существенны и для Шуги, дочери бая Есимбека, полюбившей бедного учителя Абдрахмана. Не выдержав разлуки с любимым, примирившаяся с судьбой, девушка погибает от тоски, от отсутствия дела и интереса к жизни. Суицидальное поведение женщин, вызванное утратой смысла жизни, отсутствием целей, чувства долга рассматривается Б. Майлиным, как и многими другими казахскими писателями в разработке гендерной темы, как нравственный выбор действия, который должен вызвать оценку в обществе. Образ казахской женщины дореволюционного аула в произведениях писателей во многом отличается от героинь мировой литературы. Она часто предстает не как

символ спасения, ангел - хранитель мужчины или его верная спутница жизни, а бесправной, безвольной, безликой рабыней перед силами семьи, социальных предрассудков, которая через свою гибель или гибель близких и родных людей проявляет негодование против утратившего душу аула. В обществе, воспроизведенном Б. Майлиным, нет и намек на веру в Бога как высшей нравственной ценности, на дружелюбие окружения. Идея свободы человека, провозглашенная писателем, заключена в его неповторимом опыте, в вере только в самого себя. В постановке вопросов об освобождении человека от стереотипов мышления, от идеологических установок Б. Майлин исходит из веяний своего времени и схемы новой литературы. Его свободный герой - личность, преодолевающая идейную трансформацию, отрицающая религию и в историческом развитии направленная на социалистическое переустройство города и деревни. Образцом новой модели поведения женщины в гендерной теме становится коммунистка Раушан из одноименного рассказа и повести (6), жена, мать, труженица. Ее утверждение как личности происходит, прежде всего, в труде, в общественной работе, несущими добро и преобразование действительности. В образе Раушан выражено соответствие женщины современному идеалу, когда отстаиваются права не только за женское счастье и свободу, но и за экономическое, и за духовное развитие общества. Воспитательная повесть идейно связана с рассказом "Волостная Культай", написанном в середине 20-х годов, а также с повестью "Берен", повествующих о казахской женщине как о мудром и энергичном лидере аула. В романе о казахской интеллигенции ("Азамат Азаматович") образ девушки Гайши представляет культурного героя нового времени, неразрывно связанного с событиями своей страны.

Увлеченный материализмом, Б. Майлин в своем творчестве высшей нравственной ценностью провозглашает труд как мерило достоинства человека. "Сверхчеловеком" у него является человек труда послеоктябрьской эпохи, представляющий собой "совокупность отношений" в практической деятельности. Отсюда, как и в русской пролетарской поэзии, исходят мотивы отрицания религии, высмеивание ее проповедников в его многожанровых произведениях, где все устраивается без Бога. Носителем новых идей благородства, милосердия, свободы становится образ представителя народа. Батрак Мыркымбай, живший в нужде, покорный баю, прозревает под влиянием революционных перемен, начинает ощущать себя равноправным в обществе человеком:

Но, пегий мой конек,
Смотри - какой денек!
Пусть мы с тобой слабы,
Засеем поле в срок,
Но, но!

В ауле там
Настал курбан-мейрам.
Но ты - худой,
В байге
Не отличиться нам.
Пусть буду ввергнут в ад,
Где грешники горят.
Ад мне мулла сулил,
Не получив награда (7).

Пер. И. Законова

Поэт использует иронию, юмор и сатиру в изображении сметливого, не поддающегося трудностям, простодушного героя из народа, беззлобно смеющегося над баями, муллами и бедняками, разъединенными сословными атрибутами. Его образ является собирательным, отражающим новое мировоззрение казахской бедноты, впервые приобщившейся к современной цивилизации которая в бою добывает свободу. Перестройку собственной жизни он неразрывно связывает с приметам нового времени, с изменениями во внутренней и внешней политике казахского аула. В сатирическом стихотворении “Мы - Ибраи... Я - Ибраи” поэт показывает социальные смещения и реформированного перестройкой общества человека, носителя нового характера:

Раньше было:
- Эй, кто вы?
Из какого края?...
- Мы - Ибраи! ...
Выборы вели -
Непокорных умирили,
Их аулы разорили
И смели с лица земли!
Мы властители - что надо:
Непокорен - запорю!
На груди у нас награды -
Верно служим мы царю!...
А теперь:
- Вы кто?
- Ибраи...
- М-да...откуда ж и куда?
На тот свет из нарсуда! ...
Бывший раб мой
Подавал в суд:

- Плату требует за труд!
- Плату?...Сколько ж?
- Десять тысяч! ...
- Какова ж твоя казна?
- Да осталась лишь... жена!
- Где ж награды, ордена?
- Ох, не те, брат, времена...
- Как же быть теперь, Ибрай?
- Умереть бы!
- Умирай! (8).

Пер. И. Законова

Герои, некогда молчаливые, прозябавшие под социальным гнетом, в новых обстоятельствах - это индивиды, имеющие свое место в обществе. За идеями и образами метода социалистического реализма Майлин выразил свое понимание философии жизни с отчетливыми для него очертаниями картины мира. Идеальным жанром для раскрытия разных сторон общества для него оказался фельетон, в котором проявляются модернистские тенденции: неприятие отдельных недостатков в поступках людей и в общественных ситуациях, несмотря на то, что советская действительность воспринимается писателем в целом как близкая к идеальности. В фельетонах “Сойканды содырлар”, “Кесиндилер”, комедии “Распорядок Талтанбая” и т.д. сатирически показана дисгармония общества, проповедующего равноправие, свободу, демократию, и в то же время несвободного от стяжательства, лицемерия, показухи, чванства и лжи.

Б. Майлин - один из мастеров прозы и публицистики. Более того, он - общепризнанный создатель жанра рассказа. “Лучшие образцы казахских рассказов представлены в наследии Беимбета. Можно сделать обобщение, что многие произведения Беимбета являются художественной летописью казахского аула в советскую эпоху с первых лет после Октября до середины 30-х годов”, - писал Мухтар Ауэзов (9). В рассказах “15 дворов”, “Пестрая шуба”, “Первый урок”, “У подножия Коктерека”, “Черное ведро”, “Семья красноармейца”..., в первой книге казахских очерков “Из поездок по гигантам” писатель выделяет важные понятия нового времени: революции, классовой борьбы, раскулачивания, религии, образования, культуры, медицины, сельского хозяйства и многие другие. В его толковании современность означает смысл действия в истории. Учитывая традиции русской и мировой драматургии (Н.Гоголя, Л.Толстого, А.Чехова, А. Горького), на которую опирались казахские драматурги (М.Ауэзов, О.Оспанов, А.Токмагамбетов, Ж. Тлепбергенов ...), Б. Майлин делает попытку

выразить новые горизонты истории, открывающие прогрессивные перспективы. Новая казахская история мыслима лишь с учетом различных контекстов, во взаимодействии народов и культур. В комедиях, водевилях, скетчах “Каламкас”, “Обманутый”, “Мулла шаншар”, “Аульная школа”, “Очки” сатирически выражаются представления о человеке, направившего все свои силы на служение материальным потребностям, тем самым движущегося ко злу и разрушению. В драмах Б. Майлина психологизм соединен с моралистичностью в выборе определенных тем и персонажей, что делает его драматургию несколько назидательной. Обратившись к событиям казахского национально-освободительного восстания 1916 года, Октябрьской и Февральской революций, гражданской войны, коллективизации сельского хозяйства и другим, Б. Майлин в пьесах “Фронт” (“Майдан”), “Наши джигиты” (“Наши ребята”), “Жалбыр”, “Шуга” и т.д. подчеркивает те моменты в сюжетных линиях, свидетельствующие о том, что народ динамично выходит за пределы вековых отечественных традиций, создает новые ценности, повлиявшие на его мировоззрение и бытие. В пьесе “Амангельды” (10), написанной совместно с Г. Мусреповым, рассматриваются поиски преобразования казахского аула в восстании повстанцев-сарбазов Тургайской степи. Здесь отражены размышления и действия исторически реальных лиц под их подлинными именами: Алибия Джангильдина, Ахмета Байтурсынова, Миржакипа Дулатова... Основные сюжетные линии изменены и доработаны в пьесе “Герой-большевик Амангельды” (11), на основе которой совместно с русским писателем Вс. Ивановым написан сценарий кинофильма. В основу пьесы “Жалбыр” (12) положен исторический факт - налет бедняков под предводительством Жалбыра Кудайбергенова на байский аул, где происходит линчевание бая и волостных. В пьесе “Наши джигиты” (13) драматург раскрывает развитие самосознания отдельной личности, пытающейся разобраться в расколе между красными и белыми, в самом классовом патриотизме и большевистском режиме. Драматург выражает понимание сути личности как растворения в коллективе, таким образом решая тему ее ответственности за поступки, за всю земную реальность.

Беимбет Майлин в творчестве следовал идеологии своей страны и методологии социалистического реализма в отражении массового, идейного героя, видел положительные образы в перспективе классового сознания и новой власти. В многомерности событийных линий жизни его персонаж действует с заранее заданным авторским планом, в котором актуализируются злободневные темы.

Мастер советской литературы, поведавший человечеству о казахском обществе разного времени, преданно любивший страну Советов и искренне веривший в ее порядок и справедливость, Б. Майлин расплачивается за это душевной мукой и жизнью. В страшные 30-е годы, в эпоху торжества тоталитаризма, его сажают в тюрьму по ложному обвинению в измене родине. 26 февраля 1938 года Беимбет Майлин, проповедник величия человека, был расстрелян как враг народа.

Салима Акашева

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ
ИЗБРАННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ
1. ТҰРМЫС ТА УҚЫМЕТІНЕ АШЫНУ

МҰҚТАЖДЫҚ

Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой!
Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой!
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,
Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой.

Тоқтау салып кейін қарай тартасың,
Жас талапқа бір ауырлық артасың.
Сөндіресің жалындаған жүрегін,
Түбін қағып, жел гулетіп қалтасын.

Жазы, қысы бір ақша деп зарлайды,
Жатса-тұрса бұл есінен қалмайды;
Шарасыздық күнге ұшырап байғұстар,
Садаға үшін жанын байға жалдайды.

Алты айғы жаз бала оқытып бір байға.
Бұл кәсібі келсе егер ыңғайға;
Жарлымын деп және қарап тұрмайды,
Хақтан қорқар ұлтқа қызмет қылмауға.

Бір қызмет қылайын деп ойланып,
Бұл туралы шын ниетті бойға алып!
Жайраң қағып шықса - дағы мұқтаждық
Жібермейді түп етектен байланып.

“Әй, мұқтаждық, қайтейін!” – деп қайғырып.
“Керегімді бермедің” деп сай қылып,
Жігері құм болғаннан соң тоқтайды,
Бойындағы талабынан айырылып.

1913 ж., 5 сентябрь

ҚАРА КҮН

Не пайда тірліктен! Қайғы басса!
Аш қорқып, жүрек жұлқып, ұйқы қашса.
Түн қылып жарық күнді перде тартып,
Жасаған көп қайғының кілтін ашса!

Зар еңіреп жан біткендер жыбырланып,
Арылмай уайым-қайғы шектен асса.
Тұл болып алтын айдар, ақ арулар
Тапалып, теңдік тимей жатса аста.

Жойылып елі-жері, қолы босап,
Ем қонбас, қалың елді басса хаста.
Есіркеп қарайтын жан табылмаса,
Көздегі парлап аққан қанды жасқа.

Ес кетіп, жүз сарғайып, көз қарайып,
“Қара күн” бұл секілді түсті басқа.
Табылмас бұл жалғаннан рахат-тұрмыс,
Керек би, керек болыс, керек патша!...

1917 ж.

КЕДЕЙ

Кұл болдың жастан,
Қызмет қып байға.
Бейнетің бастан
Арылу қайда!
Алған ақың,
Киімге жетпей,
Бала, қатын
Тентіретпей
Қоя ма сені...
Көндің, жүрдің.
Күні, түні
Қызмет қылдың,
Кедейлігінді
Құдайдан көрдің.
Не бар еңбегінді
Байға қылдың.

Өзіңе дым жоқ,
Аш, жалаңаш.
Жалдар ең қол қып,
Әй, бала жас!..

Кедей, түсін!
Бөтеннен көрме
Не бар күшің
Кеткен желге.
Байсыз өлмейсің,
Кәсіп қыл, тырыс.
Құлдықты көрмейсің,
Істе жұмыс.
Нең бар байда?
Жаныңды сатып.
Еңбек қыл, әйда,
Бұрқыратып!

Өзің үшін тырбансаң,
Бәрі-дағы табылар.
Құл боп байға жалдансаң,
Қатын-балаң зар жылар...

1921 ж.

КЕДЕЙГЕ

Сенің зарын — зарлайтыным өмірде,
Сенің арың — арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін,
Белді буған ауырға да, жеңілге.

Сен жыласаң — көзден жасым тамшылар,
Сен қуансаң — қайғы, шерім аршылар.
Айт өлеңді ең даланы жаңғыртып,
Қойшы-қолаң, кеше жүрген малшылар!

Қамысты өзен, құрақты көл, ең дала,
Құсы шулап, мал қыбырлап ел-дала...
Лагнет оқып бәріне де қол сілтеп,
Өміріне селт етіп пе ең, бейшара!

Қан боп қатқан, жаралы еді жүрегің,
Құрт жегендей кептің, сөмдің, жүдедің.
Таң алдында, шырт ұйқыда жатқанда,
Сен жылаушы ең, жүгірүші ең, білемін!

Жалба-жұлба ерді алып торыңа,-
Бір шабан мал тап болғандай сорыңа.
“Кіш-кіштеуші” ең көзге ұйқың тығылып,
Құрықшанды іліп алып қарыңа.

Құба жонға, шығып алып белеске,
Рахаттағы түскен кезде ел еске;
Мұнды әндерге салмайтын ба ең зарлантып,
Аттан түсіп, шарт жүгініп белесте...

Ащы даусың кетпеп пе еді алысқа,
Бой жеңдіріп ыза аралас намысқа.
Жас жүрегі тырнамап па еді лобылтып,
Тезек теріп жүрген күңнің алыста.

Екі жақта зарланып ең екеуің,
Сезініп ең бір жарық күн жетерін.
Бостандықты алғаныңда қай түрде,
Айта берсем, тым ұзаққа кетемін.

Жылай-жылай қолың жетті теңдікке,
Кім салады енді сені кемдікке?!
Бүгінгі күн шын қуанар мейрамың,
Салшы әнді бойың жазып кеңдікте!

Ащы даусың ен даланы күңрентсін,
Ащы қайғы көңілдегі кір кетсін,
Шын қаһарман жұбайынан айрылып,
“Қалқам” деген ауру көңілін тербетсін!

Сен жыласаң — көзден жасым тамшылар,
Сен қуансаң — қайғы-шерім аршылар.
Айт өленді ен даланы жаңғыртып,
Қойшы-қолаң, кеше жүрген малшылар!..

МЫРҚЫМБАЙ

Мырқымбай! Мырқымбай! Мырқымбай!..
Бай, бай, бай, бай!
Жүрмейсің жәй. Нең бар еді?..
Әй, құдай-ай!..

Ауылнайды боқтапсың,
Шаршап зорға тоқтапсың,
Несиеден қорқып
Сары атты сатпапсың.
Бай, бай, бай, бай!
Жарым ес-ай!
Құның ба еді
Бір шолақ тай?!

Алдағыны ойласаң қайтеді?
Ақылыңа бір бойласаң қайтеді?
Атқа мінген адам ғой деп,
Жетегіне байласаң қайтеді?!

Енді өшікті,
Боқтауынды есітті,
Шауып алудан тайынбас -
Түріп қойып есікті.

“Малын жасырды” деп,
“Егіні басылды” деп,
“Налок” дей ме, “мәлок” дей ме,
Әй, қатырды ғой басымды кеп...

Енді ныққа мінді...
Сорлы-ай, мұнша жынды
Болармысың?..
Алмайсың бір тілді...

Айтпаушы ма ем:
Әкімдермен
Жақын бол!-деп...
- Әке-ау, мұның нең?

Ауылнай құдай ме ед?
Әкімді құдай деп,
Шұлғимыз да отырамыз ба?
- Кет, ит, кет!..

- Жатыры оңбаған!
Қайдан тартайын деп ең, сен маған?!
Нағашың Ыбырай ғой,
Қарысудан танбаған...
Бар, шақырып кел!
Сары атты бер!
Қол қусырып, аяғына жығылсаң,
Ашуын тастадым дер!
- Бара алмаймын,
Оған пенде бола алмаймын!
Тентіретіп жіберсең де,
Бұл тіліңді ала алмаймын!..
- Мырқымбай, Мырқымбай, Мырқымбай!..
Бай, бай, бай, ит-ай!
Күйдіріп-ақ болдың-ау!
Әй, құдай-ай!..

Жынды бала бергенше,
Мұның жүзін көргенше,
Қу бас болған көп артық қой,
Құр күйікпен өлгенше.
- Мырқымбай, Мырқымбай, Мырқымбай!..
Бай, бай, бай, ит-ай!
Тірі өлтірдің-ау,
Әй, құдай-ай!..

1922 ж., Орынбор

КЕДЕЙ ТЕНДІГІ

1917 жыл, ноябрьдің іші, ел арасында жүріп Қауқымбайдың үйіне кездейсоқ болып қонғам. Менімен бірге дуаннан келе жатып Тәңірберген де қонған. Шам жаға шайды алып келді. Біз бай, бәйбіше, мырзамен бір дастарқандамыз. Самауырынның есік жағына кірлі майлық орамалды жайып жіберіп, үсті басы далба-дұлба, бір жігіт отыра кетті. Шоқпақ бұжыр қара, қолы тілім-тілім жарық, байдың малайы екенін адам айтпай-ақ, пішінінен, отырыс-тұрысынан білетін.

Бізге өзінің байлығын, малай ұстайтындығын білгізгісі келді білем, Қауқымбай бай көтеріліңкіреп қойып:

- Әлгі өгіздерді байладың ба? - деді.

Бәйбіше байдың сөзін көтермелейін дегендей:

- Қыс болса жақындап келеді, тезек жанындағы жалаңның шомын дұрыстау керек еді, сүмендеп қыдырумен-ақ ұзақ күнді кеш қылады, - деп ілді.

- Сүмендеп қайда бардым, - деп есік жақтағы жігіт күнк ете қалды.

Бай мен бәйбішенің екі аралығында отырған мырза күлімсіреп:

- Балалармен доп ойнағаны болмаса, ешқайда барған жоқ, - деп кетті.

Ата-енесінің, байының ізінен шығайын деген секілденіп келіншек:

- Жұмысының көптігінен ағаш жарып беруді де қойды, бүгін шайға суды әкелдім, - деп бір түйреп өтті.

Айыбын мойнына алған секілденіп жігіт үндемеген соң, сөзді соза беруді лайық көрмеді білем, бай кеңесті екіншіге аударды:

- Тәңірберген, сөйлей отыр, дуанда не хабар бар екен?

- Мен хабарын білем бе, апарған бір-екі қойымды сатып қайтқанша асықтым... Дуанда бұрынғы күй жоқ. Қауіп-қатер күшті. Әлгі екі торы ат жегіп меліш сата беретін Сани дейтін ноғайды көріп едім, сол айтып отырды: “большевик деген келе жатыр, байдың малын тартып алып кедейлерге береді екен; менікі, сенікі деу болмай, не бар мүлікті ортаға салады екен...” - деп, өзі көп болса керек, ішкі қалалардан шыққан дейді ғой...

- Естіп едім, түнде Рахмет қонып кетіп еді, - деді бай, жүзінде біртүрлі мысқыл аралас күлкі пайда болған секілденді.

Хабарына байдың ренжімегенін білген соң Тәңірберген соза берді.

- Оқыған мына Кәрімдер білмесе, біз қайдан білейік, өзін түрмеде жатқан кілең бір бұзықтар дейді ғой, патша түскен соң босанған білем.

“Кәрімдер білмесе...” дегенде мырзаның көңіліне “білем” түсіп кетіп, білетіндігін Тәңірбергенге сездірейін дегендей бейнелеп айтуға кірісті.

- Ылғи ақшаға жалданған құл-құтандар ғой. Мына Бұқабайға ақша беріп, біреуді өлтір десең, өлтірмес пе? Жаңа биліктің бәрін кедейлерге алып берем деген соң, өңкей малайлардың құтырып жүргенін көрмейсің бе? Бәрі бір әурешілік қой, күні ертең жойылады...

- Біздің Бұқабай ауылнай болады екен ғой,-деп келіншек мысқылдап күлді.

- Болса, қайтер дейсің, - деп Бұқабай, көрінген жерге мөрін тастап кететін Сарыбайдың баласы құрлы бола алмас дейсің бе?!

1922 жылы, май ішінде, жол үстінде Бұқабай кез бола кетті. Жаяу,

үстінде шокпыт-шокпыт шапаны бар, иығында жамаулы қап.

- Бұқабай, жол болсын!

- Ауылнайдың аулына барам. Қазынадан ұн келген екен, өзім барып алмасам, көрінген жеп қойып, бос қалатынмын. Биыл тұқым келгенде аштықтың әлегінен жүре алмай, бара алмап ем, маған тиісті тарыны Кәрім бермей кетті, - деді.

Жүзі ашаң, сүзектен тұрған адам секілді. Кішкене түрекеліп тұрып сөйлескенді көтере алмай, жерге отырып демін алды. Мен бастан-аяқ жайын сұраған соң, байдың өзін қуып шыққандығын, қатынымен екеуі алты айғы қыс тілек тілеп, ит, мысықты жеп күн көргендігін айтты.

- Жаз жетті, енді өлмеспіз. Байдың соқасын айдап бір жер тары салдым, тірі болсақ күн көреміз де, - деді.

* * *

Сол жылы қырман үстінде Бұқабайға тағы кездестім. Аз ғана тарысын күрекпен ұшырып жатыр екен.

- Қырман тасысын!

- Айтсын, тасығаннан ұраға сыймай бәрі нәлокке кетейін деп жатыр, - деп Бұқабай күлді.

Сұрастыра келсем, ауылнай тұқымды бөлгенде мұның мойнына екі пұт тары жазып, екі жер салды деп қойыпты.

- Маған деген тарыны Кәрім алып кетті. Қатыннан келген жалғыз алашаны қысты күні ашыққанда сатпай сақтап едім, соған жарты пұт тары алып сеуіп едім, - енді, мынау, бәрі нәлокке кетейін деп отыр... бірақ, әйтеуір елде бар ғой, қайыр сұрасақ та өлмеспіз, - деді.

Бар тарысы нәлокке кетіп ашығатын болса да, нәлокті шығарған үкіметке ренжу сөз айтпады.

- Кедейді теңгереді дегенге мәзбіз, қашан теңелгенше де байлар жанды шығарып болатын шығар, - деп күрегін алып жұмысына кірісті.

* * *

1923 жылы, октябрь ішінде 4 - ауылдық сайлауына кездестім. Жиналған жұрттың байынан кедей ден. Үйдің ортасында бір салқам столға қағазын салып, мұрны үлкендеу бір қара сұр жігіт отырды.

- Жолдастар! Мені сайлау басқару үшін үкімет жіберді. Сіздерді сайлауға жиып отырмыз. Сондықтан бұл мәжілісті басқаруға президиум сайлауларыңызды өтінем, - деді столдағы қара сұр жігіт.

Жағалай отырған жұрт түсіне алмай біріне-бірі қарады.

- Шырағым, “презден” дегенің не нәрсе?

- Президиум деп мәжілісті басқаратын адамдарды айтады және естеріңізде болсын, мәжілісте кілең кедейлер. Бәйбіше де, бай да Бұқабайға тесе қарады.

- Дәмесінің зорын!

- Мырза, маған сөз бересіз бе? - деді Бұқабай.

- Айта қойыңыз.

- Айтсам, біздің ішімізде пәлен жыл мені құлданып отын, суын тасытқан Қауқымбайдың мырзасы Кәрім отыр. Николай заманында бірнеше жыл ауылнай болған. Мүмкін болса сол мырзаның арамыздан шыққанын тілер едім.

-Әбден дұрыс, Қауқымбаев кім? Өкшеңізді көтеріңіз, - деді нұсқаушы.

Орта бойлы келген семіздеу қара жігіт жүзі құбылып үйден шығып кетті, отырған жұрт біріне бірі қарап жымьдасып мәз болып қалды.

- Қане, мәжіліс басқаратын адамдарың кім?

- Бұқабай болсын!

- Бұқабай!

- Бұқабай!

Жұрт шу ете түсті.

Нұсқаушы көп сөйледі. Басқа мәселелер бітіп сайлау басталды. Бұқабай өзін өзі ұстай алмады сөзге кірісті.

- Мына жігіттің сөзін естіп отырсыздар, істің кілті өзіміздің қолда көрінеді ғой. Үкіметтің бұл берген теңдігінен пайдалануымыз керек. Бүйтіп санға кіріп жиылыс басқарамын деу өңімде көремін деген ісім емес еді. Өздерің де білесіңдер, жаңағы Кәрім мырза маған не қылмап еді? Бес жасымда әке-шешемнен кетіп қалып, соның есігіне кіргеннен отызға дейін құлдығында болдым. Сол өмірімнің ішінде не жарытып ақы алғаным жоқ, не алда разы болсын жоқ, ылғи боқтау, соғумен келді. Басқасын қайтейін, былтырғы ашаршылық жылы қаңғытып жіберді-ау... оның үстіне тұқымды жеп қойып, салығын маған тартқызды. Айта берсем ісі көп, оны өздерің де білесіңдер; ендігі менің айтатыным “ауылнайлыққа кедейдің пайдасын қарастырған, кедейге жаны ашитын адамды сайлай көріндер, - деп Бұқабай тоқтады.

- Сені сайлаймыз.

- Бұқабай ауылнай!

- Ауылнай!

- Ауылнай!

- Тоқтандар, дауысқа салайық, - деді нұсқаушы.

- Дауысқа салсаң да, салмасаң да ауылнай, ауылнай!

- Жасасын, кедей теңдігі! - деді біреу.

- Жасасын, кедей теңдігі!

1923 ж.

2. АЛАШОРДАҒА ҚОЛ СОЗУ АЛАШОРДАҒА

1

Бірлік қылсаң алашым,
Ілгері қарай басасың.
Қол ұстасып ұмтылсаң,
Қатар жұрттан асасың.
Атағын мәңгі қалдырып,
Жасасын алаш, жасасын!

2

Бұл күнді де күн бар екен көретін,
Жасты иіп, тілекті Алла беретін.
Жаны ашып жол бастаған жастарға
Ақыл тілеген азаматтар еретін.

О баста зоры осы ғой тілектің,
Зарлайтыны қайғы басып жүректің,
Аруақ жар боп, атқа мініп қамданды,
Демей алаш әлім бітіп жүдейін.

Құтты болсын, алаш ұлы, теңдігің,
Көп жыл жүріп қолға түскен едігің
Атқа мініп, ұраныңды шақырып,
Бірлік үшін басты қосқан елдігің.

Зор қуаныш төгілді алтын ордаңда,
Саф азамат бағына керек қорғауға.
Елдің жайын ойлағандар қамданар,
Болмайды ғой қамсыздарды зорлауға.

Жұрттың іші жұрт қозғалса гүлденер,
Қызыл-жасыл гүл бақшадай түр кірер.
Алалықты арадағы жойдырып,
Заман келді бірге тұрып, бір жүрер.
Алаш туын желпілдетіп қолға алып,
“Мынау жау” деп қаймықпай еш қорғанып,
Үрім-бұтақ, тәсіл-нәсіл бәріне

Кетiндершi бiтпейтiн бiр жол салып,
Жұртты сүйер ерлер шығып қол басы,
Саф азамат бағылан болып жолдасы.
Жарық сәуле ендiретiн қазаққа,
Мәңгi жылдар жасасын Алаш ордасы!

1918 ж.

ЕЛІМЕ

Елім-ай, бiр сен үшiн мiндiм атқа,
Көзден жем қылмаймыз деп ендi жатқа.
Көтерiп Алаш туын ұрандалық,
Қарамай шапқан қылыш, атқан оққа.
Күншiлдер iштен тынып үндей алмай,
Тұрмады сөйтсе дағы - күндей алмай...

1918 ж.

ЕЛГЕ ХАТ

Сен үшiп туып,
Белiмдi буып,
Кiрiстiм қызмет қылмаққа.
Далаға қонып,
Суыққа тоңып,
Жауынға қарсы тұрмаққа.
Жабдығың сенiң жүргенiм,
Мехнатқа осы кiргенiм.

Қорғаймын жаудан,
Құтқарам дауда,
Қорғалатпай мысықтан.
Бел будым келiп,
Жәрдемдi берiп,
Нақ кезiнде тұншыққан.
Бар ма тағы арманың,
Айтшы арманның қалғанын.

Қорықпа елiм!
Даңқыңды сенiң-
Шетке мықты жаярмын.
Алаштың ұлын,

Күшейтіп құнын,
Сүйреуге көкке даярмын.
Тілегіңнің бәрін де
Осындай жерде мәлімде.

Мен де кең жұртым!
Көркейсің ұлтың,
Тартыңбаңдар жәрдемнен.
Қазақ боп іс қыл,
Бірлікпен күш қыл,
Күнің осы әлденген.
Туа бермес мұндай кез,
Алалықтан енді без.

1918 ж.

3. ЖЕР ҮШІН ТАЛАС

БОЛҒАН ІС

1

Міне, сәуір жетті, жаз болды, күні кеше қалың қармен қапталып жатқан жер, өткір күннің көзіменен қар кетіп, қарайып жыбырлаған жанды жәндікке “жайылыңдар еркін, жеңдер қалаған шөптеріңді!” деген секілденді, суық қыстың ызғарымен жер өзінің түрі кеткендігін біліп, қарағанға көңілді қылу үшін ойын, қырын қызғалдақпен безей бастады. Алты айғы қыс жер үйде жатып, күн өткізген қазақ байғұстар да таза жерге шығып рахаттану үшін киіз үйлерін тігіп қырға шықты.

Күнде шомның басында тұратын Қажыбай ақсақал, бүгін үйі қырға шыққандықтан молдасын қасына ертіп, ауылдың қасындағы бір биіктеу жерге шығып отырып: “баяғыда біздің бала күнімізде ана жерлерде қала жоқ еді, анау көрінген қара қоғаның басында талай асық ойнап едік-ау” деп қысыр кеңеске кірді.

Міне, сол уақытта ауылдың шетінде: “қайдан әңгіме табылады” деп алаңдап тұрған Жанпейіс, молда мен байдың қырға шыққандығын көріп, қуанған кісідей-ақ, жүгіре басып жетіп келді.

Жанпейіс: - Ассалаумалайкум.

Қажыбай: - Әліксалам, аман ба, Жанпейіс?

Жанпейіс: - Шүкір, жақсы, мал-жан амандық па?

Қажыбай: - Жанпейіс, бүгін қайдан келдің?

Жанпейіс: - Қаладан, өткен сәрсенбіде барғанымда Андрей “Жексенбіге кел!” деп қалып еді. Неге шақырды деп барсам, кәдімгі

Андрей, барған соң-ақ өзімді айналдырып, “тамыр-тамыр” деп шайын қайнатып, сыйлап: “бидай шабуға азырақ жер керек еді, сізден жер табылар ма?” - деп құлаққағыс қылған соң, дәулеті бар адам ғой, зияны тимес деп төрт-бес жер бердім. Одан шығып қайтып келе жатқанымда...дей бергенде Қажыбай ақсақал сөзін бөліп: - Сені бір ат алды деп естідім, жерге алдың ба, ақшаға ма? - деп сұрады.

Жанпейіс: - Жерге алдым. Түнеу күні барғанда 40 жерді өз аузынан сұрап тұр еді, соны бүгін 38 жерге әкелдім.

Қажыбай: - Жарайды, жерге алған нәрсенің қымбаттығы жоқ, бірақ, Жанпейіс, сен бұрын да жер саттың, бәріне жерің толар ма екен?!

Жанпейіс: - Күн ерте ғой әлі, есебін табармын, не бәрі 70-ақ жер.

Қажыбай: - Сен Жанпейіс, ертең қалаға барсаң, жайлау жақта менің 40-50 десятинадай жерім бар, соны ептеп орысқа өткізе аларсың ба?-деді.

Жанпейіс: - Әбден болады, жер алатын орыс көп, мен өткізермін, - деп кеудесін көтеріңкіреп қойды.

Бұл екеуінің сөйлесіп отырған сөздерін жандарында тыңдап отырған молда жаратпаған қияпатта бір күрсініп: - Бай, бұл жер сатқандарыңыз қалай? Жакең болса жарлымын деп сатады, сіздің құдайға шүкір, жақсы дәулетіңіз де бар, жайлаудағы жерді саттырайын деп отырсыз, күні ертең өздеріңіз көшіп барсаңыздар, малдарыңызды ұстап күнде потраба қылмай ма?”- деді.

Жайбарақат сөйлесіп отырғанда жандарында отырған молданың кенеттен айтқан бұл ақылы Қажыбай ақсақалға ұнап кетпеді, ішінен: “мұның да ақыл үйреткісі келеді”, - деп қойды.

Жанпейіс және бір сөз бастай берейін дегенде, бір бала келіп: “Ата, шай пісті” деген соң орындарынан тұрып тарады.

2

Мамырдың ішіндегі жылы күндердің бірінде бай қолына таяғын алып, қотанда жатқан қойын аралап жүргенде, соқашы жағынан шабуылдаған бір салт атты кісі көрінді: “Мезгілсіз уақытта шабуылдап жүрген бұл кім өзі?”- деп тұрғанында ол кісі Жанпейістің інісі болып шықты.

Қатты келген бойымен сәлемді де ұмытып: “Ағайды Меколай ұрып жатыр, соған сізден ақша сұрай келдім”, - дейді.

Қажыбай: - Меколай кім? Не қылған ақша?

Кісі: - Меколай түнеу күні бізге атын сатқан орыс, сол ағам “Жерімді толықтырып бер, болмаса ақшамды бер!” –деп қысым қылып жатыр. Соған сізден 20 сом ақша сұрап әкел деп жіберді, -дейді.

Белгілі, бұл ақша деген сөздің байға ұнамсыз тиетіндігі, бір тиынды бір сом орнына жұмсайтуғын кісіге қолақпандай қылып 20 сомды Жанпейіске беру оңай ма? Түсі бұзылып, ашуланып: “Сендерге жер сатқызған мен емес, жерді жеткізе алмастарың бар, неге саттыңдар? Беретін ақшам жоқ, тарт!”- деп ақырып, зәре-құты қалмай тұрған жазғанның бұрынғыдан жаман зәресін алып қоя берді.

Ал енді соқашыға келсек, күні кеше күрең атына мініп алып, былғақтап, көрінгенге “Жер алмайсың ба?” деп жүрген Жанпейіс, бүгін қақпанға түскен қасқырдай екі көзі жайнап, тамырының берген “сыйының” күштілігімен есінен де танып еді, басына нендей уақиға келгендігін білмей меңіреу адамға ұқсап тұрғанында, інісінің шауып келіп: “ақша жоқ” деген сөзіне шошып кетіп, ұйқысынан оянған адамша көзін ашты.

Енді не қылмақ керек? Басқа ақша табылардай орын жоқ, амалсыздан тамырына: “Меколай, күнде көріп жүрген таныс адамбыз ғой, мені қинама, соқаның алдымен салған екі жер бидайым (осы күнде көктеп те қалған) бар, соны алып біт” деп жалынды. Бұл сөз Меколайдың басында-ақ ойында болғандықтан бір ауыз сөз де айтпай, жерді алып бітісіп, қаласына қайтты. “Ауырып жазылған жан олжа, жоғалып табылған мал олжа” дегендей-ақ Жанпейіс мырза Меколайдан өлмей қалғанына қуанса да, Қажыбай ақсақалдың 20 сом ақша бермегеніне көңілі қатты ренжіді. Қалай ренжімесін?! Жанпейістің қылған қызметінің ұшы-қиыры жоқ, баласы ауылнай боларда: “Әйтеуір ауылдағы бір мырзамыз ғой” деп штат уақытында ауылдан ауылға шауып, көрінген кісіге бас иіп, жалынып, “шар” салынғанша бір мырза үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Оның бер жағында қырық-елу десятиналап жерін де сатып берді. Міне, бұл қызметін Жанпейіс өзі де ішінен ойлап-ойлап: “қой, бұл Қажыбай жақсылық қылғанды білмейді, амандық болып, ел жайлауға барғанда, орыстың егініне жылқысын бір айдап түсірсем, кегім бітер” деп кіжініп, күрең атына мініп алып ауылына жөнелді.

3

Жоғарыдағы айтылып келе жатқан Қажыбай ақсақалдың аулы жайлауға барып, Қос тұмарына қонғанына ай жарымдай болып еді. Кеше кешке бай бәйбішесіне: (ауыл маңайы тозған сон) “көшу керек еді, ауыл маңайында ат арқандайтын да қылтанақ жоқ, ьәм орыстың егіні де жақын, аман-есен тұрғанда жаңа жұртқа қонған дұрыс болар” деп кеңесіп отырып қымызды көбірек ішіп жібергендіктен, бүгін сәске түске дейін ұйықтап, жаңа ғана оянып, маужырап жатқанында дүрсілдеген аттың дыбысы білінді. “Бұл не қылған дүрсіл?” дегенше болмады, жылқышы жетіп келіп: “Жылқыны бай орыс айдап кетті” деп хабар берді. Тамақтың

күштілігінен көп ұйықтап, ұйқысын аша алмай жатқан байды “жылқы жоқ” деген хабар секіртіп тұрғызды.

Бай: - Қайдағы егінге түсті?

Жылқышы: - Жалтыр көлдің басындағы өзіңнің сатқан жеріңе!

Бай: - Япырым-ай, шырағым, бір күнше ұйықтамай-ақ қойсаң болмай ма?! Бүгін өзіміз де көшейік деп отыр едік, не қылса да зор шығын болды ғой, жылдам ат әкеліп жексін! – деп молдаға кісі жіберді. Жаңа ғана тұрып, баласына сабақ беріп отырған молда байдың бұйрығын орнына келтіру үшін баланы тастап тысқа шықты. Даяр тұрған атты жегіп, бір-екі меске қымыз толтырып алып, бай мен молда қалаға асты.

Бұл байдың жылқысын ұстаған қаладағы бір осал орыс болмағандықтан, сарша тамыз ыстықта күнге күйіп келіп тұрған байды онша елей қоймады, “шығыным көп, үш жүз сом беріп малыңды әкет!” дегенді шығарды. “...Өзіміздің жерге салынған егін ғой, тым теріс кетпес, 20-30 соммен бітер” деп келген бай, үш жүз сомды есіткен соң есінен тануға жақындады, қымыз беріп сыйлап, “тамыр-тамыр” деп жалынғанмен де жөнге келмеді. Енді не қылмақ керек? Амалсыздан қос атпен приставқа шапты. Ол екі арада төрт-бес күн өтіп кеткендіктен қамауда тұрған жылқы аштыққа шыдай алмай бұралып, екі ту бие, бір ат өлді. Қалған жылқысын келген пристав аман-есен алып берді. Мінеки, Қажыбай ақсақал жер сатуды әуес көргендіктен бе, болмаса, бес-он тиын болса да пайда қылып қалайын дегендіктен бе, әйтеуір жайлаудағы бос жерді сатамын деп, “бес тиын қоян, он тиын зиян” дегеннің кебіне ұшырады.

1915 ж. (“Айқап”. № 10).

“КЕҢ АТЫЗДЫҢ” ТАЛАСЫ”

(Әңгіме үзіні)

Жылқысын күзетіп, “Кең атызға” қарай айдатып салып, маң-маң басып Жәкең үйіне қарай келе жатыр еді, артында көтергені бар, сып-сида киінген біреу бір бүйірлеп келіп жанына тұра қалды. Ауылнай екен.

- Сізге бір хат бар еді, соны тапсыра кетейін деп едім, — деп қойынға қолды салып жіберіп, уқаланған көк конвертті Жәкеңе ұстата берді. Жәкең қолына ұстап үріккен адамдай одырайып, бір олай, бір бұлай аударып қарады.

- Мұның не өзі?

- Поштадан келген хат қой.

- Е... Тәңірбергеннің хаты екен ғой. Не айтыпты?
- Оқығам жоқ.
- Үйге жүр, қымыз іш.
- Жоқ, асығыс едім.

Жәкең екінші қайтарып сөз айтқанша, ауылнай атты борбайға бір салып жөнеп те кетті.

Жалғыз бұл емес, Жәкең дегенде ауылнайда бір мінез бар. Бұрынғы ауылнайлар секілді есіткен-білгенін айтып жалбаңдамайды. Үлкен шаңырақ қой деп өткен-кеткенде түсіп дәм ауыз тиюді де білмейді. Өздігінен келу түгіл, шақырғанда да елеп келе қоюы сирек. Әппақ сақалымен “қымыз іш” дегенде түсіп іше қойса қайтеді екен? Апырмау, бұл шіркіндер не болып кетер екен? — деп кейде Жәкең ұзақ ойға да шомады.

Тәңірберген Жәкеңнің оқудағы баласы. Бұрын бала оқытпай да күн көргеміз деп көкірек керіп жүрсе де, соңғы кезде оқыған жастар іс басына іліккенін көрген соң, Жәкең де Тәңірбергенді оқуға беріп еді. Былтыр, кім екені белгісіз, бес жүз жылқысы бар бай баласы деп Тәңірбергеннің үстінен арыз беріп, оқу бөлімі шығарып тастай жаздаған. Жәкең сасып, “кедейлігіне” ауылнайдан қағаз алмақшы болғанда, сонда да осы ауылнай қарысып маңына жуытпаған.

Тәңірберген — Жәкеңнің өзіне тартқан баласы. Дүние талқан болса да, әке жолынан таяр емес. Әкесінің тілегін орындау үшін оқып жүрген бала. Қалада жатып оқта-санда хат жазады. Хат жазғанда амандықтан кейін айтатыны болып жатқан түрлі өзгерістер, қандай жаңалықтарға қандай шара қолдану керек — сол туралы өзінің ойын жазып жіберетін. Тәңірбергеннің айтқанын мүлт қылмастан Жәкең орындап отыратын.

Ауылнайға кіжінсе де, қолындағы уқаланған көк конверт Жәкеңнің ойын бөлді. Конверттің о жақ, бұ жағын тағы бір қарап өтіп, ортасынан бүктеп қалтасына салды. Аяндап үйіне келді.

Қызы Кермеқас есігінің алдындағы шуақта іс тігіп отыр еді.

- Әке, сені Ақыметтің үйі шақырып кетті, — деді.

- Е, мені қайтеді?

- Кемпірі қысылып жатыр білем.

- Қысылса, мен ажалдан айырып алып қалмақшымын ба... Бар Әбішті шақырып кел! - деді.

Әбішті неге шақыртады дегендей Кермеқас әкесінің бетіне карады. Жәкеңнің түрінде өзгеріс жоқ: секпіл беті, адырайған көзі, таңқиған мұрны, селтиген сақалы – бәрі де бұрынғы күйінде. Ашу кернеген кезде Жәкеңнің түрінде үлкен өзгеріс болады: көзі шатынап, ұясынан шығып кете жаздайды; беті жыбырлап, мұрты ербиіп кетеді. Демін қатты алып, тыпыршып бір жерде тұра алмайды. Өзгеріс жоғын білген

соң, тігіп отырған ісін жиып, түрулі есіктің қуысына тыға салды да, Кермеқас Әбіштің үйіне қарай тартты. Қатар тұрған төрт үй - Жәкендікі. Оған таяу қикайып тұрған жалба қара үй Мақамбет қойшынікі. Мақамбетке таяу абажадай қара үй – Әбіштің үйі.

Әбіш домбырасына ішек тағып жатыр еді. Кермеқастың келгенін сезіп, басын көтеріп алып, кеп қоя берді.

- Төрге шық! Біздің үйге аттап баспайтын едің, не ғып келдің?

Кермеқас та күлімсіреп, төмен қарады. Аққұба бетіне қызарып қан жүгіргендей болды. Өткір көзі ойнақшып, қиығымен Әбішке қарап өтті.

- Жұмыспен келіп ем. Әкем шақырады, - деді.

- Жай ма?

- Білмеймін.

Әбіш тесіле қарап еді, Кермеқас бұрынғыдан бетер қызарғандай болды. Ойнақшыған екі көз оттай жанып, біріне бірі кездейсоқ болғанда, екеуі де күлімсіреді...

Төрдің алдында төрт қабат көрпені астына салып Жәкең отыр еді.

-Тәңірбергеннің хаты білем, мынаны оқышы! - деп Жәкең көк конвертті Әбішке ұстата берді.

Конвертін елтеп қана жыртып, Әбіш ішінен хатты алды. Жарты табақ қағаздың екі бетін толтырып жазған екен. Әбіш сүрініп-қабынып оқи бастады. Ентелеп ынтығып Жәкең отыр. Бір бүйірден қарап Кермеқас тұр.

- "... Сізге айтатын бір жаңа хабар мынау..." — деп, Әбіш бір жерін танымады ма қалай, бөгелді.

- Ал, немене дейді, неге тоқталдың?

- Мына бір сөзін айыра алмай отырғаным.

- Ондайын қоя тұр, артынан көрерсің, басқасын оқи бер.

Әбіш аттап жөнелді:

- Өздеріңіз де естіп жатқан шығарсыздар, биыл жер бөлісі болғалы жатыр..."

- Не дейді? - деп Жәкең сөзді бөліп жіберді.

- Жер бөлісі болады, - дейді.

- Қайдағы жер бөлісі?

- Білмеймін.

- Оқышы, оқышы!

- "... Жер бөлісі болғалы жатыр. Ауылдың жерін кедей мен байға тең қылып бөліп бермекші..."

- Осы не дейді? - деп Жәкең, шатынап-ақ алды. Жәкеңнің наразы бола бастағанынан Әбіш әлденеге қысылды.

- Мен қайтейін. Жазғанын оқып жатырмын, - деді.

- Жазғанда ... кедей жерді бөліп алып қайтпекші?

Апырмау, бұл жұрт не болып кетер екен? Іс таба алмай еріккен соң, бас салып бізді айналдыратын шығар деймін. Тағы не депті,былжыратпай тезірек оқышы! - деп Жәкең жекіріңкіреп қойды.

- "...Бөлістің болуы анық. Барлық жер бөліске түседі... Жердің ең шұрайлысы кедейге, орта шаруаларға беріледі. Біздің үй сияқтыларға кедейден қалған жер беріледі".

Жәкең төзіп отыра алмады:

- Ай, құдай-ай, қылдың-ау! Көрсетпегенің осы еді, ақырында мұны да көрсеткенің ғой! – деді.

Жәкең ашуланған соң Әбіш хатты ішінен оқи бастады. Кермеқастың күлімсіреген ажары бәсең тартып, Жәкеңнің уайымына ортақтасатын адамның пішінін көрсетті.

Тыстан Жәкеңнің тоқалы Теңге келді. Тығыршықтай, онша семіз де емес, домаланып тұрған әйел. Түсін қара торы деуге де болады, нағыз баттасқан жылтыр қара емес. Май басқандікі ме, әлде тумысынан солай ма, мұрны батыңқылау, мұрнының ұшы шошайып шығып тұрған сияқты.

Бие сауатын көнекті қарына іліп, белдемшесін сүйрете, Теңге бірдемеге ашуланып кірген сияқты еді. Үй іші жайбарақат отырған болса, соққан құйындай бір бұқыратып өтпек еді. Кірген күйінде Жәкең көзі түсті. Жәкең сұрланып, таңқиған мұртының делиген жегбесі едірейіп, секпіл беті жыбырлап отыр еді. Бірдеменің болғанын Теңге бірден сезе қалды. Аңырайып кішкене тұрды да, Кермеқасқа жақындаңқырап:

- Немене, жай ма? – деді.

- Әшейін, папамнан хат келген білем.

- Не айтыпты?

- Бірдеме депті, түсінген жоқпын. Жәкең ойына бірдеме түсіп кеткендей:

- Жер бергенде, байдың малы немен күн көрмекші дейді, оны айтпаппа? — деді.

- Айтыпты: "... бай малына жер таба алмаса, кедейдің артық жерін ақшаға жалдап алады..." депті.

- Дұрыс-ақ! Кедей үшін мал жиып отырғанымыз-ау! Кедей шолжандап қыдырып жүрсін де, біз баяғыдан бері тірнектеп жиғанымызды бөліп берейік. Бұл не деген масқара, батыр-ау! Одан басқа не айтыпты, арнап тапсырғаны бар ма?!

-“Ауылмен бұрынғыдай байланысуды қой. Ымыраға келмесе, болмайды... Ерегіссе, жердің бәрін сыпырып алып кетеді”, - депті.

- Бетім-ау, не дейді?! - деп Теңге шошынған адам құсап сұқ қолымен бетін тартты.

- Атаңның басы дейді... ит, әңгімеде не жұмысы бар екен?! — деп Жәкең оған жекіді.

Ал, енді шатынады.

- Шатынамай... Әңгімеде нең бар, сауған малыңды білсейші!
- Жұрттың естіп жатқан сөзін есітпей, құлағымызды мақтамен тыға алмадық.

- Әй, шығасың ба үйден?

Жәкең жүгініп-ақ алды. Белдемшесін сүйретіп, күңкілдеген күйі Теңге үйден шықты. Кермеқас есіктің қуысындағы ісін алып, суыртпағын талдап іс тігуге кірісті. Әбіш үйден шығып бара жатып Кермеқасқа көзінің қырын салды. Кермеқас бұрынғыдай қылымсып күлімсіресе, бұ да күлімсіремекші еді. Үйіне жеткенше, сыртымнан Кермеқас қарап тұр ғой деп аяғын сыпайылап басып, үйінің жанына жеткен соң, артына қарамақшы еді. Кермеқастың ақшыл жүзіне отты көзін біраз қадап тұрып, үйіне кіріп, домбыра тартып, Кермеқас есітер ме екен деп ән салмақшы еді. Кермеқас бұрынғыдай көзінің қиығымен қарамады. Езу тартып күлмеді.

Екінді әлетінде ауылының желкесіндегі тас обаның басына шығып, Жәкең жан-жаққа көз салды. Апрельдің іші. Тынық кеш. Күн ұясына батып барады. Тас обадан өлке бойы тегіс көрінеді. Жаңа көктеген жер кілемнің түріндей боп құлпырып тұр. Өзеннің аңғары быжынап жатқан мал: қой, сиыр, жылқыдан көз сүрінеді. Бәрі де Жәкеңнің малы, әкесі Сермақаннан бері үзілмей келе жатқан байлық. Анау көз ұшында бұлдырап көрінген атыз - “Кең атыз”. “Кең атыздың” қазір шалшық суы бар. Енді бірер жетіде құрғайды. Шалғыны осы күні-ақ жалбырап қалған, күзді күні тай жасырарлық болады. Маңайы көк бұйра, жоңышқа. “Кең атыз” - Жәкеңнің меншікті жері. “Кең атызға” ешкімнің орағы тиіп көрген емес.

“Құдай берген” жылы Жәкең “Кең атыздың” бір өзінен ғана мың шөмеледей шөп алады. Шөбі төл жеуге жақсы деп албардың түкпіріне үйгізіп, жазғытұры шығарады. Жазғытұры өңі жұқарған мал сұлыдай көріп жеп, аз күннің ішінде оңалып сала береді.

Жалғыз “Кең атыз” ба, Жәкеңнің меншікті жері қайда жоқ. Толып жатқан көгал, жарық боз бар. Бәріне де ат қойған: “Әкеме ас беретін жарық”, “Кермеқас туатын көгал”, “Тәңірбергенді сүндетке отырғызатын жылы мың шөмеле шөп алған сай”... Оның үстіне Жәкең егін салады. Жылына екі соқадан кем шығарған емес. Бір соқасы ескі жерді аударса, екінші соқасы кілең жаңа жерді жыртады. Ескірген жерді тыңайтуға қалдыра береді. Соқа тиген жер тағы өзінікі, ешкім аттап баспайды.

Ақ таяққа сүйеніп, әлде қайда көзді қадап Жәкең ұзақ тұрды. Ауыр күрсінді:

- Болмас, болмас!.. - деді.

Көз жанарынан бүртіктенген жас атылып шығып, бет сүйегінің үстін баса, сақалына қарай домаланып аға бастады.

Теңге қысырын ағытып, сүтін көтеріп үйіне келе жатыр еді, арт жағынан біреу қаттырақ аяндап, шоңқандап Теңгеге қатарласты.

- Немене, қабағың түйіліп кетіпті ғой, әлде бірдемеге ашуланып жүрсің бе?

- Саған ашуланып жүрмін.

- Неге?

- Қатыныңнан шыға алмайсың.

- Байғұс-ау, олай кіналауды қойсайшы, байыңнан шыға алмайтын өзің ғой.

Теңге күлімсіреді:

- Ойнап айтам, сенен жазық жоқ қой, — деді.

- Ендеше, бола ма?

- Болады.

- Қашан?

- Соңыра...

Кермеқас есіктің алдында түбіт иіріп тұр еді. Сүндеттің Теңгеге шоңқандап еріп келе жатқанын ұнатды. Сүндет пен Теңгенің арасындағы іс Кермеқасқа мәлім сияқты еді. Қабағын тыржитып, ішінен “азғындар” деп ойлады. Сөйткенше болмай, арт жағынан безілдеп сарнаған домбыраның дауысы естілді. Қарап еді, есік алдында домбыра тартып отырған Әбіш екен, домбыраның ырғағына түсіп теңселіп, Кермеқасқа қарап күлімсірегендей болды. Кермеқас та езу тартқан секілденді.

Кермеқас пен Әбіштің біріне-бірі көз қадап тұрғанын сезіп, Теңге де жаратпады. О да ішінен “азған қыз” деп ойлады.

Қас қарайып көз байланғанша Жәкең даланы кезумен болды. Ауылдың сыртын қыдырды. Ауылдың алдыңғы жағындағы өзенге барды. Өзеннің қабағында тұрып ойға шомды. Түн салқын. Жерге шық түсіп, аяқты сулай бастаған. Желдің лебі бетке сап-салқын болып тиіп, денені түршіктіріп жібереді.

Үйіне қарай жүре берем дегенде, ылдидан бір нәрсе ағарандаған сияқты болды. Сүйек мұжып жатқан ит пе әлде қой жеп жатқан қасқыр ма? Анадайдан көзді қадап-ақ қарап еді, ешнәрсе айыра алмады.

- Бұ кім? — деп еді, әлгі ағарандаған нәрсе ойпаң-тойпаң болған секілденді. Ағарандап ала жөнелді. Ауылға қарай зытып барады. Мақамбеттің сабалақ жүнді ақ иті ме екен, әлде?

Жәкең, ойы шартарапқа кетіп, үйіне қарай тезірек аттай бастады.

II

Шоңмұрын деген—толық бетті, бетінен қаны шығып тұрған сияқты, қою қара сақалы бар, дембелше келген қара. Сөзді дәбдірлеңкіреп сөйлейді. Сырын білмеген адам оның сөзіне құлақ қоймауы да мүмкін.

Бірақ әкесі Несіп марқұмды білгендер Шоңмұрынды құр демейді. Шоңмұрын Несіптің баласы. Несіп кезінде кедейдің қасқыры болған. Сөзге келгенде Несіпті адам жеңген емес: өткір тілді, сөзшен, ұтқыр, қайсар екен. Ескі сөзді, ескі билердің билігін, шешендердің тақпағын Несіп көп біледі екен. Сөзге үйір адамдар кезінде Несіпті әдейі іздеп келіп сөзін тыңдап жүрген.

Шоңмұрын да құр емес. Бір сөзді бастағанда “... Әкем марқұм айтушы еді, баяғы Сұлтан пырабителдің заманында...” деп бастады. Бір жерде отырған 10-15 үй кедей. Мал жағынан болсын, атақ жағынан болсын - бірінен-бірі озып шығарлық жайлары жоқ. Әйтсе де, сол күйлеріне ырза болып, сыртқа телмірмей, ешкімнің қанжығасына байланбай жеке отырып әдеттенген ауыл.

Кеш болса, таяқтарын қолдарына ұстап, орта жастағы адамдар біртіндеп бастарын құрайды. Көбіне жиылатын жерлері - Шоңмұрынның үйінің қасы. Шоңмұрынның қолының азырақ септігі де бар. Мардымды ешнәрсе істемесе де, кешке жақын жұрттың бас қосуына себеп болайын дегендей, шапашотын қолына алып есіктің алдына шығады.

- Қатын-ай, далаға бірдеме төсеші!

- Байғұс-ай, қолың бір дамыл көрсейші...

Бұл – Күмісайдың ылғи айтатын үйреншікті сөзі. Кейіген пішінмен айтса да, шынында Күмісай кейімейді. Істеп жатқан жұмысы болса, тастай салып, босаға жақта жататын тері бөстекті әкеліп Шоңмұрынға төсеп береді. Шоңмұрынның ағаш шапқан тықылы естілсе, ермек таба алмай тұрғандар біртіндеп жанына жинала бастайды. Ондай-мұндай есіткен жаңа хабарлары болса, Шоңмұрынға айтысады. Жаңа хабары болмаса Шоңмұрынға ескідегі ертегі айтқызуға кіріседі. Біреуі: “баяғының кісілерінің несін айтасың!” деп Шоңмұрынға бастап береді. Ағашты тықылдатып шауып отырып Шоңмұрын ертегісін бастай жөнеледі. Күмісай сыртқы босағаға бір тізерлеп қана отырып, жаулығының жақтауын құлағының сырт жағына таман ысырып қойып, Шөкеңнің ертегісін тыңдайды да отырады. Өте қызығып кеткенде, ернін сылп еткізеді, одан басқа бітірері жоқ.

Күндегі әдеттерімен ауылының адамдары Шоңмұрынның үйін қасына жиналысты. Шоңмұрын Ұлбосынның балтасына сап істеп отыр еді. Ұлбосын кемпір шуда жібін иіріп отырып, Күмісаймен әңгімені көйтіп отыр. Қатындардың кеңесі көбіне байдың үйі туралы: байдың тоқалын, қызын әңгіме қылады.

Өрі-бері айтып келіп, “бетпақ-ай, онысы несі екен?” деп ауыздарын сылп еткізіп, беттерін де шымшып қояды.

— “Көш, жанымда отырма!” деп жатыр білем, — деген Күмісайдың даусы шықты.

- О кім? - деп Күмісайға Дәуіт қарай қойды.

- Ана, бай ағанды айтып отырмыз.

- Кімге “көш” депті.

- Ақсақ қараға.

- Бай қайдан желікті, “Сүндеттен айырылсам, өлгенім” деп айтады дейтіні қайда?!

- Сүндетпен араларында мықты жанжал болған көрінеді ғой, - деп Шоқпарбай сөзін көңірсітіп барып тоқтады.

Шоқпарбайдың сөйлеуі де қиын-ақ. Бірдемені айтуға кіріссе, біресе білегін сыбанып, біресе бөркін қолына алып, әйтпесе, бәкісін ала салып ағаш жонып, айтқан құрлы жұрттың зықысын кетіріп болады. Шоқпарбайдың сол мінезінен запы болғандықтан көбіне жұрт оның сөзін тыңдамайтын еді. Мынау тыңдамастық хабар емес. Бұған кім айтса да құлақ салу керек. Шөкең де, Пірім де, әйелдер де, Дәуіт те – бәрі де Шоқпарбайдың аузына қарай қалды.

- Не қылыпты, не дейді?

- Мықты жанжал болған көрінеді... — деп отырған күйі тізесін құшақтап, Шоқпарбай теріс қарап кетті.

- Әй, құрып қал, сенің осы мінезің құрысын-ау, бірдеме айтсаң, кісіні зарықтырып боласың, - деп Шөкең кейіді.

- Жоқ, пәлендей ешнәрсе емес.

- Ендеше, “жанжалың” не?

- Жанжал тоқал мен Сүндет туралы көрінеді...

Жұрт ар жағын айтпай білді “Ар жағын айт” деп Шоқпар-байға телміргеннен де өздерінше қорытынды шығарғанын тәуір көрісті.

- Айтты-айтпады, Сүндетсіз күні жоқ, - деді Дәуіт. - Байды иығына салып сүйреп отырған Сүндет. Салық болса, малын бөліп жаздырады. Астыртын әкімдермен ымдасып, байға келетін пәле болса, қағады. Былтыр бес жыл жүрген малайы ақысын даулап сотқа арыз беріп еді, содианың басын айналдырып жүріп, Сүндет соның ізін жойды ғой. Не қылғанда да өзі пәле...

- Пәле ғана емес, залым, қара жүрек! - деп Шоңмұрын әрі итеріңкіреп қойды.

- Бай тегіндікпен өле ме, кедейді итаршы қойғанын көрмейсің бе, — деп Пірім өзінше жек көргендігін білдірді.

- Ана бір керей бала да сорлы екен, Жәкең өзін малайынан бетер жұмсайды екен, - деп Дәуіт Әбішті де іліп өтті. Жәкеңді былай қоя салып отырғандар Әбіш пен Сүндетті қолға алды. Көктен алып жерге салды. Құр жуастықтан басқа Әбішке қояр кінәлары жоқ, не пәленің бәрін Сүндетке артты. Сүндеттің Жәкеңмен қосылып, ұры жұмсайтынына шейін айтылды.

Иығында күйенте, екі шелек суды теңселдіріп, қызара бөртіп Ырысбике өзен жақтан су әкелді. Қолында бір үйрегі бар. Үйрегін әкеліп Күмісайдың жанына тастай берді.

- Көтек,— деп Күмісай шошып кетті, — қалқам-ау, мұны қайдан алдың?

- Мұғалім... әлгі Метей ағам берді, - деді. Айтуын айтса да, өзі әлденеге қызарды.

Үйдің сырт жағынан Метей шыға келді. Қолында шиті мылтық, өзі алқынып терлеген.

- Манағы кәзетінді алдың ба? - деп Дәуіт Метейге қарап күлімсiреді. Метейдің жауабын күтпестен-ақ:

- Осы мұғалім мені жәмшік қылып-ақ, болды. Қалаға барсам, кәзетін тиеймін де келем. Менің барғанымды Петіра аңдып тұратын шығар деймін, “әйда, жүр, кәзет ала кет” деп үйіне еріксіз алып барады.

- Петіраң әлгі Иванның коменес баласы ма? Жынды неме ғой, - деп Пірім ұнатпайтын адамның қалпын көрсетті.

Дәуіт Петіраға жақ болды:

- Қата айтасыз. Осы қалада Петірадан онды орыс жоқ.

- Қой, сен де мақтамасты мақтадың! Оңды болса, коменес-ке кірер ме еді? - деп Пірім сөзін дәлелмен күшейткен болды.

- Оныңыз дәлел емес қой, Піреке, коменес болған адам жынды болса, мына мұғалім де жынды болар еді ғой.

- Қой, мұғалім коменес емес.

- Өзінен сұраңыз.

- Коменеспісің, шырағым? - деп Пірім Метейге бұрылып қарады.

- Қорықпаныз, Піреке, коменес адам жемейді, - деп Метей Пірімнің жанына таман келіп отырды. - Коменесті құбыжық көре-тін жөндеріңіз жоқ. Коменестердің мақсұты - езілген елді ел қатары-на қосу, кедейлерді бірлестіріп, шаруашылығын көтеріп, байға қарсы салу, байдың тепкісінен құтқару. “Кеңес үкіметі орнағалы көзімізді аштық” деп өздерің әңгіме қылып отырасындар, Кеңес үкіметі кімнің бастауымен жұмыс істеп отыр? Кеңес үкіметіне басшылық қылып отырған коменес партиясы!

- Оны білеміз ғой, - деді Пірім.

Білмеген нәрсесін де білемін деп айту - Пірімнің үйрен-шікті әдеті еді.

Метей әңгімесіне тағы кірді.

- Коменес партиясын ел көзіне құбыжық қылып көрсетіп жүрген байлар, атқамінерлер. Коменес партиясының ұстаған жолы жүзеге асса, байлар мен атқамінерлерге күн жоқ, олар адамшылықтан шығады, бұрынғыдай ел билеп олжа түсіре алмайды. Биыл жер бөлісі

болайын деп отыр. Міне, осы істі коменес партиясының басшылығымен орындағалы отыр, - деді.

Жер бөлісі Пірімге жаңа сөз. Жер бөлісі деген сөз бірден жүректен орын алып, әлде нендей бір тілек баста елестеген секілденді.

- Жер бөлісің қалай? Бұл кәзеттің сөзі ме? — деп Дәуіт қайта сұрады.

- Газет сөзі. Үкімет жер бөлісіне кіріскелі жатқан көрінеді. Дайындық жұмысы қыстан бері басталып еді. Енді соны жарыққа шығармақшы. Губірнелерге орталықтан адамдар шығып жатқан көрінеді.

- Газетің де ойына келгенін жаза береді екен, - деп Шоқпарбай тағы қырын қарады.

- “Ойына келген...” деп жеңіл қарайтын жұмыс емес, мұның болуы анық, Ұзамай өкілдер келіп ел аралар, — деп Метей тағы бір пысықтап өтті.

Дәуіт елендеп, бүге-шігесіне шейін қалдырмай білгісі келді.

- Бөлгенде қалай болады екен?

- Елдің осы күнгі пайдаланып отырған жерін тең қылып бөліп береді. Бөлгенде, жердің әдемісі кедейлерге, орта шаруаларға беріледі, қалғаны барып байларға тиеді.

- Қой, шырағым, мұның өмірде болмайтын жұмыс қой. “Кең атыздан” айрылып Жарбол тірі болып отырмас, - деп Шоқпарбай тағы бұра тартты.

- Отырмаса, түрмеге түсер.

- Байды түрмеге түседі дегенге сенбеймін.

- Бай - құдай емес, қылмысты болса, түрмеге түспек түгіл, атылып та кетеді...

Пірім күлді:

- Ерегіс, Шоқпарбай, жеңілме, — деді.

- Шынында, “Кеңес үкіметі” — кедейдің үкіметі” дегеніміз болмаса, байлар әлі құламай жүр ғой, — деп Дәуіт елдің күйін суреттей бастады, — жерді бөліп беретіні ырас болса, елді бір теңеп тастар еді.

Шоқпарбай тағы килікті:

- Жерді алғанда не қылмақсың? Қай малыңды жаймақсың?

- Шауып алармыз. Артығын байларға өкіртіп сатармыз. Сатуға болатын шығар? — деп Метейден сұрады.

- Болғаны сол болсын, кедей шаруалар өзінен артылған жерді толық бәсін алып байға беріп отыруына болады.

Шоқпарбай ашуланып мүлде теріс қарап кетті. Пірім ха-ха-ха-лап күлді - Ағашын тықылдатып шауып жатып Шоңмұрын да күлімсіреді.

- Күмісай, шайынды қой, байитын болдық, - деп Пірім Күмісайды тәлкек қылуға кірісті.

Күмісай Пірімге әзілмен жауап қайырды:

- Баю сенің қолыңнан келе қоймас. Өзің сияқты ана ақсақ қара ойдан орып, қырдан қырып тауып жүр. Ебінің арқасында байдың малын малданып, жанын жанданып отыр. Байыйтын адамдар, эне, солар. Сен әуелі байдың үйінен дұрыс бір аяқ саумалыңды ішіп шық.

Күн еңкейіп ұясына барды. Ауыл үстін өрістен қайтқан мал қаптады. Қырдағы соқашылар аттарына салт мініп, тойдан қайтып келе жатқан адамдарша қатарласып елге қарап бет түзеді. Әлдекімдердің аспанды жаңғырықтырып зарланып ән салғаны естілді.

Қас қарайған кезде бірсыпыра жастар Метейдің үйінің жанында отыр еді. Ішінде Дәуіт бар. Жер бөлісін әңгіме қылып отыр. Метей білгенін қалдырмай айтып жатыр. Жастар жағы бір ауыз сөз айтпай ұйып тыңдап отыр. Әлдене уақытта барып, мұрты ербигендеу сары жігіт:

- Сонымен жерді бөліп береді десейші, - деді.

- Бөліп береді.

- Бәлем Жарболдың ызасы өтіп еді, “Кең атыздан” пакосты бір тартып өтсем, арманым қалмас еді, - деді.

Отырған жастар ду күлді.

- Біздің үйдегі бар ма? Неғып отыр, жататын уақыт болды ғой! - деп бір әйелдің күнкілдеген дауысы естілді.

- Мұқан, тұр, қатының ұрсып жатыр, - деп құрбылары оны тәлкек қылды.

Жастар ыдырады. Метейдің жанында жалғыз Дәуіт қалды. Дәуіт — жастардың ішіндегі көсемі. Еті тірі, баймен қас. Байға жағынуды, байдың айтқанын істеуді өлім секілді көреді ішінен кіжінеді, бірақ, сыртқа шығаруы жоқ.

- Осы жердің бөлінуі анық қой?

- Анық!

- Ендеше, бұған күшті салу керек екен. Кедей болып біріксек, істемейтін несі бар. Бірақ кейбір қырсықтардың кейін тартатыны бар, әлгі Шоқпарбайды көрмейсің бе, жатқан бір кесір. Әйтсе де, бозбалалар түсінеді. Бозбалалардың басын құрап алсақ, шалдарды бүктеп кетерміз! - деді.

Бұл – Дәуіттің, шын ойы, шын тілегі еді. Мана бөліс әңгімесін естігелі осыны ойлаумен болды. Соқадан шаршап келген жастарды әңгімеге үйірлігіп, Метейдің жанына әкелді. Бөлістің әңгімесін оларға да айтқызып, жастардың көңілін байқады. Олардың тілегінің де өзінкімен бір екенін сезді.

Түн ортасы кезінде Метей мен Дәуіт Шоңмұрынның үйінің сыртындағы арбаның түбінде күнкілдеп сөйлесіп отырды.

- Сен шын бел байлап отырсың ба? — деді Дәуіт.

- Шын.

- Ендеше, мен кетейін. Абайлағайсың, Сүндет құсап қолға түсіп калып жүрме, - деп күлді.

Метей жалғыз қалды. Меңіреу түн. Тым-тырыс. Ауыл терең ұйқыда. Ауыл арасында әр жерде қарайып ыңыранып күйсеп сиырлар жатыр. Шоңмұрынның ала төбеті бірдемеге елендегендей шәуілдеп бір-екі рет үрді де, қайтадан тына қалды. Жерошақ басынан сүйек тапты білем, қытырлатып мүжіді.

Метей жерден ептеп көтерілді. Жүрегі лүпілдеп аузына тығылып барады. Шекесі зырқылдап, басы айналып бара жатқан секілді. Жүрді. Отырды. Іргеге келіп құлағын салып тыңдағанда, әлдекімнің ауыр күрсінгені естілді. Төсегінен аунап түсіп жатқандай болды. Кемпір ме, шал ма? Әлде, жас жүрегі алып ұшып, өзіне тең жар іздеп ұзақ таңды төңбекшіп ұйқысыз атқызатын Ырысбике ме? Метей күрсінгенді Ырысбикеге ұйғарды. “Менің сүйетінімді біліп жүрген шығар. Мені келеді деп күн сайын зарығып күтетін шығар” деп ойлады. Ой үмітті жетектеді, не қылса да құдайға тапсырып, Метей іргеден қол жүгіртпекші болды.

III

- Бапам келді! - деп Жарболдың кішкене баласы үйіне жүгіріп кірді.

Сабаны пістіріп, салқын қымызды Жәкең жаңа алдына алып отыр еді. Сәлем беріп Тәңірберген кіріп келді. Жәкең қуанып, орнынан тұрып құшағына алып, маңдайынан иіскеп сүйді. Көзі жыпылықтап, бір-екі түйір жас шыққан сияқты болды. Кермеқас та, Теңге де көздерін шылап, бір жағынан күліп маз-майрам болды.

- Тоба, құдайға тоба! Бергеніңе мың да бір шүкір! – деді Жәкең отырып жатып.

Тәңірберген ұзын бойлы келген, талдырмаш, ақ құба жас жігіт. Жаңа тап беріп шығып келе жатқан мұрты бар. Үстінде орысша киім, басында кепке. Кепкесін алып жерге қойғанда, тарап сылап тастаған шашы жіптіктей болып тұрды.

- Денің сау ма? Есен-сау жүрсің бе? - деп Жәкең баспалатып сұрап жатыр.

Жәкеңнің сұраған әңгімелерінің көбі қала хабарлары болды. “Соғыс жоқ па, балшебектер бітетін емес пе?” деген сұрауларға шейін барды.

Әкесінің надандығына Тәңірбергеннің күлкісі келді білем:

- Әке, “балшбек біте ме” деген сұрауды екіншілей аузыңызға алмаңыз. Балшбек бітпейді. Күн сайын нығайып келеді. Одан да “қалай күн көреміз” деп сол жағын сұрау керек, - деді.

- Сол жағын сұрайын деп айтқаным ғой. Осында жер бөлісі болады деп мазамызды кетіріп жүр ғой, — деді.

- Айтпақшы, ол не болды?

- Әзір ешнәрсе де болған жоқ. Ауылнай мен песірі ел аралап, “қанша жерлерің бар?” деп жұрттан ауыз сұрап жазып әкетті білем. Маған келіп еді, шабындық 10 жерім бар деп жаздырып жібердім. Оңбаған, әлгі Тышқамбайдың Дәуіті “осы ауылдың жерінің үштен екісі байдың пайдасында, бізде жер жоқ” депті ауылнайға. Ауылнай да бір құдайдың атқаны, оны жазып кеткенін, жазбай кеткенін білмеймін.

- Ауылнай - былтырғы Әбіл ме?

- Сол.

- Түскен жоқ па әлі?

- Әй, Сүндеттің аузының дуасы кетіп барады. Былтыр арыз беріп әуреленген болып еді, ешнәрсе істей алмады. Қалаға бір-екі шақырып, аяғы божырап кетті.

-Өздерің, қалай қылып тұрсыңдар? - деді Тәңірберген. Жәкен кеңкілдеп күлді.

- Өлмеспіз деймін. Түнеугі сенің хатынды алған соң, мына қара таяқтардан Шоңмұрын, Пірім, Шоқпарбай, Кәрімді бір күні шақыртып алдым. Дәуітті де шақыртып едім, келмей қалыпты. Жетесі оңбаған ит қой, адамшылықты біледі дейсің бе. Бишара Шоңмұрын аңқылдаған ақ көңіл адам ғой, мен “ымыра бұзбайық, заман болса жаман, ендігі қалған күнде жас балалардың басын бір жерге қосып, берекенің кіруіне себепші болайық” деп едім, “өзіміздің ойымыз да осы еді” деп өздері шулап қоя берді. Әсіресе, Шоңмұрын жалпылдап, қайта-қайта бата қылды. Содан кейін өздерінің арасында бір сөз болған ба, қалай, Дәуіт “бай” деп маған тіл тигізген екен, Шоңмұрын араға түсе кетіпті. Екеуі сол жерде ілінісіп, таяқпен Шоңмұрын Дәуітті бір-екі тартып кеткен білем. Содан бері өздері екі жік болса керек. Әзіріне көпшілігі ана Дәуіт жағында секілділеу. Бірақ ортасындағы ақсақалдары ғой, бір табанда Шоңмұрынды қиып кете алмас. Жайлауға көшкенде Шоңмұрынға “бірге қон” дейін деп отырмын. Шоңмұрынға еретіндері сол жерде ашылып шығады ғой.

- Дәуіт қайдан құтырып жүр?

- Ойбай, әлгі мұғалім деген пәле бар ғой, тырна құсап серейіп алып, дүниенің пәлесі шығар деймін. Ауылы-ның жастарын да бүлдіріп болды білем. Дәуітті желіктіріп жүрген сол. Ылғи қайрап салады да отырады. Биыл қыстай біздің ас үйде бала оқытып келіп еді. Айына бес сомнан төлеп тұрды. Түнеу күні мектеп салдырамын деп бірсыпыра жігіттерді жиып алып әуреленіп жүр екен. Сосын Шоңмұрын мен Пірімді шақыртып алдым, сол күні үйде қымыз да көп еді, екеуін әбден қандырдым. Сосын жайласып отырып, “мектеп салам” дегендерін

айттым. “Ендігі қалған жасымызда балаларды аздырмай-ақ өтейік. Мектепті қойыңдар, тілімді алыңдар, мешіт салайық, мен өзім таңдама бір қара шығарайын” дедім. “Ойбай, бұл мақұл екен” деп екеуі де шоп етіп түсе қалды.

Жәкең бәрін де айтты. Бір жылдан бергі басынан өткенін қалдырған жоқ. Көңіліне түйтік болып жүрген нәрселердің бірін ашып салды. Бір кезде жұлып алғандай:

- Шырағым, сенің коменес болып жүргенің қалай? — деді. Тәңірберген әкесіне қарап күлімсіреді. Алдындағы аяғын бірер шайқап алып, салқын қымызды ынтығып жұтты.

- Онсыз болмайды, әке! — деді.

- Білемін ғой, - деп Жәкең күрсінді - білемін! Жүрегіңнің тазалығы аллаға аян. Күні үшін адам не істемейді. Бірақ, әйтеуір, жолдан тайып кетпесең болады. Кедейден шыққан коменестердің өзі жайлы тимейтін көрінеді ғой. Мына мұғалімнің істері ерсі болып-ақ тұрады. Бұл шіркіндер коменес бола берсін-ау, осы сендер құсап неге жүрмейді екен? — деді.

- Олар шынымен болады ғой. Коменессіз оларға күн жоқ. Коменестің арқасында теңдік алып отырғанын неге білмесін. Сосын коменестің жолына шын беріліп түседі. Коменестің айтқанын ел арасына бұлжыттай орындаймын деп әуреленеді.

- Бірас, ырас! - деп Жәкең басын шұлғыды. Баласына анықтап көз жіберіп қарады: кәдімгі іс басында жүрген “төрелер” сияқты! Іші жылып, өзінен-өзі күлімдеп сала берді.

Кешке таман Тәңірбергенге амандасам деп Метей келді. Тәңірберген оны әдемі қарсы алды. Жәкең де:

- Мұғалім бізді менсінбейтін еді Оқыған адамдардың әдеті-ау, қатары келген соң іздеп келіп отыр, — деп қарқылдап күлді.

Тәңірберген мен Метей даланы кезді. Өзен бойын жағалады. Қармақ салып жатқан балалардың қармағын алып, аздап балық та аулады.

- Метей, ананы көрдің бе? - деді Тәңірберген. Ырысбике, жанында Дәуіттің әйелі бар, екеуі су алып жатыр екен. Метей пәлен деп үндемеді.

- Өзі бір қылықты қыз, айналдырса болар еді,-деп Тәңірберген тұрған орнында қылмыңдап ыржаңдады.

Жоғарғы мектепке кіріп сабақ оқып жүргенге Метей Тәңірбергенді бұрынғысынан түзелген шығар деп ойлап еді. Ол ойы қата болды, Тәңірберген әлі баяғы қалпы екен, әсіресе, әйел туралы көз қарасы бұрынғыдан үдемесе, кемімеген екен.

Сөзден сөз шығып Тәңірберген:

- Сен білдің бе, партияға кірдім ғой,-деді.

Метей шошып кетті. Не айтар екен дегендей Тәңірберген Метейге көзінің қиығымен қарады.

- Неге үндемейсің, әлде ұнатпайсың ба?

- Ұнатпағанда қайтейін, жалғыз менің қолымдағы жұмыс емес қой.

Тәңірберген қолындағы қармақтың қорықшасын құмға шанша салып, Метейдің жанына жақын келіп отырды:

- Сендерде бір қата пікір бар. Партияны өздеріңнің еншілеріңе тигендей көресіңдер. Ұнатпайтын бір адамдарың партияға кірсе, “ойбай, бүлдірді” деп шулайтындарың бар.

- Қате айтасың, - деді Метей, - партияға олай қарауға болмайды. Жайшылықтағы арадағы салқындықты партия жолына әкеп соқтырған коменес - шын коменес емес. Шын коменес болам деген адам партия жолынан бұрылмай, тура жүруі керек.

- Сеніңше қалай, мен партия жолымен жүре алам ба, жоқ па?

Метей күлді:

- Мұның баланың сұрауы ғой. Партияға кірген адам, кірместен бұрын партияның жол-жобасымен анық танысуы керек. Партия жолын дұрыс деп тапса, сол жолмен жүре алармын деп белін буса, сонда барып партияға кіруі керек. Әйтпесе, соқыр сезіммен кіруге болмайды. Ондай кіргендердің көбінің ішінде бүкпесі болады.

- Сеніңше, мен партия жолында жүре алмаймын ғой, сірә.

Метей кесіп жауап берді:

- Жүре алмайсың, - деді. — Сенің жүре амайтындығың ісіңнен көрініп тұр. Сен әкеңнің айтқанынан шыға алмайсың. Әкеңнің “істе” дегенін істейсің. Әкең - елді езіп отырған бай. Байлықпен, атақпен әкең елді бір езсе, енді сол кедейге таң атырмай сен тағы езбексің! Партияны осы жолында құрал қылғалы отырсың!

- Әй, сен шын айтып тұрсың ба? - деп Тәңірберген қанын ішіне тартып-ақ алды.

- Шын айтып тұрмын.

- Менің ішімдегіні білетін сен әулие емессің ғой.

- Әулие болмасам да білем.

- Қалай білесің?

- Хатыңнан білем. Биыл бөліс туралы әкеңе хат жазғанда не деп едің, есінде бар ма?..

Тәңірберген бірдемені ойлағандай сұрланып төмен қарады. Метей ашу кернеп, өзінен-өзі тығылып, жарылғандай болып тұрды. Кенет ішінен: “апырмай, мен сол хатты жоғалтып алмасам игі еді?” деп ойлады.

Өзеннің басынан ауылға қарай қайтқанда, екеуі екі жолмен қайтты.

* * *

... Қараңғы түнде қалбандап, жүрегі алып ұшып Метей еңкедеп келе жатыр еді. Біреу иықтан ұстай алды. Метейдің тұла бойы мұздап, қалтырап қоя берді. Тәңірберген мен Әбіш екен.

- Мұғалімбісің! Жастарға өнеге бергелі жүр екенсің ғой! - деп Тәңірберген мысқылдай күлді.

Метей үндей алмады. Есалаң жүректің дәкбірді алып жүріп, ұяттын үстінен шығарғанын енді білді.

- Не қылғалы жүр едің? - деп Тәңірберген даусын шығарыңқырап сөйледі.

Ұйықтап жатқан адамдар оянып, масқара болам ба деп, Метейдің зәресі одан жаман кетті. Замандастықты айтып Тәңірбергенге жалынғысы келсе де, ойының бір жағынан менмендік бас көтерді:

“О да өзіндей адам! О да қыз андып жүр. Бас име, үйге қарай тарта бер!” дегендей болды. Метей осы ойдың соңынан ерді. Тәңірбергенге жауап берместен, үйіне қарай бұрылып жүре берді.

Тәңірберген арт жағынан:

- Қаңғырған ит, тұра тұр, күлінді аспанға ұшырармын! - деген даусы ауылды басына көтергендей болды.

Метей мықты қапалыққа кірді. Аяқ үйге қарай тездеп басып келеді. Бүгін Ырысбикені іздеп екінші рет шығуы еді. Бірінші рет барғанында, іргеден қолын жаңа жүгірте бергенде ала төбет абалап үріп шаптыққан соң орнынан тұра қашқан. Содан кейін баруға бата алмай жүріп еді. Бүгін қайдан желіккенін өзі де білмейді.

Дәуіт үйінің жанына шығып тұр екен, “бері кел” деп шақырды.

- Айқайлап тұрған кім?

- Тәңірберген.

- Саған айқайлап тұр ма?

- Иә.

- Оған неғып кездесіп жүрсің?

Қалтырап буыны құрыған адам, жауап берудің орнына, үйге сүйене отырды. Дәуіт те отырды. Түн қараңғы. Аспан толған жұлдыз, жыртық үйдің тесігі құсап самсап, жымыңдап көз қысып тұр.

- Осы сенің істеп жүргенің немене? - деп Дәуіт Метейге қарады.

- Ешнәрсе емес.

- Ырысбикеке бозбалалық ретімен барып жүрсің бе, әлде көңілің сүйіп алмақшысың ба?

- Тисе, алмақшымын! - деді Метей.

- Ырысбике не дейді?

- Сөйлескенім жоқ.

- Сөйлеспегені қалай, барғанда не бітіріп жүрсің?

- Барған жоқпын ғой!

- Не дейді? Түнеугі жолы ше?

- Онда иті абалап, үйін оятатын болған соң, кетіп қалғам.

- Күндіз де сөйлесіп көрген жоқсың ба?

- Жоқ.

Дәуіт шек-сілесі қатып күлді. Күле-күле көзінен жас шықты. Метей де баста Дәуіттің күлкісіне ерсе де, артынан өзіне күліп отырғандығы есіне түсіп, қоя қойды.

- Ұят болды! - деді Дәуіт. - Байдың үйі мұны енді неше саққа жүгіртеді. Шөкеңмен салқын болып отырмыз. Оның үстіне мынау жамалған соң, ұласып кету і мүмкін. Ондай ойың болғанда, жасырмай-ақ қолыңнан келмейтіндігін маған айтуың керек еді, я біздің үйдегі жеңгең арқылы сөз салуың керек еді. Енді оқа жоқ, өтер іс өтті. Байдан келетін пәлені ертең көріп алармыз. Үйіңе барып ұйықта! Бұдан былай маған айтпай ол үйге қарап аяқ басушы болма! - деп тағы күлді.

Дәуіттің бұл жолғы күлкісі Метейге майдай болып тиді.

Төсегіне барып жатқан соң, таң атқанша көзі ілінбеді. Әлденелерді ойлады. Кейде өзінен-өзі терледі. Күн шыға ұйықтап кеткен екен, түс көрді, Бірысбике жанына келді:

- Қорқақ! - деп күліп табалағандай болды...

“Қызыл Қазақстан” журналы,
“10-11 саны (Повестке татырлық бұл шығарманы кейін “Қазақ қызы яки Азамат Азаматыч” романына бір бөлім етіп енгізген)

ТЕЛТАЙ (СӘРСЕНБЕКҰЛЫ) ТІЗЕМЕН ҚАҒАДЫ!

“Қызыл тұмсық”— жердің аты, Ақтөбе губірнесі, Шалқар уезі, Шалқар болысы 1—10-шы ауылдардың арасындағы даулы жер. “Қызыл тұмсықтың” пайдасын 10-шы ауылдың кедейлері көрмекші болады. Қара табан кедейлердің жер иемденбекші болғанына 1-ші ауылдың Мінаш Бірімжанұлы сияқты байларының іші ауырып, дау туғызып, шатақ шығарады. Әсіресе, өткен жылғы жер бөлісінде дау көбейген соң, болыстық кеңес кәмитеті “Қызыл тұмсық” дауын шешу үшін жер кемесіесін шығарады.

Жер теңдігі кеңес үкіметінің тұсында жарыққа шығып отыр. Жерсіз кедейлер жұртпен қатар жер алып, шаруашылығына кірісіп отыр. Кеңес мекемелері, мекеме басындағы қызметкерлер жер теңдігін, кедей үстемдігін жарыққа шығару жұмысына әлден келгенше жан салып отыр. Олай болса, Шалқардың болыстық жер кемесіеснің “Қызыл тұмсықты” 10-шы ауылдың пайдасына қалдыратынына кім болса да күмән қылмаса керек. Дұрысында солай болуы керек те ғой.

Бірақ кейбір жерде кейбір мекемелерде жақынын жақтайтын, болған атаның тұқымын мақтайтын, “шынжыр қатарлардың” абыройын сақтайтын, “абыройшыл” қызметкерлеріміз де табылып қалып жүр-ау!..

Шалқардың болыстық кеңес кәмитетінің ағасы Жүсіпқали Тәтіұлы — кедейден шыққан белсенді. Орынбасары Данағұл Шыманұлы — бұрынғы “болған” атаның баласы. Байлармен әкей-үкей жекжат. “Қызыл тұмсыққа” таласып жүрген Мінаш Бірімжанұлы — Данағұлдың туған жездесі. Шалқардың атақты байының бірі Тотан Уақбайұлымен ауыз жаласып, Данағұл жаз бойы 17 биенің сүтін сауады. Қаракер байтал мен құла айғырдың майын мінеді. Құла айғырға бөктеріп 17 биенің уыз қымызын қалаға тасып, Данағұл іс басындағы “жақын” жолдастарын сыйлайды. Шалқардың, уездік кеңес кәмитетінің ағасы Телтай Сәрсенбекұлы Данағұлдың салқын қымызын ішіп алып алты айғы жаз “Қызыл тұмсық” болғанын көрген жолдастары жасыра алмайтын көрінеді.

“Қымызды кім ішпейді, қызды кім көрмейді”, Тотанның 17 биесінің сүті Телтайға арам еді демекші емеспіз. Мекеме жұмысында езіліп, көшенің шаңын жұтып жүрген адамға даланың қымызы мың да бір дауа. Мұны Ахмет сияқты дәрігер болмасақ та айта аламыз. Таза қымыз ішіп денсаулығын түзеген Телтайға да қарсылығымыз жоқ. Мұбарак денсаулығы бұзылып кетіп жүрсе (“Жаман айтпай, жақсы жоқ” деген бар ғой), курорттан курортқа шауып, қамсыздандыру бөлімінің ақшасына масыл болатынын білмейміз бе. Олай болса, қымыз ішкендігі үшін Телтай айыпты емес деген қорытындыға келе тұрайық! Мен өзім осыған екі қолымды бірдей көтерем.

Енді осымен қатарласа туатын мәселелер бар, соған келейік: Тотан Ұлықбайұлы — белгілі бай; елді партия қылып бүлік салғаны үшін жақын арада бір баласы жер аударылған, кеңес үкіметін “жасай қойсын” деп отырған тілектестерден де емес. Олай болса, кеңес жұмысында отырып, болыстық кеңес ағасының орынбасары болып отырып Данағұл Шыманұлының Тотанмен шүйіркелескеніне жол болсын? Мақұл, Данағұл да “болған атаның” баласы ғой, жекжат, тұстас адамы шығар, “жақындықпен” алып сауып отырған шығар. Бұл жағына да таласпайық. Бірақ өзі кісіден сауып отырып, қалаға өңгеріп қымыз тасу себебі не? Анау-мынауды былай қойып, уездік кеңес кәмитетінің бастығымен айналысқаны қалай? Телтайға жаны ашыған қамқор ма? Әлде Телтайды арқаға тану қылған, “уезің де уысымда!” деп былайғыларға төсін қағатын жемқор ма?

Онымен ашып айтып, пәлендей деп қорытынды бермей-ақ қояйын. Оқиғаны басынан аяқ көзінен кешірсе, оқушылардың өздері де бір қорытындыға келмес пе екен!

* * *

Телтай Сәрсенбекұлы — Шалқардың болыстық кеңес кәмитетінің ағасы Жүсіпқали Тәтіұлын кеңесіне шақырып алды:

- “Қызыл тұмсыққа” кемесие шықты ма?
- Шыққалы жатыр.
- “Қызыл тұмсықты” кімге бермекші?
- Әрине, жерсіз кедейлерге береді ғой! - деп Тәтіұлы көтеріліңкіріп қойды. Телтай ұнатпай қабағын кіржің еткізеді. Тұңжырап отырып барып:
- “Қызыл тұмсық” Мінаш Бірімжанұлының пайдасында қалуы керек. Осыны кемесие мүшелеріне айтып тапсыр, - деп болыстық, кеңес ағасына бұйрық, есебінде сөз айтады.

Телтайша ойласақ, “уездің” айтқанын болыс сөзсіз орындау керек қой. Уез “Қызыл тұмсықты” Бірімжанұлына берем десе, жердің беріліп шығуы керек. Бірақ іс жүзінде олай болмаған. “Қызыл тұмсық” 10-шы ауылдың пайдасында қала берген. “Қызыл тұмсыққа” қол салған Мінаштың Әбуәлібі мұзға отырған. Арындаған байдың азуына түспеген кемесие мүшелерін, кеңес қызметкерлері дәріптеп, басқаларға үлгі қылсақ, одан обал таппаймыз ғой. Шалқардың болыстық кеңсе қызметкерлері “Қызыл тұмсық” оқиғасы туралы өз міндеттерін өтеген екен деп кім болса да айта алар. Бірақ Телтайдың не айтатынын қайдан білейік ?!

Шалқардың уездік кеңес кәмитеті Телтай Сәрсенбекұлы-ның ұсынуымен Шалқардың болыстық кеңес кәмитетінің ағасы Жүсіпқали Тәтіұлын сотқа тартпақшы болады, айыбы:

1) жұт туралы айтып тұрмаған, 2) шаруа салығы кезінде мал жасырғандарды қазып шығармаған...

Айып олқы емес. Мал азығы кем болып, мындаған шаруа жұтқа шалдықты, талай кедей көк шолағынан айрылатын күйге жетті. Осы күйді кезінде үкіметке білдіріп, үкіметтен жәрдем шығарып, жұтаған елді қиыншылықтан құтқармаса, болыстық кеңес міндетін атқарған болып табылар ма?

Байлар, атқамінер кулар айла-шарғы істеп, малын жасырып, салықтың салмағын кедейге салумен келеді. Мұндайлармен күресу, жасырған малды шығарып, қылмыстыларды тиісті орнына тапсыру бұ да болыстық, кеңестің күрделі міндеттерінің бірі. Осы екеуін бірдей орындамағаны үшін Жүсіпқали Тәтіұлын сотқа тартқандыққа кім қарсы болар? Есі бар адам, кеңес жұмысының көркеюіне, аз да болса, тілектес адам бұған ара түсе қоймас.

Бірақ, Жүсіпқали Тәтіұлы бұл айыпты оңайлықпен мойнына алатын емес. Тәтіұлының арызына қарасақ, осы екі айыптың екеуінен де ол ақ секілді көрінеді:

“... Жұт туралы хабар кезінде беріліп тұрды. Соның арқасында күйзелген шаруа үкіметтен жәрдем алып, қыстан аман шықты... Шаруа салығы жөнінде жасырылғандар шығарылып, 3 мың сомнан артығырақ қосымша салық алынды. 38 адам сотқа тартылып, тиісті жазасын

тартты... Осының бәріне қолымда дәкументім бар еді, бірақ Сәрсенбекұлы оны ескермей отыр...

Мені сотқа тартып, орнымнан түсіріп, Данағұл Шыманұлын болыстық кеңеске аға қылып сайлатып отыр... Сондықтан кедейлік көз жасыммен өтінемін...” деп Жүсіпқали арызын бітіреді. Жүсіпқалидың арызына нансақ, Телтай таныстыққа, араластыққа беріліп отыр, жікшілдік жолына түсіп отыр...

- Тап осылай деп кесіп айта қою бізге де оңай емес. Өйткені Телтай - уездік кеңес кәмитетінің ағасы, партия мүшесі, дардай жауапты орындағы азамат.

- Жікшілдікті жою керек!

- Байшылдықпен күресу керек!

- Рушылдықтың тамырына балта шабу керек! — деп күре тамыры білеуленіп, талай өңешін созбады деп кім айтар.

Өңеш созылады-ау, ұранды да әдемі саламыз. Бірақ соны орындау жағына келгенде, Телтай жолдас, мүдіріп қала беретініміз-ақ жаман!..

* * *

Мені нақақтан қаралады деп Телтайдың маған жабыса кетуі де мүмкін. Жабысқанмен, түсіп қалатын менің болыстығым жоқ қой, әйтсе де қаңқу сөздің, не керегі бар. Телтайға “ауыз бастырық” қылу үшін оның бірнеше хатын көшіріп өтейін. Ұялса, бәлкім, айыбын мойнына алып, дауын қояр.

Телтайдың хаттары:

“Қайболда

Хатыңды алдым. Қатты кетіп жазған екенсің, шымбайға батып кетті... Мұнда жаңалық тіпті көп. Губірнеден қызметкерлер кететін бопты. Ескіден жалғыз Ыдырыс қалады... Ақтөбеден Сұлтанғали ұлынан басқа адам жоқ мен танитын. Орынбасардың орынбасарлары отыр мекемеде... Шалқарға адам даярламапты. Әзір сен отырасың. Бір қатар жолдастарға айттым, қарсы емес. Жоғарғы дәудің екеуі де кетеді. Ақтөбеге хатшы боп Манайұлы келеді. Жетісудың бұрынғы хатшысы. Пуркерерге бергісіз... Мені шақыртқанда губірнеде қол ұстасып істеуге адам керек болған соң шақырған екен. Сұлтанғалиұлы қатты өкініп жүр бірге істей алма-дым деп... Туғанбайұлына сәлем айт, осы хатты оқып бер. Кететіндердің тізімі: 1)Сұлтанғалиұлы, 2)Жұрманғалиұлы, 3) Бендет, 4) Абайымұлы, 5) Үшкүбісский, 6) Кабикүп. Әзірге осы алтауы жетер. Тағы болса, тағы жазармын... Керқарадан менің етігімнің ақшасын беріп жібер...”

Бұл Телтайдың уезден жоғарылап, гүбірнеге барған соң жазған бірінші хаты. “Қол ұстасып істеу үшін” кейбір жолдастарының арнап шақыртқандығын, енді бірге істесе алмай қалғандығына өкініп жазған хаты. Енді екінші хатына келелік:

“Қайболда.

Белді мықты байлап Қосшылық жұмысына кірістім... Сен туралы әлі мәселе шешілген жоқ. Бірігіп шешерміз деген пікір болды Манайұлымен. Мен укомға орго керек деген едім, соны іздеп жатырмыз. Атком бармаған күнде орго боларсың. Один из двух деп отырмыз.. Саған қатты тапсыратын жұмыс мынау: Әкімұлы Жақсылықты білетін шығарсың, Қызылбастың шоқпары. Ыдырыс екеуіміздің үстімізден арыз жазыпты. Ол Ыдырыстың өзіне келіпті. Иттің баласы тарыдай қатысы жоқ, адамға тиіседі, бір бәле итеріп жүрген шығар соны. Мен былтырдан бері өштікпен істеді дер деп аяп жүр едім. Данағұлға айтып соған бір ыстатиа міндіріңдер, жөні келсе, Данағұлға айтсаң, бір шала табар өлмесе...”

Әкімұлы Жақсылықтың сонына Данағұл шала байлай алды ма, ыстатиа мінгізіп үлгірді ме — ол жағы бізге қараңғы.

Бірақ, губірнеде отырып, губірнелік “Қосшы” кәмитетін меңгеріп отырып Телтайдың осы “нұсқауды” бергені анық. Жаса, жаса, Телтай! Сен жасасаң, ескірген ел партиясының талайын қоздырып үлгіретіңіңе біз кепіл!..

Енді үшінші хатына келейік:

“Қайболда.

Саған бір хатты жазғаныма бірнеше күн болды. Адам жоқ боп жібере алмай жүр едім... 30 мыңды немкетер қылып беріп отыр. Өткізе алсаңдар, бәрін өткізіндер. Болмаса, өткені өтер, оған қысылмай-ақ, қой.

Басқа уезде бұрынғы үлестері де өткен жоқ (Апырмай, осыны шаруа қарызы туралы айтып отырса жарар еді?! Б.).

Ыдырыстың үйінде, өзің жатқан қомытта, Манай Нұғыман жолдас екеуіміз турамыз (Жаңа хатшы Губкомға). Жүрегің қорқып кетіп жүрмесін Губком хатшысы дегенге.

Шалқарда сені қалдырамыз деген пікір жасадым, төре ағалыққа... Бірақ мен кетпей жүріп Құрекем баласының билегені ме, Данағұлдың түскені?.. Тоғызбайұлы екеуің қатар отырып бір адамды сақтай алмағандарың қалай батыр ?

Менің жайымды айтпай білесің ғой, тұрған жай мен жолдастан ішің сезер: көшедегі анау-мынауы тіземен қағамыз!..”

Қазақстанның ауылшаруашылық склады сондай бір “қызмет хатын” бастырып алыпты. Орысшасы: “КССР Акционерное общество сельхоз складов. Каз Госсельсклад отделение гор. По вопросу”. Осыны бір қазақ жігіті ала салыпты да, былай деп аударыпты: “КССР Қазақ асионерний ошествасы Ауыл шаруа қожалық ысклаты. “Қазақ коссел ысклад” бөлімі қаласы сауылдармен”. Міне, аударып отырған қазақ. Қазақша аудардым деп отыр. Осыны аударған қазаққа бұдан басқа да бір аударма тапсырсаң,

нақ осының өзіндей қылып шығармайды деп айта аласың ба? Әрине, айта алмайсың. Өйткені ол қазақ шәлдір-шүлдірдің қазағы. Қазақ атымен кеңседен орын алып, қазақ тілінің орнына шәлдір-шүлдірді жұмсап отырған қазақ.

Қазақ тілі туралы көп айттық, көп жаздық, енді осыны “айтып қоярдан” шығарып, бір шарасын істесек те болар еді деймін.

“Еңбекші қазақ” газеті, 1928 ж., 24 тамыз.

МҰСАДАН ХАТ КЕЛДІ

Мұса – орысша оқыған жігіт. Өзгерістен бері қызметке кірмей елде жүрсе де, губерnelік қазақ кемесиесі шақыртып алып жұмысқа қосқан. Мұса гүбірнеде қызметте.

Мұсаның үйі, елі екі-үш айдан бері көрмей, Мұсаны сағынып жүрген. Бір күні Мұсадан хат келді.

- Мұсадан хат келді! - деп балалар жүгіріп жүріп бүкіл ауылды хабарландырып болды. “Қадірлі баланың” хатын оқып хабарын білгелі кемпір-шалдар бүкшендеп қатын-балаға шейін қалмай жиылды.

Хат қазақша жазылған. Мұсаның әкесі Байғабыл азырақ хат танитындығы бар, хатты оқи бастады. Хаттың сөзі мынау: “Ассалаумағлекум, әке! Әжеме сәлем. Ауыл, көршіге де дұғай-дұғай сәлем дерсіз. Ең басында айтар сөзіміз үшбу дүр: қызметке кірдім. Айлық жалуыниам 90 сом. Күніне 8 сағат занимайтса етем. Қаланың бір удобны жерінен – тсентрден куэртир алдым”.

Байғабыл отағасы соңғы сөздерге түсіне алмай азырақ мүдірді. Жанындағы қатыны төніңкіреп:

- Бапасы-ау, немене қылдым деп айтады дейсің? - деп қарай қалды. Байғабыл тағы оқуға кірісті: “Риуэлиутсиеден бері кулэтскі элементтер жабысумен келеді уылысқа. На дынах басталады переуибұр. Сондықтан бұл переуибұрда кулатскі элементтер местіні уылыстан керек қуылуы”. Байғабыл хаттың осы жеріне шейін сүрініп-қабынып зорға жетті. Не дегеніне оқушы Байғабыл да, тыңдаушы жұрт та түсіне алмады.

- Мұсажан “денім сау” деп пе? – деп бір кемпірлеу әйел Мұсаның шешесіне қарады. Байғабыл басын қасыды.

- Күнде өзгеріп жатқан заман ғой, балалар заманның ағымына түсіп тіл тауып алғанын көрмейсің бе? Біз шалдар жастардың жаңа тіліне қайдан түсіне қалайық, - деп Байғабыл отағасы күрсінді.

- Жаңа тілмен бізге жазбай-ақ қойса қайтеді екен, бізге осы қазақтың ескі тілі-ақ түсінікті, - деді бір отағасы.

Мұсаның хаты сағатында бүкіл ауылды ойпаң-тойпаң қылды.

- + Мұсадан хат келді.
- Аман ба екен?
- Аман көрінеді. Хатына түсінген жан жоқ, жаңа тіл тауып алыпты.
- Жаңа тіл? Қазақ тілін қайтеміз?

“Ауыл” газеті, 1924 ж., 18 қазан

ОЛАЙ ЕМЕС, “КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК!”

Қазақ ұлты – Кеңестер одағындағы тең құқықты ұлттың бірі. Қазақ тілі де тең құқықты тіл. Бұрын қазақ тілді елемейтіндер, қазақ тілімен сөйлеуді ар көретіндер, осы күні тілі жаңа шығып келе жатқан баладай, балдыр-бұлдыр сөйлейтін болып жүр. “Так сказать”, “ызыначитті” түйдектеп соғып, өзінше қазақтың алты ай мінсе арымайтын төл сөзіне ие болдым деп жүр.

“Ғыйбадатты тіліңмен емес, көңліңмен істе!”- деп баяғы-да молдалар өсиетін айтатын. Сол айтқандай, біз олардың тілінің бұдырын жаба тоқып, ниетіне риза боламыз.

- Бәрекезде! Қазақ тілі соққы көрген тілдің бірі еді. Ниетіне ризамыз. Осы беттерінмен жүре берсеңдер, әлі-ақ жөндігіп кетерсіндер. Тілі жаңа шығып келе жатқан жас балаларыңа орысша сөйлетуді әуес көрмей, қазақша үйрететін де күндерің болар. Қазақ тілін жүзеге асырың! Кеңсе жұмысын қазақша жүргізіп, ел еңбекшілерінің мүддесіне дәл келтір, - дейміз.

Көпшіліктің де айтатыны осы; партия да, үкімет те осыны айтады. Қазақ тілін кеңсе тілі қылу туралы – үкімет толып жатқан шара қолданды.

Соның арқасында тілек орындалып келеді. Ауылдық, болыстық кеңестерің жұмысы таза қазақша жүретін болды. Уездік мекемелер де қазақ болыстарына бұйрық-жарлықтарын қазақ тілінде жіберетін болды. Қазақша жаза-сыза білген адамдар кеңсе жұмысына алынатын болады.

Бұл қазақ тілін жүзеге асыру жөніндегі жұмысымыздың көрнекті жағы.

Ойлаған мақсат мөнетінде, сағатында орындала қойса, социалдық тұрмысты бір күнде құрып алмаймыз ба?

Ілгері басқан аяқ кері тартылмаса, әлдеқашан бел асып кетпекшіміз ғой.

Бірақ, біз әлі күнгі бірен-саран кеселден арылып кеткен жоқпыз. Ілгері баса берсек, аяқтан шалып қалып, кейін қарай бір тұқырып тастайды. Дөңгелекке оралған томарды жұлып тастап, күшті мүдіртпей созумен бара жатырмыз. Бет түзу, қорған бекем, ұлы күн анау-мынау кедергіні елей қоймас деген үміт.

Мен сөзімді қазақ тілі туралы бастап едім. Енді соныма қайтып оралайын.

“Келінім, саған айтамын, қызым, сен тында” дегендей, қазақ тілін жүзеге асыру туралы орындарда ұшыраған кейбір кедергілерді көш жолынан домалатып алып тастап, мынау естерінде болсын демекшімін.

Қызылорда – Қазақстан үкіметінің астанасы. Сырдария губерниясы астананың қолтығында отырған губерне. Астанадан шыққан бұйрық-жарлық Сырдарияға алдымен тиеді. Астанамен сан-сапалақ араласып жатқан соң, үкіметтің қай жұмысы болса да, басқа губернелерге қарағанда, Сырдария алда отыруы керек. Бұған мен өзім таласпаймын. Басқалар да таласпас деп ойлаймын. Бірақ Сырдария губернелік әкімшілік бөлімі осыған таласады деген өсек бар. “Жел болмаса шөп басы қозғалмайды”, өсектің тарауы үшін де тиянақ керек. Осы тиянақ – губернелік әкімшілік бөліміндегі хатшылық қызметін атқаратын Кеселов табарышта білем. Тілшілердің жазуына қарағанда, Кеселовта бас асаулық бар тәрізді, Кеселов табарыш әлі күнгі “қазақ тілі” деген сөзге аузын алдырмаған секілді. Қазақ тілін :

- Казахски язык! - деп миығынан күледі білем.

Болыстық кеңселерден қазақша жазылған қағаз келсе, Кеселов “кытайский языкке” өшіккендігі сондай, бүктеп-бүктеп үстелінің қуысына тыға салады дейді. Қандай қағаздарды тықты екен, тұқым, көлік сұраған кедейлердің арызы жоқ па екен? Бүктеліп жатқан қағаздарды ашып тұрып көрер ме еді?! Әттең, дүние-ай, көріп бір құмардан шыға алмаймыз-ау! Сырдарияның губерниелік партия, кеңес комитеттері бұл істі аяқсыз қалдырмас қой. Кеселев табарыштың бас асаулығы рас болса, тиісті жазасын заң бойынша тартар. Мұны істейтіндігіне шегіміз жоқ. Біздің мұнда әңгіме қозғап отырған себебіміз – тілші хатының шындығына жету, уақиғаның болуы рас болса, заң бойынша жазасын тартқандығын әлемге жариялап, Кеселев сияқты “табарыштарға” өнеге есебінде ұсыну.

Сәтбек деген кісі бір келініне: - “келін, шырағым, мұрныңды сұрт, өне бойы Сәтбек жаныңда тұрмас”, - деген екен. Сол айтқандай-ақ мекеме басында отырған жауапты қызметкерлерге: Өне бойы біздің түртулерімізді күтпей өздерің де бақылап отырсандаршы! – демекшіміз.

Еңбекшілер жұртшылығы талай қисықтарды тезіне салып, мүсіндей қылып түзетпекші. Бұл талассыз. Құр қалып кететін асыл жоқ. Аяқ астында отырып, пыш-пыштап, жұмысқа кеселін тигізіп, отаршылдық саясаты-ның иісін аңқытатын болса, ондайды ұластырмай қырқып тастау керек. Жаңа жұртшылық ұлтшылдықпен де, отаршыл-дықпен де қатар күреседі. Мұны ұмытатын жөн жоқ.

1928 ж., “Сойқынды содырлар” кітабынан

ПЕРЕВОД

Кеңсе бас сайын отырған қазақтың қайқы танау баласы. Қолына қаламын алып қиратып тастайын деп отырған адам секілді. Сырттан адам келсе, қоқырайып ірілік қылудан да тайынбайды. Тептеп маңайына жақындап, оны-мұны сөз қыла бастасаң ол алдымен өзінің мұңын айта бастады.

- Пәленше де, түгенше де жауапты орынды алып отыр. Солардың бізден несі артық? – деп өзінің төрелігінің маңызды еместігін әлдекімнен көргісі келген тәрізденеді. Кейде бұл мұңның орыс жолдастарына да айтып қояды. Оларға қарағанда өзінің екі тілді бірдей білетіндігіне мақтанып, жазаласа, жікшілдіктің ылаңынан ала көздікке ұшырап отырмын. Әйтпесе... - деп кемсерлікке бой ұрудан да тайынбайды. Жік басы болған азаматтардың кейбіреулері өткен қатасын ойына алып, партия жолына түстім деп, бетін ашса, әлгідейлердің асқынғандары “мен де тәуба қылдым” деп дос-жарларына хат жазып жариялайды. Жазаласа, газет басқармаларына тәуба қылғандығын білдіріп “осыны да бассаңыз екен!” деп өтініш те қылады...

Мен кеңседе отырған қазақ балаларын жалпы айтып отырғаным жоқ. “Аяз әлінді біл, құмырсқа жолыңды біл” дегендей әлінен келетін іске жармасып отырғандарға ешкімнің де сөзі болмаса керек.

Сөзімді “переводтен” бастап едім, енді сонымды аяқтаймын. Жоғарғыларды қазбалап жатқаным, менің жазып отырған переводым соларға байланысты, өйткені қазір де кеңсенің ісі қазақыланып келеді. Жергілікті мекемелерге жіберілетін бұйрық-жарлықтар, елге таратылатын үгіт-нұсқау қағаздары екі тілде бірдей дайындалады. Орысшасын орыс азаматтары дайындайды ғой, ал қазақшалауға келгенде, кеңседе отырған әлгі қазаққа кезек келеді.

- Жолдас, мынаны қазақшаға айналдыра қойыңыз!

Өзі қазақ баласы. Өзі қызметін менсінбей жоғарыға көз салып отырған адам, “қазақшалай алмаймын” деп тіріде айтар ма, қаламды ала салады да тиіседі.

- Қазақшаға аудардыңыз ба?

- Аудардым.

- Маладец.

Кеңсе бастығы өзінен жоғарғы орынға ісінен есеп бергенде:

- Бір қағазды аудартпай жібертпеймін, қазақша іс жүргізу жөніндегі план “үсто пуренсент” орындалды, - дейді. ..

Кеңселердің қазақша жазған қағазын көруге құмарланушы едім. Іздестіре келе біразы қолға түсті. Оқушылардың жалықпаса бірнешеуін алдарына тартайын деп отырмын.

Қазалы жер бөлімінің қызметкері Пошекансов дегенді жамандап бір тілші газетке жазыпты. Айыпталған адамының қарсы жазатын әдеті ғой. Пошекансов орысша мақала жазып, сондағы қазақ қызметкерінің біреуіне жалынады:

- Жолдас, мынаны қазақшалап беріңізші!

Пошекансов орысшасынан:

- С 17-го по 19 марта я был по служебным делам на село – Тюбе - деп бастайды. Мұны қазақ азаматы:

- 17-ден 19 мартқа дейін мен болдым қызмет бабында...“ -деп қазақша жаза жөнеледі.

Бұл сыпайы азаматтардың аудармасының бір түрі.

Қызылорда уезінде шаруа күнін өткізу үшін кемесие елге бір жапырақ қағаз таратыпты. Орысшасы менің қолыма түспеді, қазақшасы былай басталады:

“Қара шаруалар әм диқан шаруалар кеңес үкіметі – жалпы диқандардың үкіметі. Сонымен қатар сендердің жақсы тұруларың күні - түні жол Саяси әм шаруашылық жақтарының алға басуына жәрдем беруге тырысады, сендер үшін сауатсыздық жою мектебі әм ауылдық мәдениет қазанының қайнауы жол ашады...”

Бұл екінші түрі.

Енді үшінші түріне көшейік.

Ақмоланың губернелік аткомының қаулысы № 35.

Слушали :

16. Ходатайство Губзу о разрешении найма рабочей силы для землеустроительных работ, в случаях отказа населения и представить таковой.

Постановили:

При подтвержденных документальными данными отказах населения в предоставлении дополнительной рабочей силы для выполнения землеустроительных работ и разрешить Губзу производить наем с последовательным взысканием стоимости этих работ с населения в беспорядном порядке.

Бұл қаулының орысшасы. Осыны қазақ қызметкерінің біреуі былай аударған:

Тыңдалды:

16- жұмыскерлерге жер мен пайдалану туралы губернелік жер бөлімінің ынта салмауы жерге орналастыру үшін.

Қаулы қылынды:

Сенімдеуге осы жұмыскерлерді жерге орналастыру ынта салмағандарға көрінеді және жұмыскерлерді есіне алмағандығы көрініп отыр. Соның үшін бұл жұмысқа аса ынта салып жұмыскерлерді жерге орналастыруға аса ынта салуға...”

Бұл қаулының түп нұсқадан бұрыс көшірілгендігіне хатшысы Гуменов қол қойып, болыстарға таратып үлгерген. Басқа болыстардың не қылып жатқанын өзі білсін, ортақшылар болыстық аткомінде отырған азаматтар қаулыны ары-бері аударыстырғанда, еш нәрсе түсіне алмаған соң, басқармаға жіберген.

Мінеки переворот! “Орысша мен қазақшаның екеуіне құдаймын” деп төсін ұратындардың переводты міне осы! Мұның аты бөрік аламын деп, бас алған, қас түзеймін деп, көз шығарған болды. Қолынан келмейтін жұмысқа жармасып, істі былықтырған болады.

Қазақстанда қазіргі күрделі жұмыстың бірі қоныстандыру жұмысы. Қоныстандыру жұмысының көңілдегідей болып орындалуы үшін елге тараған бұйрық-жарлықтың ашық, анық жазылуы керек. Жоғарғы бұйрықтан ел не түсінбекші? Губернелік атком қоныстандыру жұмысын орындауға керекті жұмыскерлерді жалдап алуға қаулы шығарса, аудармашы оны екіншіге бұрып, жұмыскерлерді қоныстандыру деп түсіндіріп отыр. Мұны оқыған қазақ өкіметке өкпелемей ме?

- Жұмыскер дей бергенше, бізді де ескерсе қайтеді, - демей ме?

Ел ойыншық емес. Елді мазақ қылмау керек. Қолынан келмесе, білетінге беру керек. Әйтпесе, мынадай “перевот” масқарашылық. Бүйтіп мекемені қазақыландыра алмаймыз.

Кеңес басындағы жауапты азаматтар да, құр жоғарыдан қарай бермей, “перевотқа” көзінің қырын салып барып қол қойғаны жөн.

“Сойқанды содырлар” кітабынан

РАҚЫМБАЙДЫҢ МАҚАЛАСЫ

Рақымбай кеңсесіне кіріп келгенде үстелінің үсті – қол қою үшін қатарлап қойған қағаз еді. Көзілдірікті имек тұмсығына іле салып, жалбыраған шашын кейін қарай бір-екі рет сипап қойды да, осықпаған аттай алдындағы қағазға одырайып қарады. Қағаздың астыңғы жағында қазақша бір газет жатыр. Бұл – Рақымбай кеңсеге отырғалы бері көрмеген нәрсесі еді. Ожырайып қарап тұрды да, үстіндегі қағаздарды екінші жаққа ысырып жіберіп, газетті қолына ұстады. “Еңбекші қазақ” екен.

- Шорттың ісін!.. мұны маған не қыл деп әкелді екен?! – деп күбірледі.

Жылмандап хатшысы келіп тұр:

- Қағаздарға қол қойып болдыңыз ба?

Рақымбайдың ойында түнгі ішкен пиво, Бердібайдың қызып отырып, “сен кариериссін” деп тіл тигізгені, Жұмабайдың қатынының қала

қарап, бұл қарағанда ішті күйдіре жымыып күлгені – бірінің артынан бірі тізбектеліп Рақымбайдың ойын бөліп тұр еді. Хатшысының сөзін елемеді-ау деймін, газетті қолымен көрсетіп:

- Мынаны неге әкелдің? – деді.

- Өзіңіз жаздыр деп бұйрық беріп едіңіз ғой. Бір жылға жаздырып едік. Бүгін поштамен келген соң сізге керек бола ма деп үстел үстіне қойдырып едім, - деп хатшы ғапу өтінгендей болды.

- Мен оқу үшін емес, редактор айтқан соң жаздыра салғам. Шкапқа апарып сала сал, - деді.

Қақпағы алқа салқа болып жатқан қара шкафтың ішіне “Еңбекші қазақ” кіріп те кетті...

Редактордың шап бермесі қандай, Рақымбайға көшеде кез келіп қалып:

- Әй сендер газет алдырып жүрсіндер ме? – деп сұрады.

Рақымбай мұртынан күліп:

- Алдырып тұрмыз.

- Қазірде айтыс мақалалар көп шығып жүр, оқып көрген шығарсың?

Алдырған газетті оқымадым деу ерсі ғой:

- Иә, - деп Рақымбай басын изей салды.

Осы бас изеуімен құтылам ба деп еді, болмады – редактор тағы жабысты:

- Ондағы айтыс мәселелерге қалай қарайсың?

Оқымаған, білмеген нәрсеге қалай қарау керек?.. бірақ, үндемей қалу қиын. Көзілдірікті азырақ дұрыстап қойып:

- Кейбір жердеріне несогласынмын, - деді.

- Ендеше өзіңнің ойыңды айтып қарсы мақала жаз!

Рақымбай қысылайын деді. Қырымнан әкелген сырлы таяғымен жерді шұқи бастады.

- Қашан жазып бересің? – деп редактор қысып барады.

- Жақын арада жазып берейін.

- Жақыныңды қой, күнді белгіле – алдағы жұмаға бітіріп маған тапсыр...

Ертең жұма. Рақымбай әлі мақала жазған жоқ. Жазбай құтылуға болмайды, - бір жерде болмаса, - бір жерде бетіне басып ұялтады.

Енді қайту керек?

“Еңбекші қазақтың” номерлерін жидырып алып оқып еді, еш нәрсе өнбеді, бір мақаланы ежіктеп оқу үшін бір сағат тұрды... қалам-қағазын дайындап мақала жазуға кірісті:

“Шаруашылық ағымы”

- “...Бізде шаруашылық ағымы жазылып тасып барады. Так ышто, енді бірер жылда двойной нормаға жетуі емкан пірамешлоннст...” – деп тоқтап қалды.

- Мұның қазақшасы қалай болды екен?..
- Қатын, қатын!
- Ау.
- “Пирамешлонност” деген сөздің мағынасын білесің бе?
- Телефон шыр ете қалды.
- Бұл кім?
- Басқармадан сөйлеп тұрмын. Мақала жаздыңыз ба?
- Жаздым.
- Жібере қойыңыз.

Өзі болдыра алмаған соң хатшысын шақырып алып, екі беттік бірдеме жаздырған екен. Редактор оқып отырды да, кейіп кетіп:

- Пуиттік – шорту! Осыны мақала жаздым деп отырсың ба? Қазақ тілін, қазақ жазуын үйрену керек қой. Кеңселерді қазақыландырады деп отырған кеңсе басындағы сендердің істерің мынау, басқалардан не күтпекшіміз, - деді.

Рақымбайда үн жоқ.

Не десін. Үндемей басқармадан шықты, сол кеткеннен Рақымбайдан хабар жоқ: үйреніп жүр ме жоқ мақала жазып жүр ме біз білмейміз.

Хабар алсақ, кезінде тағы жазамыз.

“Сойқанды содырлар” кітабынан.

БИДИШ, ШАЛАБЕК ЗАНИТ

Болыстық атком ағасы Оспан деген Николай кезінде болыс болып ел билеген жуанның нағыз өзі еді деп, сол жақтағы газет тілшілері без-без етеді.

Оспан болыс орысшаға жетік. Заманның түзу шағында тәртіп көріп қалған кісі ғой, болыстық атком ісін баяғы үйез кеңсесінен бір-ақ елі төмен жүргізетін көрінеді. Мұны “Қазақ тілі” газетінің 58-санын оқысаң көресің. Ірі адамның жұмысы да ірі болуы керек. Уақ – түйекке қатыспаймын-ақ десе де, бала-шаға біле қоя ма, бірінің артынан бірі келе береді.

- Но, баласындар-ау, осындай пұстәкпен келесіңдер ме?

Сұлу мұртты жіберіп, жоғарыдан келген қағаздарға “тәртіпті” қондырып жатқанда, оқу бөлімінің жіберген Оразғали Күзембайұлы деген жігіті кіріп келеді. Балалығы ғой, түксініп отырған болыстың бара қолына жармасады.

- Табарыш, рукопажатый атменаетса!

Болыстың ежірейген екі көзін көргенде Оразғали бала ызы-қызы болып отыра кетеді. Қанша күтсін, күн ұзақ қой, Оразғали бала жұмысын айтып күңкілдейді.

- Мені қандай мектепке орналастырасыз? Барып түсуге болмас па екен?

- Бидиш, шалабек занит. Я болыс сериозный...

Жұмыспен айналысып жатқанда қайдағы жоқ мектепті айтып, ойды бөлген Оразғалидікі де балалық қой. Оспан болыстық аткомге сайланғанда мектеп үшін сайланып па еді? Оспанға қайта елдің баласының оқымағаны керек. Елде оқу білетін жалғыз Оспан болса, бақыт шіркін бұдан да өрлемей ме?

Жұмысы біткенше Оразғалиді күттірп барып, ақырында қолына жапырақ қағаз жазып берді. Қағазда сөзі мынау:

“...Мына хатты апарушы Күзембайұлын сол жаққа орналастыра салындар, пуст там шытайтса”.

Мақұл. Мұғалімге болыстық аткомдер осы көзбен қараса, елде ағарту жұмысы өркендеп-ақ кетеді ғой. Біздің қазіргі қолға алып отырған жұмысымыз—ел арасында кеңес жұмысын жандандыру, ауылдық, болыстық кеңестер елмен қоян қолтық отырып, ел тілегін дөп келтіріп, іс істесін дейміз де. Тек Оспан сияқты “сериозный” кісілерді болыстық аткомге сайлап мазаламау керек. Бақ құмарлықпен “шалабек занит”.

Ондайларды босатып үйіне жіберу керек.

Пуст, там шытаетса!...

“Ауыл тілі” газеті. 1923 ж. 1 желтоқсан.

ХАТТАР СЫРЫ
ПИСЬМА Б.МАЙЛИНА

Б.МАЙЛИННИҢ ҚАЛАМДАС ДОСЫ І.ЖАНСҮГІРОВКЕ
ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

ІЛИЯС !

Түнеу күні басқармада отырғанда бір жұмыс тапсырып едім. Барған соң біліп, маған хабарын бермекші едің. Ұмытып кеттің-ау деймін. Тапсырған жұмысым: былтыр центриздатқа бір кітап беріп едім. “Жастық жалыны” деген. Содан дерек болмай кетті. Бірнеше рет хат жазып, бір жауабын ала алмай-ақ қойдым. Осыны саған әлі де болса тапсырам. Бар-жоғын, басылатын-басылмайтынын айтып маған хат жазсаң деймін. Мүмкін болса, жауапты тезірек жіберсең, жақсы болар еді. Бір-екі жылдан бері журналдарда басылып жүрген бірсыпыра әңгімелерім бар еді. Солардың бәрінің басын бір жерге қосып, үлкен кітап қылып баспаға берсем деп ем. “Жастық жалыны” онда басылмайтын болса, мынаған қосып жіберуіме керек-ақ. Басылмайтын хабарын айтсаң, сонымен бірге таба алсаң, қолжазбамды өзіме қайтарсаң, Менің тапсырған жұмысым толық орындалады деп білем.

Бірқалыпта жұмыс істеп жатырмыз. “Жаңа әдебиеттің” 3-саны жақын арада шығады. 4-саны баспаға берілгелі жатыр. Сен бір өлең жіберген екенсің. Шәймерденнен алып оқып көрдім. 4-санына басамыз деп отырды.

Бір жапырақ өлеңіңді Сара маған беріп еді. Мен “Ауыл тіліне” басып жібердім. Қысқа ғана жазып тұрсаң “Ауыл тіліне!” басып жіберіп тұруға болады.

Хат жаз. Қош бол.

Бейімбет.

*Апрельдің 2-сі, 1928 ж. Менің адресім: Қызылорда, Ленина, д.
24, Майлину.*

ІЛИЯС !

Денің сау шығар, оған шегім жоқ. Терезе ашылып қалып жел тимесе, ауыра қоймаған шығарсың. Мен де өзің көргендеймін, саумын. Жол көріністерін жазам деп саған уәде беріп кетсем де әзір ешнәрсе жаза алған жоқпын. Жазарлық та емес. Ташкенде үш-төрт сағаттай болдық. Оның өзін қыдырумен өткіздік. Енді! Бұдан әрі жүруге бет түзеп, билет алып буфетте отырмын. Адам көп болған соң шет жағына отыра салып едім, Ташкеннің халқы мұндай көргенсіз болар ма, ерсілі-қарсылы жүріп, мазамды кетірді. Кітап оқуға кірісіп едім, болдыра алмаған соң, бас салып

саған хат жазғаным ғой... Хат жазғанмен күрделі бір нәрсе жазады екен деп дәмелі болма — айтатын дым жоқ - Жалғыз-ақ айтайын дегенім: Нұрғали бөлмесінде жалғыз жатуға қорқып, Қызылорданың көшесінен бірге қонатын адам іздейтін көрінеді. Бөлмелерің басқа болғанмен үйлеріңнің керегесі бір — Нұрғалиды қорқытпай, қыдыруыңды кемітіп болса да, — (қолың тисе деймін) үйінде жата салсаң да болады... (Мұны Нұрғалидың құлақ қағысымен жазып отырмын).

Сенімен кетерде бір мәселе туралы әдейілеп сөйлесермін деп едім, кеше настроением болмағасың, өзім де сезіп едім, сондықтан кейінге қалдырдым. Аман барсам (аэропланнан құламай) айтармын.

Көрмегелі көп болды. Аманғалиға сәлем айтарсың. Ташкеннің дашға баратын поезы жүргелі жатыр екен. Қаптаған адам ерсілі-қарсылы жүгіріп, мазам жаман кетіп отыр. Бүйте берсе, настроениемді бұзып жіберуден тайынбас. Сен ренжімесең, осы хатты аяқтасам деймін. Бұған қарсылығың жоқ па? Қарсы болмасаң, қолыңды көтер! (единогласно). Сонымен сүйтіп, біздің хат аяғына бір табан жақындады білем. (Осы жерге келгенде Ғаббастың шатынап отырғаны көзге елестеп...)

Нағиманың ұйқысы келіп, есіней берген соң, Сараны ертіп шайханаға шай ішуге кетті. Мен пиво ішумен болып жатырмын. Шөлдеп отырған шығарсың, әкел бір көтеріп жіберейік.

Енді бітірдім. Қош! Көптен бері көрмей сағынып та қалдық білем.

Бейімбет.

Ташкеннің вокзалы. 6/IX — 28 жс.

ІЛИЯС!

Амансың ғой! Сағат 9. 1/2-да Пішпек келдік. Түске шейін қыдырып обедтің артынан ұйықтап едім, жаңа тұрып мына бір-екі оқшау жазып тастадым. Алысымен кешіктірмей жіберерсің. “Қарындашпен жазылғанды баспахана алмайды” деп естіп едім. Көшіруге тура келсе, бала, қата көшіріп жүрмессің, сақ болғайсың. Пішпек туралы да бірдеме жазам ба деген ойым бар.

Үлгіре алсам, ертең жазып жіберермін.

Бейімбет

Пішпек, сентябрь, 8, 1928 жс.

ІЛИЯС !

Мына біреулерді “Е.Қ.”-қа деп жібердім. Жараса басарсыңдар. Жарамаса сақтап қой, өзіңнен алармын. Алматыда жатырмын. Алматы маған өте ұнады. Жағалай аралап көрдім. Бүгін атпен тауға шықпақшы едік, жаңбыр кесел болды. Кешеден бері үздіксіз жаңбыр. Күн ашылса ертең шығамыз. Әзіріне бергі тауды аралаймын. Сентябрьдің

20-сы күні Оразбен қосылып арғы қарлы тауға бет алмақшымын. Ол жақта 4-5 күн болам ғой деймін.

Жолда көрінгендерден бірдеме жазбақшы едім. Әлі болдыра алмай жүрмін. Демалыста жүргенде жұмысқа мойын жар бермейді екен.

Әзірге қош.

Шәймерденге сәлем айт.

Бейімбет

ІЛИЯС!

“Ұшпақ болған соң зымыра” — деген ғой, жүріп кеттім. Саған барып шығармын деп отыр едім, Ғабиттер келіп, солардан шыға алмай қалдым.

Және өзің келе ме екен деген де ойым бар еді...

Өзің білетін календарь бар еді ғой, мен бірсыпыра материалын биыл іздеген болып жүр едім. Енді қалып қойды.. Мен апрельдің аяғынсыз келе алмайтын түрім бар ғой деймін.. Олай болса, сен сол календарьды қолға алып істей бергенің жөн. Қалғанын мен келген соң, бітірерміз. Менің келуіме таза қаратып қойып жүр ме, ұят арқалап жүрерміз. “Тималайды” баспаханаға тапсырмақшы едім, ұмытылып, менің портфелімде жүріпті. Жаңа қағаз ақтарғанда тауып алып тастап кеттім.

Хош! Хат жаз. (Қол қойған)

Бейімбет. 25 / II—29 ж.

ІЛИЯС !

Телеграмманды жаңа алдым. Жазылатын фельетон жоқ. Қостанайға келгелі к... басып отыра алмадым. Елге шығу үшін ат табу керек болды, киім табу керек болды. Жүгіріп жүріп бәрін де таптым. 20 сомға бір ат жалдадым. Бір ішік тауып кидім. Аяғыма пима алдым, әзірмін. Ертең сағат 7-де жолға шығам. Меңдігара орталығы бұдан 110 шақырым екен. Арада бір қонып барамын ғой деймін.

Күн кеше бұрқақ, суық еді, бүгін жылынды. Майда жел есті, күн көзі күлімдеп қарады. Тегінде тоңбаспын деймін. Мендегі материалдарыңды қайтардым, ескіртеп алсам ұят болар дедім. Өзімнің жинаған бірсыпыра материалдарым болушы еді. Оны ауданға барған соң жазбақпын. Так что менен 10—15 күнсіз материал барып үлгермес. Ауданға хат жаз, аманшылығыңды білдір. Жел ұстап қалған жоқ па? Бір түрлі көңілсізбін, шаршап отырмын. Фельетон жазамын деп материалды әрі-бері қопсытып едім, еш нәрсе шықпады, қойдым. Жолдасым ұйықтап жатыр, мен ояумын. Далаға шығып едім, жел басылыпты. Тымырсық айсыз, жұлдыз жымың-жымың етеді, әлденелер еске түседі. Күрсінесің...

Жүр, қыдырасың ба? Қойдым, шаршадым, жатам. Хош бол — қолыңды әкел! (қол қойған).

Бейімбет. 5 / III—29 ж.

Сара товарышты көрсең, Қостанай даласынан бір қазақ сәлем айтыпты дей сал.

Шәймерденге бір сәлем, Аманшақа бір сәлем тағысын тағыларға. Сұрағандар болса айтарсың, сұрамаса айтпай-ақ қой.

Қарап отырып ұйқымның ашылып бара жатқанын қарашы.. Онда не бітірмекші екем? Өй, қызық десейші!..

Календарь есінде бар ма? Жаз. Пешіңе сексеуілді тыға түсіп, қара пальтоны аяққа жамыл да жазуға кіріс. Тағы не жазайын? Осымен аяқтасам, ұрыспайсың ба? Жарайды, қойдым. (қол қойған).

Қостанайдың білім дүкеніне барып едім, соңғы жылдары шыққан қазақ кітаптарынан таза екен. Келістіріп жазбақшымын. Барған соң жіберетін материалымның алды сол болар.

Мына кешке қалалық оқу үйіне барып едім, өлкеде шығатын газеттерден “ЕҚ” жатыр. Журналдардың бірі де жоқ.

Жолда бірсыпыра кітаптар алып едім, екеуін оқып шықтым. 3—4 кітапты сүр сақтап отырмын. Ауданға барған соң іш пысатын күн болады ғой, сонда оқырмын деймін.

Мен бірер айда қайта алар ме екем, сен білесің бе? Бірталай жаздым. Не жазғанымды басынан оқып шығайын деп едім ұйқымды келтірді. Сосын сен оқиды ғой деп жібере салдым. Тегіс оқып шыққайсың (қол қойған).

Шәймерден қайда? Сұқсырдай болып жаншылып отыр ма? Сірә мені естеріңе аласыңдар ма?.. Мендіғараның кеңсесі—Елжан Оразұлының ауылында болады екен. Елжан өлген кісі. Жазып қалдырғандары көп дейді. Нұржан ақынның да бірсыпыра жазғандары Елжанның қағазының ішінен табылатын болса керек. Қолым тисе, соларды көріп, пайдалану жағын қарастырармын деймін. “Жаршыға” бірсыпыра күлкі жазып жіберсем қайтеді деп ойлап едім, күлкім келмегенге ме, ешнәрсе аузыма түспеді. Сосын ол мәселені кейінге “отложить” етуге тура келді. Мен үшін өзің бірдеме жаза саларсың.

Аманғалиға сәлем айт, журналы уақытында шықпайды деп оқушылары ренжитін көрінеді.

Иә, солай жаным. Айыпқа бұйырмасаң, мен осымен хатымды бітіремін. Ғапу өтінем (қол қойған).

Бейімбет.5/111—29 ж. Қостанай, Мендығаринский Рук, т. Майлину.

ІЛИЯС!

Қостанайдан хат жазғам. Ауданға марттың 7-күні келдім. 8-і күні шығып 4 ауылнай елді аралап, 15-і күні қайтып оралдым. Қазір ауданда жатырмын. Бірер жеті осында болам. Содан кейін қайда болатыным белгісіз. Өзімше апрельдің бірі шамасында қайтуым керек. Фельетон жазармын деген бірсыпыра материалдарым бар еді. Қол тимейді. Жазуға

жағдай жоқ. Бір фельетон жазған болдым, жараса басарсындар. Ел арасындағы адамдардың жазғаны басқармадағыларға ұнамай қалатын кезі болушы еді. Оған ұшыраса басылмай қалады да.

Хат жаз деп едім ғой. Тым-тырыс жатырсындар, енді жазбай-ақ, қойындар. Бәрібір келіп үлгермес. Апрельдің басында Қызылордаға қайта алмаған күнде де бұл ауданда болмаспын.

Күн жылы. Бірер күн жаңбыр да жауды. Қар жұқа. Ел күйлі екен. Меңдігара елінің жалпы жайы туралы жазып өтпекші едім, бұл жолы үлгірмей отырмын ғой.

Жолдастарға сәлем. Сұрағандарына ғана айтарсың. Сұрамағандарына айтпай-ақ қой. Ұмытқан товарьштар да бар шығар. Үйден хабар алған жоқпын. Бала-шаға жүдеп қалмаса жарар еді. Көздеріңнің қырын салып қоярсың.

Көңілсізденіп отырмын. Ішім пысты. Жұмыс басты. Ұзақ, қылып жазармын деп едім, сөз таба алмадым. Мылжыңдыққа жоқ екенімді білесің ғой. Осымен хатымды бітірсем деймін. Қолым тисе, ерінбесем тағы жазармын.

Қол бол (қол қойған) Бейімбет март 18. Меңдігара. (Бұл — 1929 жыл болуы керек — Т.Б.)

ІЛИЯС!

Бүгін “Аудан” деген бір оқшау жіберіп едім. Бұл жолы: “Өңгіме Балтабайдан шықты”, “Аудан съезінде”—деген екі оқшаусымақ жібердім. Қойын кнежкеме жазғандарымды өндеп жіберген болдым. Бәрінен бұрын осыны көшіріп жазу-ақ қыйын болды. Үстел жоқ. “Тізеге қойып жазған соң адамның белі ауырады екен. Қостанайға жүрейін деп жатқан бір адам бар екен, содан беріп жіберейін деп асығып жазып отырғаным ғой. Сендер ұнатпай баспай тастап жүрмеңдер. Нақа басылмай қалса, жоғалтпай жинап қой, барған соң өзіме табыс қыларсың.

Сұраған жолдастарға сәлем айтарсың. Сұрамағандарына айтпассың. “Сағыныпты” дей салсаң да қарсылығым жоқ. Әрине сұрағандарға айтасың ғой.

Ауданым аман. Шыққан шығыны жоқ. Қар еріген жоқ. Біз жиылыс істеп жатырмыз.

Осымен хат аяқталды деп білесің.

Айтпақшы, мына жібергендерімді басатын болсаңдар, числосының ретімен жібертерсің. Олай етпегенде маңызы болмай қалады. Бұл саған мықты аманат.

Аманғалиға сәлем айт. Күлжамал оған мықты өкпелепті. Барған соң айтармын.

Шәймерденге тағы сәлем.

Бейімбет қой (қойған қолы бар).

25/111-29 г.

ЛИЯС!

10/111-30 г.

Аманмын. Былықтырып тағы бірдеме жаздым. Жазуға уақыт та болмай барады. Кнежкеме жазып аламын да арасынан бір қаға-берісте құрастырған болам.

Бүгін №9,4,2,10 — ауылдарды аралауға жүрмекші едім. Күн боран, соғып тұр. Ертең жүрем. Осы бетімде Қызылжарға да бармақшымын.

Тілшілер съезі болғалы жатқан шығар. Бұл хат барғанша болып та өтеді ғой. Өздеріңе тапсырғаным — менсіз-ақ өткізе беріңдер.

Қатын-баладан дерек жоқ. Неге хабар бермейтінін білмеймін. Хат жазсаң, телеграм соқсаң, адаспай келеді.

Телеграм адресі Смирново, Бейнетқор. Майлину.

ЛИЯС!

Нақа бір суық тиіп қалмаған болса, аман шығарсың. Суық тиіп қалса, ауырсаң, доктор жаныңда ғой, жазыларсың. Саған толып жатқаннан да көп хат жаздым ғой деймін, сенен де жауап түйдек-түйдегімен келіп жатыр, хаттарыңды оқып, не қылсаң, мез болып жатырмын.

Әлі аудандамын. Ауыл-ауылды аралаймын. Қар бір еріп, бір қатады. Жол бұзыла бастады. Бірен-саран құс та көрінеді. Жаз белгісін берді, қанша айтқанмен апрель ғой, енді бірер жетіде қылтанақтаған көк көріне бастамас па екен. Біздің жақтың әдемі кезі майдың іші ғой. Май ішіне шейін осында болсам, уыз қымызды ішіп қайтуға да тура келер.

Ел ішін аралап жүрсең толып жатқан материал. Бірақ жазуға жай жоқ. Қыдырып жүріп қалай жазбақсың және қазақ үйінде стол болмайды ғой, тізеге қойып жазу қиынға соғады екен. Бірсыпыра жазармын деген нәрселерім жазылған жоқ, әйтсе де қарап та жүрген жоқпын, бірен-саран жазғандарымды сендерге жіберіп жатырмын, сендердің оны басып жүргендеріңді, баспай жүргендеріңді білмеймін, өзіме салса басыларлық сияқты еді.

“Путекел” деген бір нәрсе жазып Сараға жібердім. “Әйел теңдігіне” басылар деймін. Басылмаса Сарадан алып оқы. Ұнатсаң “Жаршыға” жіберерсің, әрине, ерінбесең дегенім ғой.

Көп жазатын сөзім де жоқ. Менің мылжың емес екенімді өзін де білесің ғой. Осының өзін де сұрап алғандай ғып зорға тауып отырмын. Әдейі хат жазған соң, шолтыып тұрмасын дедім. Қазақстан съезі менсіз өткелі жатыр. Съезде мен үшін сен шығып сөйлерсің. Шаймерденге сәлем айт. Осы съезде тағы бір орынға я “Зам”, я “алқа мүшесі” болып белгіленсін.

Осымен хатымды аяқтасам деймін. Барға мәзір — сөклесің. Жел тиіп қалмасын, сау бол.

(қол қойған) Бейімбет/4/1У—29 ж. Қазақстанның бұрынғы астанасы Қызылордадан.

ИЛИЯС!

Аман шығарсың. Мен де сондай. Қостанайдан келгелі жұмысбасты болып кеттім. Наркомпростың бір кітабы бар еді, қысып отырып бітіріп алды. Енді бір дем алам ба деп ем, календарьды сұрап Казиздат шыға келді. Сұрауға хақы бар ғой. Бүгін Шермакпен сөйлесіп июньнің 15-не дейін уақыт сұрап алдым. 15-не қалай болғанда да бітіруім керек. Түстен кейін ұйықтап тұрып, сағат 8-де жұмысқа кірістім. Түнеугіден бері жинаған материалдарымды ақтардым. Сен бірсыпырасын “әзірлеп” кеткен екенсің, көп “рахмет” айттым. Сен сияқты ердің ерлігін бағаламауға бола ма... Ашу бар, қабағым жабық... Бұрқылдатып жазып жатырмын. 5 сағат отырып жазып едім, 17 қағаз шығарыппын, күн сайын осы өлшеуден танбасам, июньнің 15-не бітіріп те бермес пе екем. Бір қиын жері — жаңа әліппені жазуға тура келді, жазу өнбейді. Адамның зығыры қайнайды. Ана сенің “әзірлеп” кеткен материалдарыңды бүгін қарастырып едім, тым ұзақ екен. Ішінен бірнеше республикаларды ғана алып, киноның бір баласына латынша көшіруге бердім. Бәрінен де қиыны отпускадан қалғаным болды. Казиздат июньнің 1-нен отпұсқа бермекші еді, осы календарьдың ылаңынан шыға алмайтын болдым. Июньнің басында Ғабит кетеді. Ол бірер ай жүріп келген соң Шермак кетеді. Биекеннің отпус-касы сентябрьден я әрі, я бері болады ғой деймін. Ешқайда шықпаймын, ешкімнің үйіне бармаймын. Дос-жарлардан қол үздік. “Жатқанға берсең, маған берге” түскен жай бар. Сені осында келіп кете ме деп жүр едім, ырысың бар екен — келмедің. Егер көзіме көрінгенінде күн ұзаққа төбелесетін едім. Алматыға август-сентябрь айынсыз бара алмаймыз. Әйелге айтып көріп едім. Алматыға барып пәтер тауып ал деп, көнетін емес. Пәтерсіз қалмасақ, жарар еді. Пәтер тауып қой деп саған тапсырудың өзі де қиын. Өзің ескеріп тауып қоям десең, бәлкім айыбыңды кешіп жіберуім де мүмкін-ау. Сағат 4-тен 7 минут кетті. Бозарып таң атып келеді. Терезені ашып жаңа кішкене отырдым. Түрлі ойлар қаптады. Жас өмір елестеді... Біз шал болып қалдық-ау, Ілияс, білесің бе... қой, жатам. Ертең баспаханаға барып журналдың корректурасын қарау керек. Материал әзірлеу керек. Кешке календарь... Бірін істесең, бірі дайын, әйтеуір бітпейтін бір жұмыс.

Әуешке сәлем айт.

*Қолыңды әкел. (қол қойған)
Бейімбет. 22/V—29 жыл.*

ТОВАРИЩ ИЛИЯС!

Бармысың? Қайдасың? Тірі болсаң болғаны. Мұндамыз. Аманбыз. Күн шығады, батады, кейде аптап қызарады, кейде самал жел еседі, самалға шаң араласып, түтіннің тұншық-тыратын кезі де болады. Жалғыз киномыз бар. Күнара жаңа суреттері болады. Барамыз. Ұрысқан адамдай

қырындап әр жерде жалғыздан отырамыз... Бірақ жұмысқа мүмкіндік бар. Сен жер соқтырып кетсең де календарды бітіріп келем, 15 күні тапсырғалы отырмын. Сенің әзірлеген материалыңды сегіз бет қылып қана алдым. Оның үшін ұрсам десең өзің біл. Қазиздатқа берген бір романым бар еді ғой (Садық) сол шіркін ұнаңқырамай қалып, қайта жазуға кірістім.. Атын “Тартыс” қоймақшымын. Бұрынғы жазғанымның бірсыпыра жерін пайдаландым. Қалғанын тыннан қосып жатырмын. Биыл жаз қайтсем де бітірем деп өзіме серт бердім. “Көзілдірік” (пьеса) журналға басылып еді, кітап болып та шықты. 6 - саны июньнің 15—20 шығады. 7-ші саны баспада теріліп жатыр. 8—9 сандары июль ішінде шығады. Жіберетін материалың болса, тез жібер. Бірталай хабар айттым. Сендей адамға осы да жетер. Азсынсаң, көшке берген тайыңды ал. Айтпақшы, Нарком-простың жұртта қалған шөп шарының ішінде сенің бір үлкен қолжазбаң жүр екен: балалар ертегісі, Лермонтовтың “Шеркестер” дегені, Қазақстанның бес жылдығына арнап жазған өлеңің. Мен жиып алып үйге апарып қойдым. Керек десең айтарсың. Керек емес десең оныңды айт, мен де тастап кетем. Жұрттың боқтығын жиып көшіп баратын адамың мен емес. Қызылордада газет шыққалы жатыр. Бірінші саны июньнің 20-сы күні шығады. Аты “Сыр бойы”. Жазушылары толып жатыр. Белсенді адамдары — Мансұр, Әбдірахман (Мұстафаның), Тәтіжан, оқшау жазушысы мен. Сырт өсегі бұл газет “Еңбекші қазақтан” асып түсер деседі. Кім білсін.. Қайткенде де бірінші санын алып оқуға асыққаның жөн.

Аяғы бітпей қалды. Асықтым.

(Қол қойған) Бейімбет. 12/VI-29 ж.

ІЛИЯС!

Аманбысың. Аманмын. Әлі кетіп барамыз. Өгіз аяңға түстік. Жүріс өнетін емес. Қызылжарға қашан жүретінімізді білмеймін...

Мақаншы жайынан тағы үш әңгіме жазып едім, соны кетерде саған тапсырмақшы едім, ұмытып кетіппін. Маркі табылса, конверт табылса бәлкім жолдан жіберермін.

“Жаршы” журналы шықса, біреуін маған арнап жіберт. Өзің хат жазып тұр. Қандай жаңалықтар бар айтып тұрарсың.

Ерінбесең біздікіне барып, бала-шағаның күйін біліп тұр. Жүдеп қалып жүрмесін. Күн суық, ызғырық боран, нағыз қыс осы жақта. Сен келе қалсаң, суық тиіп аурудан тайынбас едің.

Өзіміз станцияға жалаңбас жүгіріп бара береміз. Әзірге осымен бітірдім.

Қош боларсың. Бейімбет. 13.11.30 ж.

ІЛИЯС!

Шыққалы аманмын. Аمانдығым да шамалы, суық тиіп ауырып жүрмін. Ауырдым деп жататын заман қайда. Ол еріккендердің ісі ғой. Біз шырағым, ондай еріккен емеспіз. Жүргелі жатырмыз. Ауданға ертең барамыз. Жұмысқа кіріскен соң, қол тисе, шатпақтап жазып тұрармын. Мына біреуді жазып едім, басым ауырып, көңілсіз отырған соң, оңды шығара алмадым ғой деймін. Жазып болып оқысам, жазармын дегеннің бәрі ұмыт қалыпты, өйткенмен де басып жіберулерің керек. Ғаббасқа айтарсың, тағы жазып тұрармын.

Өзің хат жазып тұр. “Бейнетқорда” екі-үш ай боламын ғой. Почта жетісіне екі рет қатынайтын көрінеді. Алматыдан 10-15 күнде хат келіп табыс бола берсе керек. Хатты жиі жазып тұрсаң, тіпті жақсы. Шетте жатқан адам астана хабарына елеңдейді де тұрады ғой.

Сәбитпен бірсыпыра сөйлестім. Ол туралы кейін жазармын.
Өзірге қош (қол қойған)

Бейімбет.20/11-30 ж.

ІЛИЯС!

Мына біреуді тағы жібердім. Ғаббасқа апарып оқып шығындар, ұнатпаса, баспай тастаса, сақтап қойындар, барған соң өзіме табыс қыларсындар. Қазір түнгі сағат тоғыз. “Үлгі” артелінің басқарма мүшелері, белсенділері жиналып отыр. Солармен өндіріс жоспарын талқылауға кірісеміз. Күн алай-түлей боран. Сібірдің нағыз суығы, далаға шықсаң, бетің тыз-тыз етеді.

Қош бол, Аманғалиға айрықша сәлем бола береді ғой.

(қол қойған) Бейімбет. 23/11—30 ж.

г. Кедей. Жібергендерім басылса, дұрыстап көшіртіп сақтап қой (Бұл Бейнетқор ау. Солтүстік Қазақстан облысында— Т.Бейісқұлов.)

ІЛИЯС!

Мына “Аудан өмірі” жазыла келе ұзап кетті. Оқушыларды жалықтырмас үшін ципырдан қаштым. Біраз кемшіліктерді қалқып өттім, онсыз болмады. “Колхозсоюз” агрономдардың мына қылықтарын түзетпесе, елдің көңілін суытады.

Ғаббасқа айт, ұзын деп баспай тастап жүрмесін. Бірсыпыра жіберіп аңыстарыңды аңдаймын. “Салқындық” қылсаңдар, жазбай қоюдан да тайынбасын.

Жазуға біртүрлі шабытым келіп жүр, бірақ уақыт жоқ. Осыны жүгіріп жүріп зорға жаздым.

Сағат 3-ті соқты. Жатам. Ертең ауданды аралауға шығам. Таңертең үлгірсем тағы біреуін жазып кетермін. Он күнсіз ауданға қайтып оралмаспын. Ерінбесең амандық білдіріп хат жаза сал.

Аманғалиға сәлем.

(қол қойған) Бейімбет. 26/11—30 ж.

ИЛИАС!

Семейден бір хат жазғам, бәлкім алған боларсың. Сен сұраған мағлұматтың біразын Семей ұйымы бұрын жіберген екен. Қалғаны кейін жіберілді. Семейдегі ұйым, оның мүшелері мені онша қанағаттандырмады. Жұмыстары жүрдім-бардым, ат-үсті. “Пәлен жазушымыз бар” деп ауыз толтырады, жазуға келгенде бірінің де берекесі жоқ. Егіске арнап жинақ шығарамыз деп дүрлігісіп жүр екен, (әрине талаптары жақсы-ақ), материалдарын мен қарап, газеттің бір бетіне толтыра алмадым. Өздерінде келген кісіні талғаушылық та бар ма дедім. Олардың керексінген кісісін өне бойы ұйым қайдан жіберіп отырады?..

Новосібірде бірсыпыра бейнет көріп алдым (жол бейнет-сіз қайдан болсын-ау). Плацкартсыз вагонге мініп, түн ішінде Қызылжар түстім. Ертеңіне Ғалымды іздеп таптым. Келе жиылыс шақыртып ем. Жұмыс жабулы екен. Соны қозғауға бірсыпыра қам істедім. Негізгі мәселелер обкомда шешілді. Бүгін белсенділермен біріктіріп ұйымның жиылысын өткіздім. Жиылыста обком, горкомның үгіт бөлімдерінің бастықтары да болды. Бірсыпыра сөйлеп жібердім білем (Илиястың тапсыруы осылай еді — деп қоям ғой). Ғалым ұйым жұмысына босатылып шықты. Тағы бір хатшы белгіленді. Басқармадан орын алынды. Орыс, татар секциялары құрылды. Қарағанды, Степнякте секция құрып, жұмыстарын бастау үшін Ғалым ертең менімен бірге жүрмек. Сметаларын облисполком 25 мың сомға бекіткен екен, оқу бөлімінің бастығы ауданда болып, ақшаларын ала алмай тұр екен. Садық ол ақшаны түгел әперуді міндетіне алды. Ұйымға нұсқау ретінде сендерден келген бір жапырақ қағаз жоқ. Мен қайбір кәнігі адам. Әйткенмен “басқа түссе баспақшы” деп, дұрыс-бұрысын білмеймін, толып жатқан нұсқау берген болдым.

Жолда қатты шаршап келген екем, тынығып алдым. Ертең Қарағанды жүрем. Екі көзім Алматыда. Мен шығарда “пайоктан шығып қалдық” деп ең-ау, рас болса, семьяның жайы қалай болады? Жеткілікті ақша да қалдырғам жоқ. Ақша жағынан ептеп қараспасаң, болмас. Мен де сенің қатыныңа, нетіп, қарасармын ғой.

Ғалым бәйбішесі екеуі жиылыс іздеп кетті де мен үйде қалдым. Мына бір бесіктегі баласы жылап... Ана бір құржиган шал әрі-бері тербетті де далаға кетіп отырды. Баланың безектеуін көрдің бе?.. Келін жиылыстан келсе, сен шалдың төбенді тестіретмін ғой.

Өзім кейіп отырсам, мына бір мұғалім арыз айтады: “Қазақстанның өкілісіз ғой, арыз айта келдім” — дейді. Адамын тауып-ақ айтып отырау, ә?... Қызылжардың — стансада, сықырлаған аяз түнде, төсек-орнын қолтықтап, 4—5 сағат дірдектеп далада тұрғанымды қайдан білсін-ау...

Қой, осымен бітірдім. Мұндай бағалы хатты Фатимаң да жазбас саған (Осы бір соңғы сөзім, Қажым айтқандай, “езулік” заңына сүйеніп кеткен жоқ, па?).

Қатесі болса, түзетіп, артығы болса, алып тастап, дұрыстап оқуынды сұраймын.

Ағаң (қол қойған) Бейімбет. /1У- 33. Қала — Қызылжар.

ІЛИЯС!

Жұмсақ вагоннан орын тимей арып-ашып келдім. Жолда Қызылжарға соғып, онда екі күн болдым. Ондағы жұмыс тым нашар. Жұмағұлов дейтін жолдас ауызекі уәдені тым көп бергенімен, істемейді екен.

Союзға әдейілеп адам бөлген жоқ. Айсарұлы шөп басын сындырмапты. Өйткені оның уақыты да жоқ. Әйтекеге жолығып адам босату жағын сөйлесіп ем, ол қылжақтап, ыңғай бермеді: — Біздің облыстан ұйым ашудың қажеті жоқ, — деп өзіме біраз “ақыл” айтты. Өйткенмен біраз тапсырыстар беріп кеттім. Либретто бәйгесіне қатынасуы бола қоймас, өйткені қалай жазатынын білмейміз дегенді айтысады. Челюскин бәйгесіне қатынасатындар біраз болатын, бірақ мән жағынан, қандай болатынын күні бұрын айту қиын. 15 жылдық туралы бірсыпыра жазыңдар деп тапсырып кеттім. Оған құп деді. Қысқаша айтқанда облыс орталығы осы күйде. Қарағандыға 14. II күні келдім. Түнеукүні аяқтап, бүгін үйге мәшине алдырып, бастырып жатырмын. Бір жағынан орысшаға аудартып жатырмын. Орысшасының үлгерер-үлгермесін білмеймін, қазақшасын 25.11 күні почтаға саламын. Жараса алынар, жарамаса қалар.

Сен комиссия мүшесісің ғой, есінде болсын: бәйгеге түскендерден бірінің басын, бірінің аяғын алып құраймын деушілер де болар (режиссерлардың тақымы толмайтын әдеті ғой), мен ондайға қарсымын. Жарамаса мен өзімдікін сол күйінде қайтарып аламын.

Бүгіннен бастап “Қызыл жалауға” кірісемін. Қарқын жаман емес, тегі бірдеме шығар. Хат жаз. Ондағы жұмыстарыңды айт. Ғабит сонда, сонда білдіре сал. Біздің үйге оқта-санда бас сұғып қой.

Ағаң. 20.11. 35 жс.

Орталық архивтегі Т.Нұртазин қорынан

МЕН ҚАЛАЙ ЖАЗДЫМ?

“Қалай жаза бастадың?” деген сұрауға жауап беру үшін өмірдің өткен кезендерін бір шолып өтпесе болмайды. Шыны, бұл ескерілмей жүрген тақырып еді. Оқушыларға пайдасы тиетін жері болса, ойда қалғанды жинастырып көрейік.

Мен ауылда өскен адаммын. Егін салып, шөп шауып, мал соңында салпақтаған Мырқымбайдың бірімін. Бір жасқа жетпей әкем өлген екен, үлкен шешем қолына алып тәрбиелепті. Жұмыстан қалт етіп қолым босаса, мені молдаға қарай сүйреу шешемнің әдеті еді. Шаншар молда деп атанған бір ноғай молда болды. Біздің ауылда бірталай жыл тұрды. Бар білімі “Бақырғанды” әндетіп оқыту еді. Сол молдадан хат таныдым. Сол молдадан “Бақырғанды” оқуды үйрендім. “Бақырғанға” басқа қыссалар жалғасты. Қол тигенде, жұмыстан босап ауылға келгенде өлең кітаптарын оқуды әуес көрдім. Баяғы мені оқытуға құмартқан үлкен шешем де өлеңге өте әуес адам еді, ескі қыссаларды тыңдап болып, бірер күрсініп алып, өзі өлең айтар еді. Кейде маған қарап күлімсіреп:

— Қарағым-ау, сен жоқта мен саған өлең шығарып қойдым,— дер еді.

...Әлі есімде. Қырық құрау жұлдыздай тесік, қикайған қара үйіміз бар еді. Қырық күн шілдеде біздің үйіміздің ортасына от жағылады. Таңның сәрінен тұрып, қара құманды оттың қозына көме түсіп, дәулетті үйлердің “мынаны істеп тастаңыз” деп берген жүнін түтіп отырып әжем ыңылдап ән салатын:

“Өміріме көргенім күндік, күлдық,

Бұл жалғанда бар ма екен біздей мұңдық?”

Ұйқылы-оюу жатқанда құлаққа тиетін өлең осы еді. Өзі шығарды ма, әлде есітіп үйреніп алды ма, әйтеуір осы өлеңді аузынан тастамайтын. Тыңдап жатасың да, осы өлеңді қайта айтасың. Басқа өлеңдер де жалғаса келе береді. Кітаптан оқыған өлеңдердің көбі ойында жатталған болады, оларды еске түсіресің. Сөйтіп, өлеңге құмартқандық өзінен өзі бастала береді. Бұл өзімше - бірінші баспалдақ еді.

Ауылымызда Көмек дейтін кісі болған. Баларақ кезімде өзім де көрдім. Сол кісінде ақындық бар еді. Ел арасында “ақын Көмек” деген атты да алып жүрді. Біреуді жамандауға, мақтауға, күлкі қылып өлең шығаруға бұл кісі өте шебер болған.

“Жаппас” дейтін ел бұл кісінің нағашысы екен. Жаппастың елін аралап жүріп, бір атақты адамның үйіне қонып отырғанда:

— Бізге бір жұмбақ айтып кетіңіз, екінші келгеніңізше шешіп қояйық,— деп жабысады білем. Көмек сонда:

“Арсыздан туған екен алты бала,

Ат қойған “қымтамас” деп оған жаңа...” —

деп, өздерін тәлкектеп өлең шығарып кетеді.

“Әкеңнің құны бар ма арбасқандай?
Итерсем, тұра қалып жармасқандай?
Құрбыңнан кем туғызған құдайдан көр,
Ортасын мұрыңның мен басқандай?!” —

деп бір айтысқан адамын тәлкек қылады...Хат таныған соң, өлеңге әуестік қоздаған соң Көмектің осы сияқты ұсақ өлеңдерін жинап жаттайтын болдым. Көмектің жазып қалдырған өлеңдері өте көп еді. Шынында ол кезде жалғыз мен емес, хат танитын адамдардың бәрі-ақ бас қосқан жерде Көмек өлеңін айтуды әдет қылып еді. “Өлең деген нәрсе қадірлі болады екен-ау!” деген ұғыныс сол кезде-ақ пайда бола бастаған секілді еді.

Бұл менің 20-ға жетпеген кезім. Бұған қазір көп жылдар болды. Хат танығанмен одан әрі кететін дәрмен менде болған жоқ. Жұмыс соңында салпақтап жүре бердім. Жұмыстан қол босағанда, жұмысшылар бас қосып тыныққанда өлеңді ермек қылысады. Айт деп өтінген соң айтасың. Өлең айтуды әдет қылған соң, тыңдаушыларды жалықтырмау міндетке айналған сияқтанады екен. Өне бойы бір өлеңді айта берсең, жалықтырасың ғой. Ендеше, жаңадан бір нәрсе табу керек. Ол қалай табылмақшы?

Көмектің өлеңінің көбі зармен келетін: өткен өмірін, балалық дәуірін суреттеп елестететін. Осынысы сол кезде маған ұнаған сияқтанушы еді. Осыны еліктеп бір нәрсе шығару керек болғаны ғой. Баяғы тыңдаушыларыма “жаңалық” іздеп жүріп, мен сол Көмектің сарынымен жер туралы оншақты ауыз өлең шығарыппын. Онымды тыңдаушылар қошуақ алып, “өлең шығаратын болыпты” деген лақапқа іліктірді. Шынында онымның өлеңдікке сәні жоқ еді, әйткенмен бірінші бастауым осы еді. Осыдан кейін шатпақтап өлең шығаруды әуес көріп кеттім. Ол кезде алған үлгім - “бергенді мақтаған, бермегенді жамандаған” өлеңдер болса да, неге екенін білмеймін, солардың жолы мені тартпады, мақтап өлең шығару менде болмады.

Біздің елде Әржікей дейтін өлеңші болды. Барлық кәсібі -байларды мақтап өлең шығару, байлардан ат міну, шапан кию еді. Осы Әржікейді тәлкек қылып, мысқылдап мен өлең жаздым. Бұл өлеңімді сол кездегі “өлең жаттаушылардың” бірсыпырасы жаттап алып айтып жүрді. Бұл 1910 жылдардың шамасы еді...

Көрші елімізде “Арғынбай қажы” дейтіннің медресесі болатын. Біздің ауылдан да бір-саран адамдар сол медреседе оқып жүретін. Солардың демдеуімен медресеге кірдім. Ауыл медресесі ғой, ішерлік тамақ болса, басқа қаржыға ділгерленбеуге болады екен. Сол медреседе екі жыл оқыдым. Бұрынғыдан гөрі өлеңге кеңірек таныстым. Көмектің өлеңінен басқа да өлеңдер бар екенін білдім. Абай өлеңдері, Ахметтің “Қырық

мысалы” қолға түсті. Осы жылдары “Айқап” журналы шығып тарады. “Айқапты” құмартып оқитын болдым. “Айқапта” басылған өлеңдерді еліктеп жазатын болдым. Бірсыпыра өлең жазып “Айқап” басқармасына жіберсем де, “басылмайды” деген жауап алдым. Сосын “Айқапқа” өлең жазуды доғардым. Басқа ұсақ хабарларымды, бірер “әңгімесымағымды” “Айқап” басып шығарды.

“Қазақ” газеті шығып тарады. Нөмір сайын болмағанмен, өлең басылып тұратын болды. Мен де жаздым. Талай жіберген өлеңдерім желге кетті. “Айқап” сияқты “басылмайды” деген жауапты беруге де сараң еді. Сөйтіп жүріп ақырында 1913 жылы сентябрь ішінде “Қазақ” газетінде “Ыштар” деген өлеңім басылып шықты. Осыдан былай оқта-текте бір өлеңім басылатын болды.

Пебрал өзгерісі кездесті. Бұған шейін менің оқыған мектебім, алған тәрбием жоғарғы айтылғандар ғой. Орыс әдебиетіне танысу дегеннен құралақан болатынмын. Орысшаның сөзі түгіл, қарпін зорға танитын кезіміз ғой ол. Сондықтан пебрал өзгерісін қалай ұғынып, оны қалай жырлау белгілі еді. Ұлтшыл әдебиетпен ғана сұғарылған соң, одан басқа көргенің болмаған соң, ол кезде ел ішінде жастарды баулып, түсіндіріп, ұлтшылдық жолдың терістігін ұғындырушы болмаған соң, қайтесің, адасасың; соқыр болған соң, алдыңда тұрған жалғыз соқпаққа жабысасың...

Ой тудырған өктебір төңкерісі болды. Қазақ ұлтшылдары өктебірді балағаттап қарсы алса да, осында қандай сыр бар деген іздену пайда болды. Әйткенмен, тап сол кезде осындай ізденген жастардың шөлін қандыратын, сілтеу берерлік әдебиет қазақ тілінде болмады. Қазақстанда кеңес үкіметі бастап құрылған жылдары Байтұрсынұлы большевик партиясына кіріп, облыстық комитет атынан: “қазақ туысынан коммунист, қазақта мал ортақ, жан ортақ, қонақасы ортақ” деп жазды. Ізденіп ойға түскен жастардың бұ да басын қатыратын, адастыратын жұмыстың бірі еді. Шынын айту керек, адастық қой.

18—19-жылдары ірі қаріппен басылған орыс тілінде үндеулер басылып жүрді. Бізбен көрші поселкеде Иван дейтін таныс жігітім бар еді. Қалада ақтарға қарсы отряд түзеліп, әлгі Иван сол отряд бастықтарының бірі болды. Ірі қаріппен басылған үндеулерді, ұсақ кітаптарды беріп тұратын болды. Шөлдесе, шындап жабысса, адам таппақ қой, орысшаны оқып, шала-пұла түсінетін болдым. Бір жыл ұдайымен әурелендім. 20-жылдары әжептәуір түсіне бастадым. Осыдан бастап қаламының бағыты өзгерді, мен басқа жол таптым, адасқанымды сездім. Осы жылдардан бастап мен өз табымның жолына бұрылдым. Ескі тәрбиеден сол жылдардан бастап мүлде тазарып кеттім демеймін, бірақ шындап бұрылдым, қаталасқанымды сезе бастадым, әлден келгенше тазаруға тырыстым...

Бір жылы қаңғаладап “Ғалия” медресесіне барып іліккенмін ғой. Төрт ай оқып, ауырып шығып кеткенмін. Аздап татар әдебиетіне танысқанмын. Әңгіме, өлеңдерін қолға түсіріп, оқып жүретінмін. Соған еліктеп әңгіме жазу, пьеса жазуға әурелендім. 18—19-жылдардан бастап ұсақ әңгімелер жазатын болдым. Сол кездері жазған әңгімелерімнің бірі — “Шұғаның белгісі” еді. Бастап жазғанымда ұзақ еді, 22-жылы “Қызыл Қазақстан” журналына басарда өңдеп, бірсыпыра қысқартып тастадым.

Театр кітабына бірінші жазғаным “Неке қияр”, “Жат сабақ” дегендер еді. “Жат сабақты” артынан өзгертіп, “Шаншар молда” деп атадым.

1922 жылдан бастап газет қызметіне кірдім. “Еңбекші қазақта” 7—8 жыл қызмет істедім. Одан кейін баспа жұмысына шықтым. Мектеп, көріс (курс - *құрастырушыдан*) дегендерің біздің қолға тиген емес. Жазу соңына түсіп отырған кезім де жоқ, отыруға уақыт та жоқ. “Аттың жалында, атанның қомында” сияқты, мұрсаң келгенде бір нәрсе жазған боласың, оны өңдеуге, кестесін келтіруге көбіне уақыт жоқ.

Бұл күнге шейін ұзақ әңгіме, өлең жаза алғаным жоқ, оның да басты себебінің бірі — жазуға арналған уақыттың аздығы, кеңсе жұмысының босатпайтындығы.

Менің бұл күнге шейін жазған тақырыбым — ауыл туралы ғана болып келді. Өндіріс өмірін суреттеуге мен әлі күнге шейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені — әлі күнге өндіріс өмірімен таныстығым жоқ. Жазуымдағы басты кемшілігімнің бірі осы деп білемін. Ендігі бір тілегім — осы кемшілігімді жоюға күш салу...

Адамға өз өмірін жазудан ауыр нәрсе жоқ қой, әйткенмен “ҚазААП” тойына арнап тапсырған соң жазып отырмын. Бұл өмірдің ішінде жастардың үлгі қылып ұстай қоярлығы да шамалы. Әйткенмен бары осы.

ЕКІ ОҚУШЫҒА ЖАУАБЫМ

“Ойнап сұрағанға шындап жауап бер” деген бұрынғының мақалы бар еді. Съезд қарсаңында екі оқушы маған ашық хат жазып, бірнеше сұрақпен көміп, жауабын тез беруімді өтінген екен. Мен кезінде жолаушылап жүрдім де, жауабын кешіктіріп бердім.

Екі оқушының хатында, менің алдыма тартылған сұрақ, сырт қарағанда қораш сықылданғанмен, қазбалай келе қомақтанып, көлемдене түсті: алғаш қалам ұстаған кезімнен бастап соңғы кезге шейінгі жазғандарымның бәрін көзден көшіріп бұлдыр, күнгірт, салақтау жерлері болса бәрін саралап алуым керек болды. Оған уақыт тар. Сондықтан бұл жолғы жауабым қысқа ғана.

Өлеңнен бастайын, екі оқушы менің өлеңдерімді сүйіп оқитындарын

айтып, соңғы кезде өлеңді тастап кетуімнің себебін сұрапты. Еңбегімді бағалағаны үшін екі оқушыға мың рахмет. Бірақ менің жазған өлеңімнің ішінде таңдай қоярлық тәттісі бола қойды ма екен. Жазып жүргеннің өзінде де мен сол өлеңдеріме тым қорашсынып қарайтын едім. Қаншама тәуір етіп жаздым десем де, артынан өзім оқығанда соның бірдемесі жетпегендей, оқушыларға дөкірт, оғаш көрінетін сияқтанып тұрушы еді. Оның үстіне сол жазғандарымды кезінде із жақсы, із жаман деп пікір айтқан оқушылар да бола қоймады. Мен аң-таң болып жүрдім.

Кезеңі келгенде сыншылар туралы да сөйлей кетейік. “Сыншы” атаулы көп жылдарға шейін мен туралы аузын ашпай келді де, 30-шы жылы бірден тарпа бас салды. Екпіндері қатаң, өкшелері қисық келді. Менің шығармаларымды сынағанда менің өз басымнан өткендегі кейбір қаталықтарыма байланыстыра сынады. Өңімді теріске айналдырушылық болды. “Ол кешегі пәленше еді ғой, бүгін неғып мұндай бола қалды, мұнысында бір гәп бар” деп сығалады.

Менің жақсы нәрселерім болса, оң аяқпен ысыра салған секілденіп, бұдан 15—20 жыл бұрын жазғандарым болса (шынында соны жаздым ба, жоқ па, ол өз алдына сөз) соны сүйреп әкеп додаға салу басталды. Бұл ҚазААП-тың қыспағының үдеп тұрған кезі еді. Мен сол кезде шыққан сүйел сықылдандым. Мені ҚазААП-тың кейбір басшыларынан “сында жүр” деп қараушылар да болмай калған жоқ.

Тап VIII кеңес съезінің тұсы еді-ау, ҚазААП маған рапорт жаз деп тапсырды. Мен жаздым. Рапорт беруім керек емес еді демейін, ҚазААП жұмысының методын айтпақшымын. Әйтпесе лепіртпе, жалаң рапорттың орнына күрделі, көркем шығарма апарып, съезге тартқан болсақ, қандай бағалы болған болар еді.

Рапорт осыдан басталды. Бірсыпыра жастарға жалған рапорт жазу жолын Сәбит екеуміз көрсетіп беруден сау емеспіз. Илияс та осының маңында. Сол кездегі газет-журналдың беті шұбарланған өлеңмен толды. Ұзыннан ұзақ поэмалар басталды. Көбі жастардыкі еді. Оларды тәрбиелеп үйрету, мынауың былай деу болмады. “Жасасын” деген өлеңді баспаса басқарма басындағылардың өздеріне кәдік секілді еді. ҚазААП-тың ұраны сондай, “жастардың өсуіне бөгет болдың” деп жағасынан ала түскендей еді.

Осыдан барып өлеңнің құны кетеді. Басылған өлеңді көргенде, басынан аяғына бір көз жүгіртіп, оқушылар “не айтатының мәлім” деп сыдыртып ете шығатын болды.

Мұның бәрін не үшін айтып отырғанымды екі оқушы түсінер деймін. Рас, сол 30-жылдан бастап мен өлеңді қойыппын.

Әдебиеттегі керекті жанрдың бірі қара сөз болса, сол бізде кешеулеп, өріс ала алмай келді. Оңай өлең жазып әдет-тенгендерге қара

сөз жазу ауыр көрінді. Бірақ оқушылардың тілегі күннен күнге өсіп, көркем шығарманы керексінді. Оқушыларымыздың бұл тілегін елемей бізге үлкен күнә еді. Мен қара сөзге айналдым. Сонда осы олқылыққа түгел тығын болдым деп мақтанатын кісің мен емес, менікі — шығарманың түрін бір өңкей соған қарай аударып көру еді. Аудардым да. Жаман болсын, жақсы болсын сол 30-жылдан бері қара сөзбен едәуір нәрсе жазып тастаған сияқтымын. Бұдан былай да қолымнан келгенше, күшті осы қара сөзге салсам ба деймін. Өлеңнен гөрі істелуі ауыр болғанмен, икемім осыған ауды.

Ауыл маңын айналақтауға келейін. Сымағұл “ауыл жазушысы” деп айтты екен деп оған жабысқан мен жоқ. Сымағұлдың сынының қаншалық құнды екендігі қазір мектеп балаларына да мәлім. Ауыл маңынан айналақтап шыға алмауым: бірінші, мен жете таныспаған нәрсемді жазуға тым шорқақпын. Ауыл өміріне әріден таныспын. Ауыл өміріндегі түрлі кемшіліктерді, жолсыздық жұмыстарды мен көркем сөзбен айтып беруге құштарландым. Екі оқушы бұл жөніндегі менің еңбегімді тым асыра бағалаған секілді: менің қаламым ауыл тұрмысын түгелінен “қазып жазып, қамтып ала алған” жоқ. Ауыл тұрмысынан жазылатын сан түрлі көріністердің әлі мұрты да шағылған жоқ. Ауылдағы ұлы өзгерісті, күн сайын құлпырып шығып жатқан мыңдаған жаңа адамдардың пішінін көркем әдебиетте көрсету үшін әлде болса да қаламды қадай түсу керек болар. Олай болса, бірер жазушыны “ауылды айналақтадың” деу қаншалықты орынды болар екен?

“Ауыл”, “өндіріс” деп бөлшектеудің керегі болар ма екен?

Менің мұнымнан өндіріс туралы қалам тартпаймын дегендік шықпасын. Жоғарыда да айттым: жете таныспаған нәрсемді көпіртуге аулақпын деп, мен 33-жылға шейін өндіріс орындарымен араласып, ондағы ұлы құрылыстың қызуына пісе алмадым. Оған себеп мен 33-жылға шейін арқандаулы кеңсе қызметкері болдым, ешқайда бұра баса алмадым. Демалысты да сирек көрдім. Осымен жазуды сиретіп алған кезім де болды.

33-жылдың басында мен қорғасын зауытына бардым. Бұл жазушылық жолымды бірінші ізденіп шығуым еді. Көп нәрселер көрдім. Таныса келе бағалы шығармалар беруге болатындығын байқадым. Өндіріс туралы бұл күнге шейін қалам тартқандардың көбі құр “түтін бұрқылдатып”, өндіріс өмірін көркем әдебиетте суреттеу жөнінде үлкен қылмыс істеп жүргенін анықтағандай болдым. Бұл мені көре салып, кере құлаш роман жазудан сақтады. Өндіріс құшағына толық кіріп, техника тілінен хабары болмаған адамға ондай құнды шығарма бере қою оңай көрінбейді. Мен мұны қиын сынып өндірістен қашқам жоқ, көп жатып, ұзақ танысып, көлемді нәрсе жазуға менің сол барған жағдайым мүмкіндік

бермеді: мен сол жолы “С.Қ.” басқармасының тілшілік міндетін арқалап барып ем. Қарағандыға да осы ретпен бардым.

Өйткенмен өндіріс орындарында көргендерімді бүгіп қалғаным жоқ. Өткен жылғы “С.Қ.”-ды оқып отыратын жолдастар білсе керек (соның ішінде хат иесі екі оқушы да білер), өндіріс өмірінен бірсыпыра очерк, қысқа әңгімелер жаздым. Қызып кеткенде өлендетіп жібердім. Олай болса, өндіріс туралы еш қалам тартпады деу, ескермеді, көрмеді деу маған ауырлау тиеді.

Өндіріс өмірінен көлемді әңгіме жазудан да сау емеспін.. “Қызыл жалау” деген бір романымды былтыр бастап, қазір соның үстіндемін. Аяқталып та келеді. “Бігіп, дайын тұр” деп айтуға аузым бармайды. Әлде болса көп өндеп, терендетуді тілейді. Оның үшін өндіріс орнына барып, ұзақ уақыт болып, бітіріп қайтуым керек. Жаңа құрылыстың түрлі саласын қаншалықты жазғандығымды осы кітабыммен көрсетсе алсам деген ойдамын.

Мырқымбай отағасына келейік. Бұл кісі туралы көп сөйлеп тұрудың қанша қажеті бар. Бұрынғы өмірі оқушыларға таныс. 30-жылдан бергі жазғандарымның ішінде “Мырқымбай” деген ат кездеспесе, одан маған да, оқушыларға да келетін кемшілік жоқ-ау деймін. 30-жылға шейін партия ұранын қолына ұстап, бай-құлаққа шабуыл салып келген Мырқымбайды колхоздасу дәуірінде бой бағып қалды ма деп күмәндануға онша орын жоқ. Мен Мырқымбайды ауыл іскерлерінің ішіндегі үлгілі, жігерлісі ғып көрсетуге тырысып жүруші ем. Менің Мырқымбайым екі оқушының байқауынша әр дәуірде әр түрлі пішінде болған секілді.

Кеңес үкіметі орнасымен бірден жүз процент сана-сезімі толып, іскер болып қету Мырқымбайға ауыр еді. Бірақ соңғы жылдары мен жазған Мырқымбай үлгілі, іскер пішінін алған секілді. Оған ауылдың сөзі куә, ауыл өмірінде бірсыпыра жерлерде колхозшылар бірін-бірі еркелетіп, сүйкімді атпен атайын дегенде “Әй, Мырқымбайым-ау” дейді екен. Бұл “сүйгенін сипадым дейдінің” кебі ғой.

Мұны не үшін айтып отырмын. Мұны айтып отырғаным — Мырқымбай бұрынғы жігерін, іскерлігін үдетпесе, кеміткен жоқ. Мырқымбай қалқозшы көпшілігінің ішінен шыққан үлгілі іскердің пішіні. Олай болса, мен Досанды, Әпенді, Жанболды тағы басқаларды жазсам, Мырқымбайды ұмытқан болмаймын, әлі де болса сол Мырқымбай образын терендетіп, созып келе жатқан болам.

Қысқаша осылар шығар деймін. Жауап хатым бірер мекемеге жазатын есепті баяндама тәрізденіп құрылды. Бұған сұрау өрісі әкеп соқты.

Сондықтан жазуымның жалпы түрі, маңызы туралы сөйлеуді кейінге қалдырып, мен жауап хатымды аяқтадым.

ІСКЕР, БАЙСАЛДЫ СЫН КЕРЕК

Екпінді колхозшылар, білек сыбанып берекелі іске жұмылған белсенділер, олардың артель дәулетін өркендетуде жатып ішер жалқаулармен, жалған белсенділермен күресі—міне менің шығармаларымның тақырыбы қалқоз осындай өмірі. Қазақстан Мемлекеттік театрында апрельдің орта шенінен бері қойылып келе жатқан “Талтаңбай” комедиясында әлгі мәселелер қозғалады.

Қазір баспаға әзірлеп отырған “Қырманда” атты повестің де негізгі арқауы сол. “Қырманда” повесін орысшаға аудару мәселесі де сөз болып отыр. Өз ата-бабам шаруа семьясынан. Қалқоздарда жиі болам, сондықтан да ауыл өмірін тәп-тәуір білем.

Біздің Қазақстанда өнеркәсіп алыптары салынып жатыр ғой; ол жайлы біздің бергеніміз де, білгеніміз де шамалы. Өнеркәсіптің тамырын басып, тынысымен танысуымыз керек. Танысып қана қоймай, социализмнің осындай ірі құры-лыстарын асса Одаққа, қалса Қазақстанға паш етуіміз керек. Өткен жылы бастаған “Қызыл жалау” атты үлкен романымда өзімнің байырғыдан суреттеп келе жатқан қаһармандарым — қалқозшылардың Қарағанды құрылысындағы өмірін сөз қылмақпын. Таяуда ғана үш ай боп қайттым Қарағандыда.

Кешікпей қайта бармақпын; ұзаққа бармақпын. Өйткені кейіпкерлерімің өмір кешкен ортасын жете зерттемей тұрып, айқын да ажарлы шығарма туғыза алмаймын ғой. Социалистік құрылыстың алға басуымен бірге біздер, жазушылар да ержетіп есейіп келеміз. Біздің әдебиет басқа ұлт республикалар әдебиетінен бәлкім қалық та шығар, бірақ бұлдағы сан нәм сапа жағынан өсіп, өркен жайып келеді.

Өткен жылы (1933) қазақ жазушыларының небәрі алты-жеті ғана шығармасы баспадан шықты. Ал биыл съезд қарсаңында он бір кітап шықпақ. Көбі поэмалар мен өлеңдер. Сапа жағынан алғанда оның қайсыбірі тым жақсы. Мәселен, Жароковты алайық, 1932 жылға дейін бұрқыратып көп жазды, бірақ анығын айтуымыз керек, берекесіздеу жазды. Оның “Күн тіл қатты” атты соңғы поэмасы көркемдік қасиеті жағынан үздік шығарма. Мүсіреповтің “Талпақ - танау” әңгімесі кесек туынды болмаса да стильдік жағынан өте әдемі.

Тіл ұстарту мәселесіне енжар қарау - біздің басты мініміз. Сөз саралауда қанша талпыныс болғанмен, кедір-бұдырлық, дөп баспаушылық, әлі де жеткілікті. “Қырманда” повесін күнделікті ішінара түзетулерін былай қойғанда, қаламды батыра қайтадан бес-алты рет қарап шығып, жөнделдім, өзгерттім.

Көп жазасың, көп үңілесің. Баршамыз да солаймыз. Өйткені үйрене беруіміз керек, әлі балдырғанбыз ғой. Ал бізді үйретер іскер, байсалды

сын болса, әлі жоқ. Анығына келгенде, бізде көбінекей сын емес, жеке басының авторға қатынасын білдіретін рецензия ғана баршылық. Жақсы көрсен — жер-көкке сыйғызбай мақтайсың; жек көрсен — жер-жебіріне жетіп даттайсың. Терең де байсалды сынға зәруміз. Ол бізге өте қат. Біз оған сусап отырмыз. Менің ойымша съезд бұл мәселеге тиісті нәтиже жасар.

ИСАҰЛЫ ЖОЛДАСТЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП

Ескі мәдениеттік мұра туралы

Ораз жолдастың жоғарғы екі хатында қозғаған мәселесі өте маңызды мәселелер. Бұл күнге дейін бұл мәселе жөнінде тиісті жерлердің қай-қайсысы болса да мандытып ешнәрсе істей алмады.

Соның бірі КазАПП ұйымы мен Қазақстан баспасы. Бұлар да бұл жөнінде мардымды ештеңе істеген жоқ.

Қазақстанда ескі мұра, ескі әдебиет бар. Әсіресе, қазақ арасында әлі жиналмаған ауыз әдебиеті көп.

Ел мәдениеттеніп, жазба әдебиеті көбейген сайын ауыз әдебиеті азайып барады.

Қағаз бетіне түспеген, ауызда жүрген әдебиеттердің бәрі дегендей осы күнде 50 мен 70—80 арасындағы қариялар аузын-да. Қария жолаушы жол аузында, олардан алып қалу керек.

Ескі әдебиет—өз заманының айнасы. Өткен өмірдің ой-шұңқырын түсінуге халық әдебиетінің пайдасы аса зор.

Өткендегі өндіріс қатынасы, тап күресі, әлеуметтік өмірдің бүкіл тұлғасы әдебиетте қоныстанған.

Әр дәуірде әлеуметтік өмірдің түрі, қатынасы, тап салт-санасы әдебиетте із қалдырған. Тарих кестесі әдебиет бетіне түсіп отырған. Әлеуметтік өмірдің тырнақтай майдасынан бастап, ұлы дастан оқиғасына дейін әдебиетке таңба баспай кетпеген. Ескі әдебиеттің қымбат қазына бөлатынының да себебі осы. Жаңа социалдық тұрмыс құрып жатқан, жаңа мәдениет жасап жатқан социалдық елде ескі мәдениет мұрасының мәні үлкен.

Еңбекші тап байлар құлдығында жасаған мәдениетін өз заманында өз игілігіне жарата білу тиіс.

Жаңа мәдениет ескі мәдениеттің жаңа маңызды және мәнді жалғасы болмақ. Ескі мәдениет жаңа мәдениеттің асыл қазынасы болмақ. Адам баласының өсу, өркендеу жолындағы тапқан табысты, мәдениет қазынасын анық түсініп, жақсы біліп алып, оны пролетариаттың тілек-мақсатына қыйыстырып, лайықтап отырып қана пролетариат мәдениетін

жасай аламыз. Пролетариат мәдениеті жоқтан жасалмайды. Ол пролетариат мәдениетінің маманымыз деп жүргендердің ойлап шығаратын заты да емес, бұл құр қиял ғана. Пролетариат мәдениеті адам баласының капиталдық, помещиктік, шенеуніктік қоғамының құлдығында тапқан барлық ілім, білім қорының жүйелі жолымен өскен заңды дамуы болуы тиіс.

Міне, осыдан-ақ Исаұлы Ораз жолдастың қозғаған мәселесінің аса маңызды, мәнді, дәнді мәселе екені анық болса керек.

Халық әдебиетінің үлкен бір тарауының бірі мақал, нақыл сөздер, түрлі жанрлы фольклор ертектер, жұмбақтар, тағы тағылар. Әдебиеттің бұл тарауының да әлеуметтік маңызы аса зор. Мысалы, “У жесең — руыңмен” — рушылдық ынтымағын сақтау мақалы, “Базары жақын байымас” — сауда капиталы шығып, жан-жағын күйедей жалай бастағанда туған мақал. “Ауызы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін”, тағы тағылар.

Міне, бұл мақалдардың қай-қайсысын алсақ та әлеуметтік өмірдің айырықша көсем, белгілі қалпын түстеп отыр. Кейінгі мақал бай табының өндірісті үлкен биіктікте үстем екенін дәлелдеп отыр... Бұл ретте тағы бір қолға алатын нәрсе — әдет-ғұрып, салт, рәсім, дәстүр тағы басқа толып жатқан елдің этнографиясына кіретін нәрселерін жыйнап алып, ілім талқысына салуымыз тиіс, пайдалануымыз тиіс.

Шаруашылық тұрмыс өзгерген сайын, әлеуметтік өмір жаңа басқышқа басқан сайын елдің ескілігіне сіңген дәстүрлері өзгере береді. Жоғарылай береді. Жаңалық ескілікті қуып шығып, өзіне сәйкес жаңалық, тудыра береді. Жаңа өндіріс қатынасы еңбектің, социалдық еңбек, социалдық өмір, социалдық тұрмыс өзіне, өзінің мақсатына сәйкес сансыз жаңалықтар туғызады.

Жаңа әдебиет, жаңа мәдениеттің жылы — осы жыл.

Ораз жолдастың хатындағы екінші қозғалған мәселе — қазақ пролетариат әдебиетімен бүкіл социалдық одақтың пролетариат жұртшылығын таныстыру мәселесі. Бұл жөнінде азды-көпті іс істеліп отыр. Осы күнде көрнекті ақын-жазушыларымыздың бірден, екіден әңгімелері, өлеңдерін, романдарын, пьесаларын орысша аударып отырамыз. Жас жазушылардың шығармаларынан құралған жинақ аударылғалы отыр. Кейінгі кезде Бейімбет пен Ілиястың тәуір жазған екі пьесасы аударылып, баспаға жіберілейін деп отыр. Қалғандары үстіміздегі айдың аяғына дейін аударылып бітпекші. Қазақстан баспасының быйылғы планы бойынша 40 баспа табақ халық әдебиеттерінің үлгілері тізіп, үлкен жинақ шықпақ.

Әзірге істелген істеріміз:

1. Сәкен Сейфоллаұлы құрастырған жиырма баспа табақ халық әдебиетінің үлгілері басылып шықты.

2. Абай Құнанбайұлының толық жинақтары баспаға жақында беріледі.

3. Торайғырұлы Махмұттың жинақтары да жақында баспаға беріледі.

Бірақ бұлар аз. Ораз жолдастың біздің алдымызға қойған міндеттері мұнымен бітпейді.

Бұл ретте ҚазАПП мына жұмыстарды қолға алып отыр:

1. Ескі ел ақындарының шығармаларын, халық әдебиетін жинауға айырықша бригады сайлады.

Жинаған материалдарды ... зерттеп, баспаға береді.

Жинаған тарихи, мәдениеттік, әдебиеттік материалдарды... талқылап, тексеріп отыру үшін жиі-жиі диспуттар болып тұрады.

*Жолдастық сәлем мен ҚазАПП ұйымдастыру мүшелері:
Қайыпназарұлы, Мүсірепұлы, Жансүгірұлы, Байжасарұлы, Майлыұлы.*

1/1.-32 ж.

МИРЗАЙАН ЖОЛДАСҚА

Ауылға барып қайтқан жазушылардан хат

Республикамыздың әлеуметтік, экономикалық өзгерістері адам айтқысыз. Бұл Өлкелік кәмітет жаңа басшылығының, лениншіл дұрыс саясатының нәтижесі. Біз бұл жетіскендіктерді көруге ғана емеспіз, сонымен қатар табысқа жетуге ат салысушымыз.

Мырзайан жолдас, сізге Өлкелік партия комитетіне осы хатымыз арқылы Қазақстан жазушылар арасында асқан жігерлілік, белсенділік барлығын айтқымыз келеді.

Біз жақын арада ауылға барып қайттық. Ауылдағы қалқоздың, саясаттық бөлімдердің табыстарын көріп қайттық. Қалқозшылар бұқарасының көзқарасында, салт-санасында, әдет-ғұрпында үлкен өзгерістің болғандығын өз көзімізбен көрдік. Өлкелік комитеттің басшылығы мен орталықты кәмітеттің ескі басшылық қатарларын түзеуі, лениншіл, Сталиншіл ұлт саясатын жүзеге дұрыс асыруы қалқоз бұқарасының белсенділігін күшейткен, қуанышын арттырған, өндірістегі жігерін қайнатқан.

Асыра сілтеудің нәтижесінен кеңірек өріс алған қалқоз-шылардың қалай болса солай істі орындаушылық қалыбы қалған. Қазірде қалқозшылар, жекешелер қандай істі болса да саналы түрде, өз бастауымен істей бастаған. Бұл аз уақыттың ішіндегі табыс онша көп болмасын, табыстың көбі алда болсын, сонда да жоғарғы айтылғандай өзгерістер келешектегі, жақын арадағы ұлы өзгерістердің басы, алғашқы көші болып табылады. Бүгінгі тарихи құрылыстың істері, адамдары көркем өнерде суреттеуді тілек қылуымен бізді де көтерме-леуде, белсендіруде, жігерімізді арттыруда.

Сонымен қатар біз әдебиеттегі болған кемшіліктерді айтпай кете алмаймыз. Әдебиетіміздің кустарлық жалаңаш үгіті күшті болды. Бұл

әдебиетіміздің идеялік, сапалық жағынан өсуіне кедергі жасады. Мұндай тәжірибе асыра сілтеудің әдебиетке еткен әсері болды.

Орталық комитеттің әдебиет ұйымдары жөніндегі 32-жыл 23 әпірелінде шыққан қаулысы біздің әдебиет майданында күшімізді біріктіруге, әдебиетіміздің идеялік, көркемдік жағынан көтерілуіне себеп, күш болды. Бірақ бұл қаулыны ескі басшылық немкетті түрде жүзеге асыруға кірісті. Осының салдарынан дұрыс жүзеге асырылмады.

Бұл қаулыны толық жүзеге асырған жаңа басшылық болды.

Біз бұл айтылған кемшіліктерімізді көріп, біліп отырмыз. Бұл сонымен қатар Өлкелік комитет жаңа басшылығының үлкен көңіл бөлуі—көркем әдебиетімізді жалпы кеңестер одағының әдебиеті даражасына көтеруге сенім береді.

Төңкерісшіл Ленин туы астына жиналып отырған бізге ұлы күрестің, ұлы табыстың жолы анық. Сонымен қатар мазмұны социалдық, түрі ұлттық Қазақстан мәдениетін жасау міндетінің жауаптылығы да айқын. Біз бұл жылды сапасы жоғары шығарма беруге көшудің, артта қалуды жоюдың бетбұрыс жылы деп түсінеміз. Қалқоздарға, өндіріс орындарына шығарма командиропкесімен барып келген жолдастар қалқозшыларды ауқатты тұрмыс жасауға ұйымдастыратын көркемдігі күшті бірқатар шығармалар беріп отыр. Тақырыбы үлкен роман, әңгіме, пиесе, өшіркі жазып жатыр. Бұл шығармаларда Өлкемізде, өмірде болған жаңалықтар толық суреттелмек.

Мысалы, Бейімбет “Қызыл жалау”, Сәбит “Алтын”, Ілияс “Арқадан Алтайға”, Мұхтар “Қалқоз үшін күрес”, Сәкен “Біздің тұрмыс”, Ғабит “Батпақ қара”, Асқар “Шәуілдер” деген роман, әңгімелерді жазып жатыр. Басқа жолдастар да осындай шығармаларды қолға алуда.

Өлкелік 8-партия кәмперенсесіне шашу ретінде мына шығармаларымызды тартамыз:

“Қазақ қызы” (роман 14 баспа табақ).

“Тайтаңбайып деректібі” (пиесе).

“Қырман” (әңгіме 5 табақ).

“Атылмаған оқ” (әңгіме 4 табақ).

“Тартыс” (пиесе).

“Шабуыл” (пиесе).

“Қалқоз қызыл кітабының” бірінші кітабы 12 табақ. Одан кейін кәмперенсеге дейін бірі қазақша, бірі орысша екі “Қызыл кітапты” құрастыруға уәде береміз.

Салт-сана майданындағы күрес, міндет өте күрделі. Құлақ байлардың тап ретінде жойылуы олардың қатты қарсылық қылуымен, сабатаждық істеуімен жүруде. Бұл көркем әдебиетке де әсерін етеді.

Тап күресінің қызған жағдайында “Капиталшылар тегінің, әсіресе

құлақтың, партияға шабуылы болып табылатын”, “өліп бара жатқан таптың қарсылығы” болып табылатын (Сталин) өліп апортуншылдық, тәжірибеде троцкийшілдікті туғызуға әрекет ету болып табылатын (Сталин) уақ байшыл солақайшылдық басын көтеріп отыр.

Түрі ұлттық мәдениетті өркендетуге қарсы басты қауып ұлы орысшылдықпен, бұрын езілген ұлттың, бара жатқан тап-тарының диктатурасына ыразы болмауын көрсететін, “Кеңес-тер одағындағы еңбекшілер ынтымағын нашарлататын интервенттер пайдасына қызмет ететін” (Сталин) жергілікті ұлтшылдық қарсылық көрсетуде. Басты қауып ұлы орысшыл-дықпен және ұлтшыл байшылдықпен, садуақасовшылдық, қожановшылдық, меңдешевшілдік қалдығымен, Қасаболов сияқты ұлтшыл-демократтық, тектермен күрес күшеюі керек.

Қазақстанда осы уклондардың бәрі бір-біріне ұштасып жатыр. Осы жағдай бәлшебектік қырағылықты, күресті күшейтуді керек қылады. Мұндай уклондардың көркем әдебиетте білінуімен күресуді керек етеді. Көсеміміз Сталиннің “көпшілікті интернатсаналдық рухта тәрбиелеуді, пурылтариат үстемдігін нығайтуды мақсат қылатын түрі ұлттық, мазмұны социалдық, мәдениет” дегені ешбір бұлтарыссыз түсінілуі керек.

Бүкіл Қазақстан кеңес жазушылар алдындағы міндет — тап дұспандарының барлық түрдегі күресімен аянбай күресу, оны көркем әдебиетте тереңдеп ашу. Өлкелік кәмитеттің екі майданда да аянбай күресіп басшылық етуі, біздің жұмысымызға үлкен көңіл бөлуі 8-партия кәнперенсесіне, 17-партия сиезіне, 1-жазушылар сиезіне үлкен табыстармен келуімізді қамтамасыз етер деген сенімдеміз.

*Илияс
Бейімбет
Сәкен
Ғабит
Тайыр
Асқар*

Қалмақан Баталов

ҚАЛАМ БАТЫРЫ — ҚАЛМАҚАН

Он жасар баланы қазақ “атқа шауып жүрген азамат” дейді. Азаматқа өмір болған он жылды, біз басымыздан тым тез өткізетін болдық. Минут сайын құлпырған өмір алыс-жұлыс, жеңіс-қуаныш, жаңа мақсат, жаңа күрес, он жылдарың ойнап өте береді. Жылдап істелетін жұмыс қас қаққанша орындалғанның кебі. Кешегі көргенінді бүгін танымастай боласың — жаңару, өзгеру!..

Қалмақан қаламының ұшталып, бабына келгені — соңғы он жылдың іші.

25-жылы Орынбордан көшіп, Қызылордаға қоныс тептік. “Еңбекші қазақ” газетінің көлемденіп кемеліне келмеген кезі, шығуы тәртіпсіздеу, қызметкерінің бірсыпырасы әлде қалай кездескен адамдар... Осылардың ішінде арбиған, арық денелі қара бала жүрді. Басқарманың ашамай белді қара аты бар, салқамданған ескі арбасы бар; осы екеуінің “қожасы” әлгі Қара бала. Қожалығының күштілігі сондай: сол қара атты бағатын да өзі, жегетін де өзі, ең арғысы тізгінін де бөтен кісіге ұстатқан емес!

Бір жақ қабырғасы ашық — ұзын сарай бар. Қара ат пен салқам арбаның тұратын жері сол сарай. “Ат қожасы” Қара баланың да тұратын орны сол сарай.

Ол дәуірдің жұмысы бүгінгіге ертегімен бір есеп. Басқарманың кеңсесі, басқарманың барлық жауапты қызметкерлері — тостағанның аумағындай екі-үш бөлмеге тығылып отырғанда, әлде қалай басқарманың қызметкерлері боп саналып жүрген кейбір мырзалар — (Ахмет, Сапа секілді) әлде неше бөлмелі үйлерді жеке малданып, жалғанды жалпағынан басып тұрады. Уақыттың өзі де солай еді: Қызылордадағы үй тағдырын ол кезде Ақаев сияқты “достар” шешіп жүрді. Қалмақанды айтасын, сол кездегі Өлкелік комсомолдар комитетінің жауапты қатшысы Садық жолдас пәтер таба алмай, басқарманың со тар бөлмесін қоныс қып жүрген кезі еді ол!

Ашамай белді қара ат — мың ұрсаң аяғын бір баспайды. Қара бала кеудің орнына — ыржияды, ыңылдайды. Бұл ыңылдың келешегі қандай екенін сезген жан болды ма екен сірә... Ол кездегі жұмыс тағдырының бәрін Ақаев сияқты адамдар шешті десек мықты қателесер ек. Сол кездің өзінде де партия жолынан қайтпайтын белді коммунистеріміз бар еді. Мыңдап өрбіп келе жатқан комсомолдарымыз бар еді. Жұмыстың көбі шиеленіскен күрес үстінде орындалып жүрді. Бұл таптық намысты қыздыратын күрес еді...

Қара атты айдағандағы қара баланың ыңылы осы, таптық намыстың қайнаған қызу шағы еді. “Қара бала” деп отырғанымыз, осы күнгі Қалмақан ақынымыз. Қалмақан ақынның қаламшылық дәуірінің бірінші баспалдағы осымен басталып еді.

Соған бүгін аттай он жыл екен. Жалпы құрылысымызда бұл он жылдың маңызы адам айтқысыз күшті. Теңіздей тулап тасыған өмір төмендегілердің талайын қалқытып, тербетіп үске шығарды. Ленин ұлт саясатының дұрыс орындалуы арқасында — мыңдаған кедей батырақ мектеп есігін аттап, университет бітіріп, “ардақты маман” деген атты иеленді. Осының бірі Қалмақан: Қазақстан пролетариат

жазушыларының белді мүшесінің бірі боп, “адам жанының инженері” деген құрметті атқа не болды!

Ұлы партияның басшылығымен біз бірер Қалмақан емес, мыңдаған Қалмақанды баулып, қатарымызға қоса аламыз! — деген серт тап бүгін біздің аузымыздан еріксіз шығатын секілді.

Қалмақан қаламшылық өнерінің он жылын артқа салып, ұлы дәуірдің ақыны деген атқа ие болып отыр. Біз қазір мәдениеті марқайған елдің де істерін істеп Қалмақан еңбегіне қортынды жасап отырмыз. Мұнымен бірге Қалмақанға үлкен міндет артпақшымыз:

— Жаз! Кестелі сөздің өрнегін төк! Құрылыстың әр тарауын тегіс шол! Сен енді партияның тәрбиелеп өсірген штатына келген жүйрігісің. Дәуірімізге сай ұлы көркем әдебиет туғызуда сенің орның бөлек, осыны айырықша ұғын! — демекшіміз.

Қалам батыры Қалмақан өткен өмірінің пердесін ашып бірер кесегін сүйкеп өттім. Қалғанын өзің алдағы жазушылық жұмысыңа азық қыл. Сені өсірген тарихи дәуірдің бесігіне бірге бөленіп келе жатқан жолдастарыңның бірімін. Еңбек тойыңды шын жүрегіммен құттықтап, қолыңды қыстым.

М.Бейімбет

СӘКЕН

Көркем сөз шебері боп 20 жыл еңбек сіңірген тойыңды шын жүректен құттықтаймын!

Сенің еңбегіңмен жақын танысқаным 17-жылдың басы еді. Қазақ ақындарының жасы, кәрісі боп “ұлттым”, “қазағым” деп қақсай аттанғанда сенің шығармаңда бір өзгешелік болып еді. Ол “кедей” деген сөзге бөленгендік. Әлі есімде. Түнгі ауылдың тұңшыққан сарынын суреттеген бір шығармаң сол жылы “Абай” журналының ең артқы бетінде басылып еді. “Абай” журналының сол санында басқа қандай шығармалардың басылғаны ешкімнің есінде жоқ шығар. Бірақ сенікі ұмытылмастық, үркітіп апарып, ең ақтық бетке басуларыңда да көп мән бар секілді еді. Оның бер жағында да ұлтшылдық ауруының құшағынан шыға алмаған кейбір газет, журналдарымыз сенің шығармаңа аз шабуыл жасаған жоқ. Сені “құбыжық”, “жексұрын” етіп шығарамын деп тырбанған “сыншылар” да аз болған жоқ. Бірақ сенің большевиктік қаламың бұған мұқалмады. Сенің шығармаң қазақ еңбекшілеріне арналған еді.


Бақытты елдің көркем сөз шебері болғандығың үшін сен де бақыттысың. 20 жылдық еңбек тойыңа ие болып отырғандығың осыдан.

Сәкен! 1925 жылдың күзі-ау деймін. Сен “Ауыл байғұс мінекей” деп бір өлең жаздың. Ондағы ауылдың тұрмысында сен айтқан кемшіліктердің бәрі рас еді. Сана-сезімнің жетіліп болмаған, социалдық

қадірдің қабындап өспеген кезі еді ол. Оның бер жағында ауыл өмірі қайта құрылып, “социалды ауыл” деген атқа ие болды. Жақын арада мен елді аралап жүріп, Қарағанды облысындағы “Қызылту” деген қалқозда болдым. Бұл қалқозда 400-дей үй екен. Соның 80 үйі қазақ. Қожамұрат Елеуенов деген бұрынғы батрақ өткен қыс сол қалқоз ортасынан Мәскеудегі съезге барып, орден алып қайтыпты. Орысы-қазағы болып: “Орденге ие болдық” деп төбелері көкке жетіп отыр. Тұрмыстарына қарасам “орыстық”, “қазақтық” дегенді сезбейсің.

Лениндік ұлт саясатының дұрыс жүзеге асырылуы арқасында құрылған социалды ауылың осы. Сенің бүгінгі қаламың осы ауылдың кестесін салумен шұғылдануда. Сенің бақытты қалам иесі болғандығың да осыдан. Ленин партиясы баулып өсірген, большевик жазушысы Сәкен, 20 жылдық еңбек тойыңды құттықтаумен, ұлы майданның жазушыларға жүктеген асқар алуан міндетін бірге атқарысайық деген сеніммен қолыңды қыстым.


М.Бейімбет



Б.Майлин редакторы болған «Садак» қолжазба журналының мұқабасы. 1915 ж.



Б. Майлин. 1927 ж.



Солдан оңға қарай. Бірінші қатарда:


Ғ. Бектенияров, М. Қайыпназаров, Б. Кенжебаев, екінші қатарда:
А. Бегишев, Б. Майлин, Т. Рысқұлов, І. Ахметов, Ә.Ілляев, үшінші
қатарда: Ә. Есенгелдин, белгісіз, Ә. Байдильдин, Ғ. Сәбенев,
А. Сегізбаев. Қызылорда, 1926 ж., 5 мамыр.

Баспасөз күніне арналған салтанатты жиналыста Өлкелік партия
комитетінің баспасөз бөлімінің бастығы әрі «Еңбекші қазақ»
газетінің жауапты редакторы Т.Рысқұлов баяндама жасаған.

Фото Б.Кенжебаевтың Орталық мем. архивтегі қорынан түсіріліп
алынды.



Б.Майлиннің 30 жастан асқан шағы. «Лениншіл жас»
журналының 7 санында басылған.
Сурет 1925 ж.



Би аға – екінші қатарда оң жағынан үшінші, осы қатарда оңнан бірінші – Ж. Сыздықов, екінші – С.Мұқанов, төртінші – С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, үшінші қатарда сол жағынан үшінші –Ә.Тәжібаев.



Бейімбет Майлиннің түрмедегі кезі. 1937-1938 ж.
КГБ-ның архивіндегі № 11020 ісіндегі түсіріліп
алынды.



Б.Майлиннің ағайын – туғандары.

Бірінші қатарда – жұбайы Гүлжама, екінші қатарда бірінші, екінші – балалары: Мереке, Еділ. Алтыншы күйеу баласы – Қадыр, жетінші – қызы Гүлсім.



Б.Майлиннің жұбайы
Гүлжамал. Б. Майлин. 1936 ж.



1994 жылғы 5 тамызда Қостанай вокзалының алдында
Б.Майлинге қойылған ескерткіш.



Бейімбет Майлин. 1936 ж. партиялық есеп құжатында
басылған суреті.



Б. Майлинге арналған ескерткіш тақта.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН –ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ
БЕЙМБЕТ МАЙЛИН – НАРОДНЫЙ ПИСАТЕЛЬ

Мұхтар Әуезов

ҚАЙТА ТУҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘДЕБИЕТІ

Дүние жүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәстүріне сүйенетін реалистік прозамызды жасаған жазушылар – роман жазушылар мен әңгіме жазушылар. Мысалы, қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбет Майлиннің өзгеше мұрасынан танылатын...

Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды боп шығады. Және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін Совет дәуірінде қазақ аулында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады.

Шығармаларының 12 томдығы. 1969 ж.

Сәбит Мұқанов

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ТУРАЛЫ АЗ СӨЗ

ҚазАПП-ты ұйымдастырушылардың, оның платформасына қол қоюшылардың бірі болғаны айтылып жүр.

Орынборлық дәуірде де көріп, істес болып жүргенмен, Бейімбетті менің жақын таныым – Қызылорда дәуірі. Мен Қызылордаға 1926 жылы келсем, Бейімбет Қызылордаға өткен жылы республикалық мекемелермен бірге көшіп, орнығып қалған екен. Оның қазірде көзі тірі әйелі – Күлжамал, ол кезде жас келіншек. Ауылда туып өскен, газет оқырлық қана сауатты, мінезі ақ-жарқын, “қазақы” аталатын бұл әйелді Бейімбет Қостанайдағы туған елінен, Қызылордаға келе алдырыпты. Бірер баланың анасы болып қалған Күлжамал, қазақы жеңге ретінде, ойын-күлкіге де жақсы, дастарқаны да кең, асы да мол, сондықтан Бейімбет тұратын пәтер күн сайынғы қонақтан арылмайды. Газет- журналдарда өлеңдері, фельетондары, очерктері жиі басылатын, өлеңдерінің және әңгімелерінің жинақтары көлемді кітап болып басылған Бейімбет қаражат жағынан мол тұрады. Сондықтан Қызылорданың бағасы арзан қойынан (үш сомнан бес сомға дейін), Бейімбеттің үйі күн ара біреуін сояды деуге болады. Күн сайынғы

мол қонақ ол қойдың етін бір асқаннан қалдырмайды. Ет пен қымыздан, бауырсақтан басқа тамақ ол кездегі қазақ қызметкерлерінің үйінде қолданылмайды. Бейімбеттің өзі – сырашылдау кісі. Егер қостаушылар болса, қымыз орнына сыраны сіміреді де отырады. Жасау-жиыазды Бейімбет үйі жинаған емес. Төсек-орнынан басқа жалғыз мүлік – Күлжамалдың төркіні берген, орта мөлшерлі, әдемі түкті кілем. Бірер кроваттан басқа мебель оның үйінде болмайды. Асты жерге жайған дастарқанда ішеді. Ыдыс-аяқтары да жобалғы. Бейімбеттің өзі қалаша, бірсыдырғы тәуір киінеді. Күлжамал қазақылау, сыпайы ғана киінеді.

Бейімбет “Еңбекші қазақта” редактордың орынбасары болып қызмет істейді. Ол күшті журналист. Газетке өлеңдер, оқшаулар жазуды 1914 жылдан бастаған, советтік дәуірдің алғашқы бес-алты жылында Қостанайда шығатын “Ауыл” газеті мен Орынборда шығатын “Еңбекші қазақ” газетінде кезекпен қызмет атқарған, сол кезде Қазақстанда шығатын “Қызыл Қазақстан”, “Әйел теңдігі”, “Лениншіл жас” журналдарының бәрінде де өлең, әңгімелерін, оқшауларын үздіксіз жариялайтын ол - мерзімді баспасөздің ісіне мейлінше кәнігерленіп алған кісі. Оның денсаулығы күшті болатын, сондықтан ара-тұра мызғып алғанда, немесе тамақ ішкенде болмаса, уақытының көбін жазуға жұмсап, күні-түні отыра беруге ерінбейтін. Кейде серуендеп жүріп, түн ортасы, таңға жақын, таң атқанда пәтерінің қасынан өте берсең, терезесінен шамның жарығы жылытырап тұратын. Қызылорданың жазғы тыншу күндерінде бөлмесінде пысынап отырғанмен (ол тершең болатын, кішкене мұрнының ұшы қоңыржай уақытта да тершуден арылмайтын) терезесін ашпайтын.

Бейімбеттің кеңседегі кабинетіне, пәтеріндегі жұмыс бөлмесіне ерте бар, кеш бар оны үнемі жазу үстінде жолықтырар ең. Жазумен шұғылданған шақтарында, Бейімбет қаламды оң қолымен жүргізіп, сол қолымен маңдай шашын бұрап отыратын, шылымды үздіксіз тартып, бірінен соң бірін тұтататын. Пәтерінде жазып отырғанда, стаканға құйған сыраны әлсін-әлсін ұрттай беретін. Басқа бап тілемейтін. Жұмысының көптігі және өнімділігі жағынан Бейімбетке теңдесетін қазақ жазушысы, әсіресе журналисі аз болатын. Бейімбет сұлу жазатын адам да және өте жылдам жазатын, жазғанын қайта көшіретін әдет онда жоқ та. Түзетуі де аз жасайтын. Қазақ грамматикасына ол жүйрік те. Орысшаны шалағай білетін. Жазудан шаршаңқыраған кезде, негізгі ермегі екеу болатын: бірінші – балаларымен ойнау (ол өте балажанды адам да), екінші – жастыққа шалқасынан жатып, домбыра тартып, баяу дауыспен өлең айту. Домбыраны ол Қостанай салтымен төпел, соққылай тартатын. Қоңыр үнмен өлеңді де жап-жақсы айтатын. Сонда көбірек айтары: Қостанайдың төл әні “Уғай-ай” мен Балуан Шолақтың “Ғалиясының” бір түрі Бейімбеттен басқа кісіден естіген емен.

Идеологиялық жағынан Бейімбет – жазушылық өмірбаянының алғашқы қадамынан-ақ кедейшілік демократ. Бұлай болуы жалпы өмірбаянына байланысты. Өзінің және оны білетіндердің айтуынша Бейімбет қазіргі Қостанай облысының “Таран” аталатын ауданында, Аят өзенінің жағасында, “Шаңқан” аталатын төбенің етегінде туған. Кейін оның бір псевдонимі – “Шаңқан” болуы содан көрінеді. Бейімбеттің әкесі Жармағамбет Майлыұлы аңшылықпен күнелтетін жарлы жігіт екен. Бейімбет әкесінің он тоғыз жасында туады. Баласына алты ай толғанда, Жармағамбет өледі. Бейімбеттің жастай қалған шешесі (атын ұмыттым) Жармағамбеттің Бақберген есімді інісіне қосылады (Түсініктеме: дұрысында Бейімбеттің шешесі Күлғызар әмеңгерлік жолымен Жармағамбетпен бірге туған Аманға қосылған). Одан басқа Байжан деген де інісі болады. Күн көрісі нашар Жармағамбет бұрын еліндегі Мұқамжар деген байға жалданған екен. Бейімбеттің шешесі сол байдың сауыншысы болады. Бейімбет те бала шағында осы байдың қой-қозысын бағатын малайы (жалшысы) болады.

Есею жылдары. 3 кітап. 1970. 199-121 - бб.

Сәбит Мұқанов

АУЫЛ ӨМІРІНЕН БІЛЕТІНІ КӨП

...Ұмытпасам Бейімбет Майлинді Сәкен Қостанайдан Орынборға 1923 жылдың аяқ кезінде (дұрысы – 1922 жылы) шақырып алды да, “Еңбекші қазақ” газетіне қызметке орналастырды... Бейімбет те ірі журналист еді. Оның да алдынан газет-журналдардың материалдары бұрқырап өтіп жататын. Бейімбет сол жақ үсік саусағымен ұзындау шашын дамылсыз бұрап, үстіңгі еті томпақтау көзін қағазға жасаурата төндіруден жалықпайтын. Кеңседе ұзақ отыратын ол қарап үлгіре алмаған материалдарын пәтеріне алып кетіп, ертеңіне ертемен даяр ғып әкелетін. Ауыл өмірінен, әсіресе, кедейлер тұрмысынан білетіні көп Бейімбет – Орынборға келерден бұрын да бұл тақырыпқа көптеген шығарма жазған кісі. Келгеннен кейін тіпті лекітіп, өлендерді, фельетондарды, әңгімелерді үсті-үстіне бұрқыратып төлеп жібереді. Ол өте шапшаң жазатын адам еді. Жазушылық, редакторлық жұмыстары керемет көп бола тұра, Бейімбет баспаханаға да күніне әлденеше рет баруға ерінбейтін.

Бейімбет – кісіге ұрыса бермейтін өте момын мінезді адам да. Әдебиеттік айтыс-тартыстарға ол ешуақытта араласпайтын. Әрі ісі, әрі мінезі жаққан Бейімбетті Сәкен өте жақсы көріп, жылы леппен үнемі “Мырқымбай” деп айтатын. Сәкенде ұнатпаған адамын тұрпайы тілмен сөгіп, ұрсып тастайтын әдет болушы еді. Осы мінезін ол ешбір жағдайда Бейімбетке қолданбайтын, сыпайылықтан әрі аспайтын. Бейімбет те Сәкенді аса

сыйлайтын. 1936 жылы Сәкеннің әдебиеттік қызметіне жиырма жыл толуын тойлағанда Бейімбеттің “Социалистік Қазақстан” газетінде Сәкен туралы аса жылы түрде жазылған мақаласы оның Сәкенді шын сүйетін жастық жүрегінен шыққан.

Өсу жолдарымыз. 1960. 662-663 - бб.

Темірғали Нұртазин

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ТВОРЧЕСТВОСЫ

Б.Майлин – халық жазушысы. Ол жаратылысынан қайырымды, біреуге ақылмен, ісімен көмек көрсетуге дайын тұратын адам болған. Әлеуметтік қызметін бала оқытудан бастап, сегіз жыл қалың бұқараның арасында мұғалім болды. Көп жылдар газеттерде істегенде ол өзінің негізгі қызметінің үстіне үнемі тілшілер жұмысын басқарып, ауылдағы көптеген талаптыларға ерінбей болысты. Колхоздастыру кезінде Ілияс Жансүгіровке жолдаған хатында: “Түнгі сағат бір, колхоздың бастығы, бригадирі бар. Бәріміз колхоздың жұмыс жоспарын талқылауға отырып жатырмыз”, – деп жазады. Көппен сүйсіне істеу, көпті өзінің ісімен, мінезімен, адал ниетімен сүйсіндіру – Б.Майлиннің ең қымбат және өзіне ғана тән озық қасиеті.

Сол тамаша мінезінде алып таланты үстелді де Б.Майлин шығармаларымен идеялық - эстетикалық соны жаңалықтар ашты, революциялық жолмен өзгеріске енген қазақ қоғамының ең күрделі, басты мәселелерін көтерді; қазақтың сан-сала таптарының, топтарының өкілдерін жанды образ түрінде бейнелеп, миллиондардың ой, сана, сезім сотына ұсынды. Сол ұланғайыр әлемді, адамдар, характерлер мұхитын суреттейтін бояу, келісім, сөз кестесін, тыныс, леп қазынасын тапты; өзіндік көркемдік, мәнер, сән, жарасым дүниесін жасады.

Жырлағаным – кедейдің жыры,

Сырлағаным – кедейдің сыры, – деп желпіне тебіренген ақын халықтың оннан тоғызын құраған кедейлерді алдымен көрді, оның арман-мүддесін алға ұстай жырлады. Қазақ қоғамында іскер де, бәрін бастаушы да, тындырушы да, сондықтан өмірдің тірегі де кедей деп қарау, кедейдің түбірлі мүддесі совет заманында шешіледі деп сену – Б.Майлиннің бірінші және ең зор табысы, ашқан жаңалығы.

Кедей жалқы, оңаша емес; бүкіл қоғаммен тікелей байланысты. Сондықтан кедейді бейнелеген жазушы байды, болысты, чиновникті, байшылдарды; бұқарамен мүдделес революционерлерді, мұғалімдерді, оқығандарды, совет қызметкерлерін шығармаларына енгізді. Әрқайсысын өз орнында өзінің өмірлік үлесіне лайық өрнектеді, жанды образ етті.

Б.Майлин – социалистік реалист, асқан суреткер. Ол революцияшыл советтік заман оятып, қоғамдық қайраткер дәрежесіне көтерген

Айранбай, Мырқымбай, Күлтай, Бекберген, Раушан, Құрымбай, Әміржан, Құлшаров, Мырзалықтардың образын оқушы қызығарлық әсерлі етіп суреттеді, бірақ әсірелеген жоқ. Оның сүйкімді образдары әлі өсу, қалыптасу, төселу, шындалу үстінде жетіліп болғанша талай уақыт өтетінін шамалайсың...

Б.Майлиннің әдебиетімізді, театрымызды, музыканы, кино өнерін, журналистиканы дамытуда да еңбегі ерекше. Жазушының шығармалары әлі түгел жиналған жоқ. Оның өлеңдері мен поэмалары көлемді екі том. Ондағы лирикалық өлеңдер мен поэмалары тың мәселелерді көтерумен қатар, Майлиннің өрнегімен өрнектелген, өз бояуы, өз ырғағы, лебі, музыкасы бар.

Бейімбет Майлин творчествосы.
1966. 315-316 -бб.

Ғабит Мүсірепов

ӘДЕБИЕТТІМІЗДІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

– Біз бүгін осында жиналып отырғанда, – есімі қазақ совет әдебиетінің тууымен тікелей байланысты болған адамдардың біреуінің көзден таса, көңілден қалыс тұрмайтын сүйікті бейнесіне деген шексіз мол алғысқа толы ықлас-ілтисатымызды көрсеткелі келдік. Мен айтып тұрған бұл кісі өзінің өмірінде, өзінің ғажап қарапайым қалпы мен кішіпейіл табиғатында күн сайын, сағат сайын дерлік, қолжазбасының әрбір бетінде туған халқының жаңа әдебиеті тарихының жарқын беттерін жазып жатырмын-ау деген қиял қаперіне де еңбеген адам болатын. Бұл – жазушы Майлин Бейімбет еді.

Бейімбет Майлин есімі аса талантты, соншалық мол дарын дарыған адамдардың шоқ жұлдыздай жарқыраған тобында тұр. Олар өздерінің өзгеше қасиетті борышы мен міндетін толық түсінген, қаламгерлік қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ халықтың рухани өрлеуінен, оның мазмұны социалистік, түрі ұлттық жаңа мәдениетін жасау ісінен сындарлы орнын тапқан таланттар.

Ия, бұл – шын мәнісінде “құдіретті топ” құраған қаламгерлердің таңғажайып өркені болатын. Бұл топ өзі жаңа дәуірдің жас өркені, “түнек дүниені тілген алғашқы сәулелері” бола тұрып, өзгелердің жолына жарық түсірді, осынау жаңа өмірдің өресі биіктеп, өрісі ұзара беруіне мол шапағат тигізді.

Біз “шоқ жұлдыз” дегенді көркем творчество адамдары туралы айтқанда қандай мағнада түсінбегіміз керек. Бұл – олардың бәрі қосылып, өздерінің бар жарығын бір жерге ғана шоғырландырып түсіреді, сөйтіп әрқайсысының өзіндік шұғласы қандай екенін көрсетпейді деген мағнада

емес. Жок, “шоқ жұлдыз” деген сөзді әдебиет пен өнер қайраткерлеріне орай қолданғанда олардың уақыт жағынан сәтті жұмдасқанын, яки көп-көп жұлдыздардың, тым болмағанда олардың бірнешеуінің бір мезгілде жана тұра әрқайсысы өзінше шұғла шашатынын, халық өмірін өзінше әр қырынан, әр алуан биіктіктен жарқырата нұрландыратынын, өзінің поэтикалық шабыт қуатынан айнымайтынын ұғыну керек.

Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов және Сәбит Мұқанов есімдерін күнбе-күнгі тәжірибемізде белгілі бір қалыптасқан ізбен атай тұра біз қайткенде де бұлардың әрқайсысына тән творчестволық бетін жып-жылмағай етіп жіберуге тиісті емеспіз.

Есімдерді қалай болса солай тіркестіре топтастыру әдебиет пен өнер қайраткерлеріне тіпті де үйлеспейді. Мұның мәнісі әбден-ақ түсінікті. Бұлай ету олардың қайсысының қандай жарығы барын, өз халқының рухани дамуына қайсысының қандай ықпал-әсері болғанын тарих алдында да, оқырман қауым алдында да бұлдыр-буалдыр күйде көрсету болмақ. Ал он екі мүшесі біртұтас, нәтижесі жағынан ортақ әдебиет – әрқашан да өзінің жасаушыларына қарай нақтылы да, дара сипатты да.

Тегінде жұртқа белгілі осы бір ақиқаттықты бүгінгі күні өзіміз мүшелді жасын тойлап отырған Бейімбет Майлин творчествосының және оның мінез-қалпының өзгешеліктеріне байланысты еске алғанды мақұл көрдім.

Жаратылысында ерекше қарапайым, аса сирек ұшырасатын кішіпейіл және еңбекқор Бейімбет әдебиетіміздің тарихынан қашан да өзіне ғана тән өзгеше орынға ие. Ол әдебиетке келгенде жазушының халық алдындағы ролі мен жауапкершілігін әбден елеп, екшеп барып келді, әдебиеттегі реализмнің зергері болып келді және демі таусылғанша осыдан айныған жоқ.

Біздің прозамыздағы реализм мен шыңына шыққан шеберлік өзгелердің бәрінен де бұрын Майлин есімімен берік байланысты. Ол – әрі тендесі жоқ әңгімеші ретінде де, әрі прозадағы сүйікті шығармаларды жасаушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз. Біздің қай-қайсымыз болсақ та Бейімбет Майлиннің осыдан түп-тура алпыс жыл бұрын жазылған “Шұғаның белгісі” повесінің құрсағынан шығып, етегіне оранып өскендейміз.

Бірақ, Майлин бірбеткей прозашылығымен ғана реалист жазушы емес. Ол драматургия жанрында да реалистік дәстүрлерді қалыптастыруда нақ сондай дәрежеде тыңнан түрен салған қаламгер. Творчестволық жолын бір уақыт дағдылы жолмен, яғни ақындықпен бастаған ол бертін келе өзінің ең үздік шығармаларын дәл осы көркем проза мен драматургияда тудырды.

Майлиннің ілуде бір адамда ғана боларлық еңбекқорлығы мен іске қабілеттілігі тұстастарын таң-тамаша қалдыратын. Талантпен тізе

қосқан еңбек аумағы мол, маңызы баға жетпес қымбат көркем мұраны бізге сый етті. Осынау ерен өзгеше талант иесінің творчестволық өмірі мен творчестволық мұрасын аз сөзбен сығымдап айтсақ, жиырма жылғы қажырлы, барынша қарымды да нәтижелі жұмыс, мәңгі жасар онбес томдық шығармалар деп түйіндер едік.

Соның өзінде аға буын қазақ жазушылары ішінде әлгі жұрт айта беретін тарихи тақырыпқа қалам тартпаған кісі жалғыз ғана Майлин еді десе де болғандай. Ол өзінің дарынының бүкіл күш-қарымын, өзінің бүкіл ой-назарын осы заман тақырыбына жұмылдырды. Бұл жағынан алғанда оның творчествосын қазақ жеріндегі советтік өмірдің алғашқы жиырма жылының шежіресі деп айтуға әбден хақымыз бар.

Майлиннің қаламгерлік қызметіндегі тағы бір тамаша өзгешелікті таңдана айтпай тұра алмаймын. Бұл – оның әдебиеттегі ұстаздық және тәрбиешілік ролі мен орны жайында. Көркем сөздің көп қырлы зергері, ғажайып стилист болған ол өзінің тәрбиешілік табиғатына тән қамқорлығымен әдебиеттің жас күштерін көркемдік шеберлікке баулып шыңдайтын еді. Ол жас таланттарды да соншалық көрегендікпен, аңдағыштықпен тауып ала қоятын. Асылы, біздің, оның замандастарының, қай-қайсысы болсақ та Бейімбет Майлиннің киелі қолы, яки оның кереметтей кемел редакторлық қаламы тимей өте алдық демес едік.

Майлин қазақ жазушыларының арасындағы алғашқы журналист, әдебиеттің осы бір айрықша жауапты және қызулы жаңрына бірінші болып жол салған кісі. Және де Майлин творчествосындағы осы екі бағыт – көркем проза мен журналистика біріне-бірі сіңісіп кетпей, әрқайсысы өзінше дамиды, өзіне тән табиғи жолмен шымырлана түседі.

Социалистік реализмнің аса көрнекті жазушысы Бейімбет Майлин біз үшін творчестволық мол мұра қалдырды. Қазіргі оқушы жұртшылық бұл мұраны жақсы біледі ғой деген үміттемін.

Әйтседе мен оның жазушы тумалары үшін баға жетпес қымбат бір қасиетін айрықша айыра айтқым келеді. Ол – оның қарапайымдылығы, қолының кіршіксіздігі, жүрек лүпілінің қалтқысыз, қаяусыз пәктігі, талантпен тең тізе қосқан еңбекқорлығы...

Осы бір шағын ғана сөзімнің аяғында мен әр жазушының әдебиеттегі орны мен маңызы туралы айтқан ойыма қайта оралып соққым келіп тұр. Бір ретте “Ат тұяғын тай басар” деген мәтелдің әдеби творчествоға қатысы жоқтығын айтқан едім. Қазір де сол пікірдемін. Әдебиетке ешкім де шақыру билетімен келе алмайды және онда күні бұрын белгіленіп қойған орын да жоқ. Дәл осы сияқты, әрбір жазушы өмірден өткеннен кейін де оның орнында әлденендей бір вакуум пайда болмайды.

Бұл пікірдің бірден бірге тағылым ауысу заңына және біздің дәстүр мен жаңашылдық жайындағы ұғымдарымызға кереғар қайшылығы жоқтығына сенеміз.

Гоголь “әдебиет әлемінде өлім деген болмайды, марқұмдардың өздері де біздің ісімізге тынымсыз араласып, бізбен бірге тірі адамдардай тіршілік, әрекет-қимыл жасайды” дегенде мың да бір мәрте біліп айтқан.

Белинский: “Пушкин мәңгібақи ғұмыр сүретін және қимыл-қозғалыста болатын, ажал жеткен жерінде қалшыып тұрып қалмайтын, қайта қоғам санасында өсіп, дами беретін құбылыстар қатарына жатады” дегенде де тап басып айтып отыр.

Осынау оябы табылып орынды айтылған сөздерді біз өзіміздің тамаша жазушымыз, ұмытылмас досымыз, бауырымыз және ұстазымыз Биғаның – Бейімбет Майлиннің есіміне де түгелдей қатысты деп санаймыз. Күндердің бір күнінде Қостанайдың құнарлы топырағында ұрықтанып, гүлдеп шыққан осынау талант содан беріде бүкіл совет әдебиетінің жемісті бағында мол өнім берді.

Б.Майлиннің 80-ге толу салтанатында сөйлеген сөзі. “Қазақ әдебиеті” газ., 1974, 6 желтоқсан.

Ғабит Мүсірепов

НАҒЫЗ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ

...Иә, бұл шын мәнінде жарқын жол болды ғой. Оның бастауында Горький, Маяковский, Фадеев, Шолохов сынды классиктермен қатар біздің Сәкеніміз, Ілиясымыз, Бейімбетіміз тұрғаны қандай мәртебе! Солар салған сүрлеу-соқпақ тыңнан шыңға тартып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бүгінгі мәуелі де мәртебелі биігіне жеткізіп отыр.

Осы үш алыптың бірі – Бейімбет Майлин көзі тірі болса, дәл бүгін тоқсанға келмек екен. Бейімбет кім еді? Ол – шын талант, нағыз халық жазушысы еді... Ол әдебиетке Ұлы Октябрь революциясынан бұрын араласты. Сұлтанмахмұттармен қатар шықты. 1913 жылы “Мұсылмандық белгісі”, “Мұқтаждық”, “Мал”, “Байлыққа” деген тұңғыш өлеңдерін жазды. “Айқап” журналының көрнекті авторларының бірі болды. 1916 жылы қазақ прозасының төл басы – “Шұғаның белгісі” повесін берді. Амангелді Иманов пен Жалбыр Құдайбергенов бастаған халық-азаттық қозғалысының куәгері ғана емес, жырлаушысы бола білді. Октябрь революциясынан кейін оның таланты халық игілігіне айнала бастады. Мәселен, “Азамат Азаматыч” романы, “Майдан” драмасы, “Мырқымбай” жинағы, “Шұға”, “Жалбыр”, “Дудар-ай” либреттолары, аяқталмай қалған “Қызыл жалау” романы, В.Иванов үшеуіміз қосылып жазған “Амангелді” киносценарийі аз еңбек болмайтын. Бас-аяғын жинақтасак, қазір Ғылым академиясы әзірлеп жатқан көп томдық мұра болып қалыпты. Талант пен еңбеккерліктің жемісі деп осыны айтар болар.

1957 жылдан бері Бейімбет Майлин шығармалары үзбей жарияланып келеді ғой. Бірақ, баяғы алты томдықтан кейін ауыз

тұшырлық басылым болған жоқ. Оның өзі асығыс шығарылып еді. Рас, марқұм Қайнекей Жармағамбетов көп қажыр-қайрат жұмсады. Оның Бейімбет шығармаларын жинап бастырып, зерттеуге сіңірген еңбегі көп.

“Би-ағаңның творчестволық шеберханасына және қаламгерлік болмысына тән ерекшеліктер қандай болушы еді?” дейтін мәселе жастарды қатты қызықтыратын болса керек, әйтеуір, осы жайында жиі сұрақ қоятыны бар. Бұл жөнінде айтарым: ең алдымен азаматтық әуен болатын! Халқына, Отанына, партиясына қызмет ету, талант қуатын түп-түгел соған арнау оның өмірлік мұраты еді. Ол ешуақытта менің еңбегім бағаланбайды-ау деп жалаң-көздікке салынбай кетті. Және бір ескерер жәй: Бейімбет жиырмасыншы-отызыншы жылдары проза мен драматургияда алдына жан салған жоқ. Өлеңнен де қол үзбеді... Айтпақшы, әредікте менен: “Би-ағаң сол жылдары поэзияға салқын тарта бастапты. “Ілияс Жансүгіров шықты ғой, енді дария жағасынан құдық қазғандай болмайын” десе керек. Осы рас па?” деп сұрайтындар бар. Білмеймін. Бейімбеттің солай дегенін естіген емеспін. Дей қалған күнде де, онысы өзін кеміткендік емес, талантты тани білуі болса керек-ті. Жақсыны тани білетін жүрек оның кеудесінде үнемі лүпіл қағып тұратын. Менің де әдебиетпен айналысуыма Би-ағаңның ықпалы жәрдем еткенін айтып та, жазып та жүрмін ғой.

Тағы бір ерекшелігі – оның үйі мейманхана секілді болатын. Аса еңбеккер жазушы күй тандауды білмейтін. Серілікті ұнатса да, қылтың-сылтыңнан таза. Бір жазғанын талай рет көшіруге келгенде алдына жан салмайтын. Қаһармандықты суреттеуге құштар еді. Амангелді мен Жалбыр – ол аса құрмет еткен халық батырлары. Халықтық юморы өз алдына бір дәстүр. Әсіресе, ол Мырқымбай төңірегінде жарқырай түсті.

Үшінші бір қасиеті – ғажайып табиғилығы. Өмірді көретін өз көзі болды. Ол Бейімбетке ғана тән жазушылық мәнер, стиль айшығы болып қалыптасты. Жазушы үшін кейіпкердің үлкен-кішісі болмайды. Мәселе оны қалай суреттеп шығуында. Бейімбеттің бұл жөнінен төрт құбыласы сай. Кейбір әдебиетшілер осы мәселенің байыбына бара алмай жүр. Бейімбетті тани алмау – ештемені тани алмау дейтінім сондықтан. Әсіресе, қазіргі әдебиетіміздегі Бейімбет дәстүрі дегенге ұқыпты болмақ керек. Дәстүр дегеніміздің өзі диалектикалық категория. Ол жаңашылдық туғызып жатады. Сол жаңашылдық кейін өзі дәстүрге айналады. Бейімбет сол көзді бұлақтың бастауында тұрды, дәстүр қалыптастырды. Оған еліктемеген, одан үйренбегендеріміз аз. Аға, орта буынды былай қойғанда, жас толқын кейінгі жазушыларымыздан да Би-ағаңның ықпалын, әрине, жақсы мағынасындағы ықпалын көреміз.

Кресло адамды көркейтпеуі керек, адам креслоны көркейту керек қой! Осыны қатты ұстанатұғын. Креслосынан кеткен күні бұған дейінгі жиып-терген атақ-даңқынан жұрдай ажырап қалатындар қаншама. Соны

жек көретұғын. Шындығына келсек, жақсы ұғымдағы мансап – егер ол халыққа қызмет істейтін болса, адамгершілікке үлкен сын! Ол дәрежеден шыға алмаған мансап – өзіңнің де, өзгенің де соры. Бейімбет осылайша ойлайтын еді.

Сол бір алыптар тобындағы ағалардың жазу-сызуы да, жеке басын ұстауы, жүріс-тұрысы да бүтіндей бір ұрпаққа үлгі болды десем, жалған айтпаспын. Әрқайсысының мінез-машығы, сүйкімді қылықтары әлі күнге көз алдымызда. Бейімбет қой көзділеу еді. Бетінде қорасан дағы қалған, киім жарасатын сұлу да сұнғақ денесі тіп-тік. Жүріс-тұрысы сабырлы, салқын қанды мінездің адамы. Біреуге сен деп керілдісіп жатқанын көрген емеспін. Бас қатырар тобыр жиыннан аулақ жүретін. Сонысымен қоймай өзі өте қонақжай болды. Қазақтың сол кездегі көптеген өнер, әдебиет адамдары Би-ағаң үйінде танысты десем артық емес.

Би-ағаң тез жазатын. Асылы, осының өзі талант табиғатына, автордың өзіндік “меніне” байланысты. Бір шығарманы бір жыл, немесе он жыл жаз – сапалы болса, дегеніңе жеткенің. Қалай да уақыт талабына сай шығуың керек. Михаил Шолохов “Көтерілген тыңның” бірінші кітабын отызыншы жылдары жазды. Екінші томын арасына жиырма жыл салып аяқтады. Би-ағаң болса, сол колхоздастыру тақырыбын Михаил Шолоховпен қатар бастады.

Біздің бәріміз тап тартысының ең бір қызу да қатал кезінде әдебиетке араласқанбыз. Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешуі” соның бір айқын көрінісі. Бейімбет одан шет қалған жоқ, әрине. Бір ғана Амангелді, Жалбыр тақырыбының өзі-ақ осыны дәлелдейді. Бірақ, ол үлкен суреткер ретінде кішкентай дүниеден-ақ зор қорытынды шығаруға тырысатын. Шығармаларынан оны байқау қиын емес. Тіл мәдениеті жөнінен Бейімбет бәрімізге үлгі. Әр кейіпкердің ғана емес, суреткерлер әр оқиғаның өзіндік стилі, тілі болу керек деп қарайтын. Одан қалған мұра осы күйінде де әдебиетіміздің алтын қоры болып отырғаны хақ.

Бейімбеттен архив қалған жоқ. Барлығы мерзімді баспасөз құшағында жатыр. 1912 – 1937 жылдар арасында жарияланған дүниелерін тегіс жинау, оның ең соңғы басылымдарымен салыстыру парыз. Бұл – текстология деген сөз. Он том шығарма Бейімбеттен табыла қоймас. Бірақ, сегіз том еркін шығады. Ендігі жерде жазушының халқымен сырласары да осы академиялық жинақ болмақшы.

Бұған немқұрайды қарауға болмайды.

Міне, әдебиетіміздің классигі, естен кетпес Би-ағаң туралы оның тоқсан жылдық мерекесі тұсында ойға оралған бірер жайлар осы.

Б.Майлиннің 90-ға толуына орай айтқан пікірі. “Социалистік Қазақстан” газ. 1984 ж.

21 қазан.

15 ЖЫЛДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

...“Бейімбет. Қазақтың қара танытынында Бейімбетті білмейтін қазақ жоқ болу керек. Бейімбет қазақ совет жазушыларының ішіндегі ең көп жазғаны. Бейімбет 1915 жылдарда-ақ үлкен жазушы, талант екенін көрсеткен еді. 1915 жылда жазған Бейімбеттің “Шұғасы” әлі күнге дейін қазақ әдебиетіндегі өте терең, мағыналы, қызықты, мазмұнды, әдемі, шебер тілді әңгіменің бірі болып саналады. Осы әңгімесін былтыр Бейімбет музыкалы пьеса қылды. Бұл пьеса осы күнде қазақ театрларының репертуарының ішіндегі ең жақсы пьесаның бірі. Бейімбеттің қысқа-қысқа жақсы әңгімелері, “Он бес үй”, “Майдан”, “Біздің жігіттер”, “1916 жыл” тағы осы сықылды кесек шығармалары қазақ әдебиетіне түр беретін, маңызын, бағасын көтеретін үлгілі, кесек шығармалар. Бейімбет қазақ әдебиетінде ұмытылмайтын кесек-кесек қазақ образдарын жасады. Бейімбеттің “Шұғада” көрсеткен Шұғаның образы, “Майдандағы” Зәуре, бай Бекболат, оның қатыны – бай бәйбішесі Мамық, “Біздің жігіттердегі” Қазина, Жалбырлар ұмытылмайтын, қазақтың тарихи дәуірін көрсететін кесек образдар. Бейімбет көп жазған жазушы, “қарт” жазушымыздың бірі. Бұ да, әрине, салған жерден пролетариат жазушысы бола қоймаған. Бейімбет те бір кезде ұлтшылдық жолға түсіп қателесті. Бұ да жүре, жаза өсті. Бүгінгі мереке күні біз алда қашан адыра қалған, біздің де, Бейімбеттің де ұмытып кеткен ескісін еске түсіргіміз келмейді. Бізге керегі бүгінгі Бейімбет. Бүгінгі Бейімбет өзінің ақындық талантымен, үлкен-үлкен қызықты, маңызды, пайдалы еңбектерімен қазақ еңбекшілерінің ең құрметті, қадірлі совет жазушысының бірі болып отыр. Бейімбетті біз жақсы көреміз. Бейімбет қазақтың совет әдебиетінің көркі, таусылмас қазынасы дейміз.

“Қазақ әдебиеті” газ. 1935 ж. 9 қазан.

Серік Қирабаев

БЕЙІМБЕТ ТУРАЛЫ СӨЗ

Қай заманда болса да суреткер қоғамға, оның тәртіптеріне бас шұлғып отырмаған. Ол қоғамы, заманы жайлы ұғымын, түсінігін көркем бейнелер арқылы ашып, дәуірінің шындығына халық болашақ, адамзат көзімен баға беріп келеді. Қоғам тәртібімен суреткерді тек әдебиетке, өнерге сену, оның өмір танытудағы рөлін мойындау табыстырған. Өйткені, шындық жолы қашанда көркемдікке, әсемдікке апарады, ал әсемдік дегеніміздің өзі – шындық.

Бұның бәрін біз коммунистік идеология тұрғысынан түсіндіріп келдік. Біреулерін осы идеологияға жат жазушылар деп бағаласақ, екінші біреулерін Совет заманының жыршысы деп санадық. Творчестволық

еңбектің алуан түрлі қыры мен сыры барын ескермедік. Ал, осы идеологиялық бағаны алып тастап, олардың шығармаларын нағыз өмірді танудың көркем-өнерлік сыры тұрғысынан бағаласақ, аталған ағаларымыздың қай-қайсы болса да ұлы суреткерлер болғанына көзіміз жетеді. Қазақ әдебиетіндегі реализмнің ұлы жеңісі осы қаламгерлер еңбектерінен басталады. Олардың жастай елге танылып, классиктер қатарынан орын алуының сыры да осында.

Ең бастысы – біздің классиктеріміздің көркемдік мұрасы үлкен адамдық идеяға (революция идеясына емес) негізделген еді. Олар ешқашан өмірді қиратуды мақсат етіп қойған жоқ, жаңартуды, жасауды мұрат тұтты. Ал, олардың шығармаларына негіз болған өмірлік материал өмір сүрген дәуірінің шындығынан алынды. Өз дәуірінен, заманынан, оның шындығынан тыс тұратын ақын да, жазушы да тіпті адам да болмайды. Олардың көзқарасының негізінде сол дәуірмен, уақытпен рухани байланыс жатады.

Шындық табиғаты қашанда екі жақты. Ол – әрі шын, әрі шын емес. Шындыққа сүйенген әдебиет табиғаты да солай. Оның шын болатын себебі – ол өз дәуірінің талабы тұрғысынан түсіндіріледі, ал бір дәуір үшін қажетті шындық жалпы адамзат ұғымы тұрғысынан шын болмай қалуы мүмкін. Өйткені, көркемдік танудың өз заңы, түсінігі, принципі бар. Бізде осы принципке, көркемдікті танудың заңына зорлық көп жасалды, оның бәрі саясатқа негізделді. Біз қайткенде әдебиет тілімен социализмнің жеңісін паш етеміз деп тырыстық, оның жаңа адам тәрбиелеудегі рөлін ашуға, социализмнің адамдар қоғамындағы ең жоғары, әділетті қоғам екенін дәлелдеуге ұмтылдық. Шын мағынасында бізге қажеті – социализмнің, әсіресе біз орнатқан социализмнің өзі емес, социалистік идеал, әділетті, бақытты өмірді аңсау идеясы еді. Біздің ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяға құрылған шығармаларымыз осы принципке арқа сүйеді. Социалистік революциядан біздің классиктеріміздің іздегені де осы болды.

Бейімбет – осы сенімге сүйеніп қызмет істеген жазушы. Сенім оның халықтық талантын ұштап, туған халқының мұраты үшін аянбай еңбек етуге бастады. Өмірін қалам қызметіне арнаған ол сол қаламымен ескілікті күйрете сынауда, жананы мақұлдауда белсенділік танытты. Оны тек жалаң идеологиялық тұрғыда емес, көркем әдебиет тілімен бейнеледі. Бұл тұс қазақ әдебиетінің рухани бостандыққа шығып, әлемдік әдебиетпен жан-жақты байланысқа түсіп, жанрлық және көркемдік ізденістерге бет бұрған кезі еді. Ұлттық әдебиетіміздің осы жолдағы табыстарын орнықтырудағы Бейімбет еңбегі аса зор. Ол қазақ поэзиясының дәстүрлі үлгісін жаңа ізденістермен байытып, жаңа-туа бастаған проза мен драматургия жанрларын жетілдіруге үлес қосты.

Шағын әңгімені көркемдік биікке көтеріп, повесть, роман сияқты көлемді прозаны қалыптастыруға күш жұмсады. Өмірді терең барлап, очерктер, фельетондар, мақалалар жазды. Киносценарий, операға либретто жазу арқылы ұлттық кино, музыка өнерінің дамуына ат салысты. Балаларға арнап шығармалар жазды, ұлттық баспасөздің алғашқы қаламгері, баспа ісінің ұйымдастырушысы және еңбек торысы болды. Осының барлығына Бейімбет өзін аямай, жаны мен қанын төккен. Замандастары оның күндіз редакция жұмысын істеп, бітпегенін үйіне алып кетіп аяқтап, тағы да көркем шығарма жазумен шұғылданғанын айтады. Мұны онымен семьялық жағынан аралас-құралас болған адамдардың бәрі де көрген. 1931 жылы “Жаңа әдебиет” журналына берген интервьюінде Бейімбет өзі: “Жазу жұмысына түсіп отырған кезім де жоқ... “Аттың жалында, түйенің қомында” сияқты, мұршаң келгенде бір нәрсені жазған боласың, оны өндеуге, кестесін келтіруге көбіне уақыт жоқ” депті. Шынында да, Бейімбеттің арнаулы уақыты болмағаны рас. Сонымен бірге мұнда Бейімбетке тән кішіпейілділіктің, өз ісіне қанағаттанбаудың сарыны бар. Қарапайым адамдар ортасынан шыққан, жоқшылық көріп өскен жазушы барды қанағат тұтып, үлкен лауазым, атақтарға ұмтылмай, сол еңбекші көптің бірі болып өмір кешуді қалаған. Тіпті, ол еңбектері газет-журналдың бетін босатпай, есімі елге таныла бастаған кездің өзінде жалпы жұртқа өзін “Бейімбетпін” деп таныстырудан да қашатын болған. Бейімбеттің әйелі Күлжамал бірде демалысқа елге барып, біраз мал иемденіп, үйге керек жиһаздар сатып алады. Бейімбет оны естіп, “мені саудагер дейсің бе, әлде капиталист болады деп жүрмісің? Масқаралық жасапсың! Бәрін де сат. Жұртқа тарат. Осы мінезің үшін сенен бір жола безуге барамын”, – деп қорқытып хат жазыпты. Өзі ақыры, әйелінің артынан елге барып, сатып алған дүниесін жұртқа таратып беріпті.

Бейімбеттің қарапайымдылығы оның мінез-құлқында ғана емес, оның еңбектерінде, шығармашылық өнерінде. Халықтың қайнаған ортасынан шыққан ол өзі өмірді терең білген және сол білген шындығын жұпыны, қарапайым күйінде әңгімелеп бере салуда шеберлік танытқан. Оның шығармаларында қолдан жасалған не ойдан шығарылған жасандылық жоқ, бәрі де өмір фактыларына сүйенеді. 20-30 жылдардағы қазақ ауылының өмірі қандай күрделі, алуан түрлі уақиғаға толы болса, Бейімбет шығармалары да сондай көп салалы, көп тақырыпты. Жазушы үшін жат тақырып жоқ. Ауылды жайлаған мешеулік, надандық, жастардың оқу-білімге ұмтылысы, әйелдердің теңдік үшін күресі, советтік шаралар азат етіп, оң мен солын тануға тырысқан кедейлер мен хұқына тежеу түскен бай, дін адамдары, аштық, жеке меншікті күштеп ортақтастыру, тағы басқа сол дәуір үшін не шындық болса, соның бәрі Бейімбет қаламының күшімен әдебиет шындығына айналады. Жазушы уақиғаны тәптіштеп

жатпайды – ол әдебиет үшін керек те емес, – оны адам тануға көпір ретінде пайдаланады. Оның жазушылық нысанасы – Адамды, оның табиғатын, бойындағы өзгерісін, өмір тану жолын ашу. Оның геройлары да осы уақиғаларға қатысты өзін өзі таниды, елді таниды, қоғамдық тәртіпке көзқарасын қалыптастырады. Қоғамдық тәртіптің де адамға ықпалы әр қилы: бірде бауырына тартады, бірде өзінен безіндіреді, өмірдің өзінен де түңілтеді. Осының бәрі – өмір сабағы. Бейімбет үшін қажеті сол. Ол ашқан 20-30 жылдардың геройлары – Мырқымбай, Айранбай, Дайрабай, Құрымбай, Раушан, Қамила, Әміржан, Азамат, тағы басқалар осы жолмен өз заманы шындығын танытатын типтер. Бейімбет заман сырын осылардың бойындағы психологиялық өзгерістер арқылы ашады.

Бейімбет өз кезінде ауыл жаршысы есебінде танылған. Қазақ аулы – ол үшін таныс, етене, жазбаса тұра алмайтын тақырып. Бұл өзі сол ауыл кедейлерінің ішінен шыққандығынан ғана емес (оның да маңызы зор), ауылды бүкіл қазақ елінің кіндігі, бейнесі деп түсінгендік. Илияс та даланы бүкіл қазақ жерінің бейнесі деп таныған еді ғой. Сол сияқты Бейімбет те ауылды қазақ халқы деп түсінген. Сондықтан елдегі өзгерістердің бәрін оның ауылдағы көрінісі арқылы таныды.

Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз,

Ауыл – дене, біз қозғалтар жанымыз, –

деген сөз – оның жазушылық, патриоттық, қазақтық кредосы болатын.

Ол геройларды да ауылдан іздеді. Сол арқылы мешеулік жайлаған ауылдың заман ырқымен қозғалысқа түсуін бейнеледі. Мырқымбай теңдікке ұмтылған ауыл кедейі болса, Раушан да етекбасты ауыл әйелдерінің тобын бұзып, қоғамдық іске араласады. Аштықтың азабына шыдамай, күйеуі мен баласын асырау жолына өзін құрбан еткен Күлпаш тағдыры ауылға түскен ауыртпалықты бейнелесе, Дайрабайдың жалғыз сиырын саудаға салып, ел көзіне күлкілі күйге қойған асыра сілтеу науқанының сырын аңғарамыз. Арыстанбайдың Мұқышы мен өкіл Талтаңбаев – сол ауылды қоғаммен тартысқа түсірген жат, белсенді типтер. Осындай алуан түрлі бейнелер ашқан Бейімбет, негізінен, жаңашыл, жаңаны көргіш жазушы. Ол ауыл адамдарының заманының ыңғайымен жолын тауып адаса, қателесе жүріп, біртіндеп көзін ашып келе жатқанын ризалықпен жазады. Табиғатынан реалист жазушы шалқымайды, әсірелемейді, геройларын өз ортасына, өз дәрежесіне лайық дәрежеде ғана жұпыны бейнелейді. Аталған геройлардың ешқайсысы да үлкен қайраткерлікке көтерілмейді, санасына, ақыл-ойына қозғау түсіп, қоғамдағы орнын түсіне бастаған күйде ғана әңгіме желісі үзіледі. Бірақ оқырманның ойына осылардан кейін үлкен қайраткерлер шығады деп сенім ұялайды. Өзірше сауатсыз, аңқау, икемсіздеу, жасқаншақ қазақтың

кейін ысылатынына, өсетініне сенгендей боласың. Жаңа қоғам тірегі осылар болмақ. Олардың бойында адамдық қасиет бар. Осылар адам қатарына қосыла алса ғана қоғам пайдалы болмақ, әспек. Осы образдарды жаңаша тану үшін Бейімбет тұрмыстық детальдарды суреттеуге көбірек барады, бірақ оны тұрмыстың егжей-тегжейін қазбалау үшін емес, адам жанындағы бұлқынысты, оның жаңа күйге, әрекетке бет бұруын ашу үшін пайдаланады.

Бейімбеттің адам тануының үлкен бір өлшемі – оның үнемі таптық тұрғыдан қарай бермеуі. Әрине кеңестік-коммунистік режимнің күшті кезінде марксизмнің тап туралы, тап тартысы туралы қағидасын берік ұстаған адамның бірі Бейімбет болғаны да жасырын емес. Оған жазушының шыққан ортасы, жоқшылықта өткен кедей тұрмысы да әсер етті.

“Кедейге” деген өлеңінде:

Сенің зарың зарлайтыным өмірде

Сенің арың арлайтыным өмірге.

Сен не көрсен, мен де соны көрмекпін,

Белді бұғам ауырға да, жеңілге.

Сен жыласаң көзден жасым тамшылар,

Сен қуансаң, қайғы-шерім аршылар.

Айт өленді ен даланы күңірентіп,

Кеше жүрген қойшы-қолан, малшылар! – деуі де жайдан жай айтыла салмаған. Ол ауыл байларының хұқы тежеліп, кедей-жалшылардың теңдікке ұмтылуына тілектес болды. Соған қарамастан тап тартысының шиеленіскен күндерінде Бейімбет бай-кедей деген ұғымдардың бірін қара, бірін ақ бояумен бояп көрсету жолына барған жоқ. Оның түсінігінде, байдың бәрі жаман емес, кедейдің бәрі жақсы емес. Олардың бәрі де адам. Адамның жақсы-жаманы болады. Кедейлер ішінде де “Сойқанды содырлар” аз емес. Оның осы позициясы шығармаларында мол көрінеді. Олардан кедейлердің барлығының колхозға ұмтылып жатпағанын көреміз. “Жарылқағаның осы болса, мұныңнан аулақ, – дейді бір кедей ауданнан келген өкілге. – Осы күйіміздің өзі-ақ жақсы” (“Сот алдында” әңгімесінен). Ауылды советтендіру ісінде қиыншылық көп. Солардың көбі ел ұғымына жат саясатты сырттан күштеп танумен байланысты болып жатыр. Күштеу қашанда асыра сілтеуге апарады. Оның аяғы – аштық, тентіреу, елден, жерден безу. Үлкен суреткер есебінде Бейімбет өзі көрген осы шындықты айналып өте алмайды. Ол қазақ ауылының совет саясатын қабылдауының қиыншылықтарын, бұйығы өмір кешкен елдің жаңаға көндіге алмай оңашалануын, аштық пен ауру жайлаған ел тұрмысын, жаңаны орнықтырмай жатып, ескінің бәрін қиратуға жол беріп, ел ішін аласапыранға толтыру шындығын көптеген шығармаларына арқау етті.

Қайткенде де, Бейімбет – өз заманының жыршысы. Ол кездегі күрделі өмір шындығының өзі екі жақты болғаны даусыз. Жаңа қоғам құрудың өзіндік табысы да болды, сәтсіздіктері де аз болған жоқ. Қазақ ауылын социализм жолына бірден күштеп түсірудің эксперименті көп жағынан өзін ақтамады. Әдебиет өмір тәжірибесіне сүйенеді десек, мұның әсерін әдебиет бетіндегі ізденістерден танимыз. Негізгі туындыларында классикалық үлгіге көтерілген Бейімбеттің өмір шындығын кең қамту мақсатымен жасаған эксперименті де аз емес еді. Күштеуге, идеологиялық мақсатқа негізделген шығарма күші қашанда өміршең емес. Өзінің басқа да замандастары сияқты Бейімбет те бұдан сырт қала алмайды.

Біз үшін бүгін Бейімбет творчествосының заман қайшылығынан туған мұндай әлсіздіктері емес, негізгі жазушылық концепциясы мен суреткерлік өнері маңызды. Ол дүниежүзілік озық әдебиет дәстүрінен үйрене отырып, өзіндік жаңа дәстүр қалыптастыруды, Адамды тану, оны адамзаттың өмір сүруінің негізгі мазмұны етіп алу – оның жоғарғы, биік жазушылық мұраты болды. Қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар туғызып, көркем әңгімені кемелді әдебиет үлгілерінің қатарына қойды. Шағын шығарманың өзімен үлкен өмір шындығын көрсетуге болатынын дәлелдеді. Бұл тұрғыда ол – шын мағынасындағы қазақтың Чехові еді, “таланттылықтың шын белгісі – қысқалық” деген Чехов қағидасын үлгі етіп ұстады. Шындық, асыл тас сияқты, қашанда қымбат. Ал, Бейімбет сияқты шын шебердің қолынан шыққан шындық екі есе қымбаттап шығатынын көреміз. 20 жасында “Шұғаның белгісі” сияқты бір артық сөзі жоқ, махаббат туралы лирикалық дастан жазған Бейімбеттің творчестволық жолында бүгін Мырқымбай туралы өлең-жырлар циклі, “Маржан” поэмасы, “Раушан – коммунист”, “Күлтай болыс”, “Қызыл әскердің үйі”, “Қара шелек”, “Ұлбосын”, “Көктеректің баурында” сияқты әңгіме-повестер, “Азамат Азаматыч” атты роман, “Неке қияр”, “Майдан”, “Жалбыр”, “Талтаңбайдың тәртібі”, “Аманкелді” сияқты пьесалар тұр. Олардың әрқайсысы заман шындығын жарқын бейнелеген тұтас бір өмір суреттері. Бейімбет осы еңбектерімен классик.

Арамыздан 43 жасында, нағыз талантының толысқан кезінде кеткен Бейімбеттің істегенінен істейтіні көп еді. Оның “Қоңсылар”, “Қызыл жалау” деген романдар жазғаны белгілі. Алғашқы романының журнал бетінде жазған үзінділері ғана қалды. Соңғы роман түгелдей жоғалды. Оны аяқтап, жолдастарына оқығаны жайлы куәлікті Ғабит Мүсірепов беріп еді. Ол өзінің “Біздің Би аға” атты естелік – әңгімесінде осыны еске алады: “Қызыл жалау” деген роман бітіріп еді. 1937 жылы жаздығүні Ілиястың кабинетінде Сәкен үшеуімізге оқып берді. Сәкен өте қызыға тыңдап отырып еді. Өзгемізден бұрын байлам сөзді де сол айтты:

– Жақсы екен, Би-ағасы! Өкірткен екенсің, би-сақал!... Той қылатын роман. – Жазушының өзімен бірге романның қолжазбасы да жоғалды.

Осы тұста Сәкен, Бейімбет, Ілиястың ұқсас тағдыры тағы да еске түседі. Бірге жасап, бірге жазып, жұбын жазбай, өмірден де бірге аттанған осы достар өз тіршілігінде жылы сөз естімеген, естісе де аз естіген жандар еді. Қатал заман ел еркелерін еркелете білмейді, қайта әр түрлі сылтаулармен бастарынан шоқпар айырмады. Сәкенді “ұлтшыл”, “жікшіл”, “өркөкірек” деп, Бейімбетті “ескішілсің, ауылды ғана жазасың” деп, Ілиясты “тапшыл емессің” деп сынады. Тіршілігінде де аттары аталмай қалған күндерде халық қадырлы ұлдарын, “Үш арысын” ұмытқан жоқ. Бүгін бұлардың мұрасы сол халқының қолында. Елімен еңіреп табысқан ұлдарының ендігі өмірі ұзақ болғай.

“Егемен Қазақстан” газ. 1994 ж. 5 тамыз.

Зоя Кедрина.

Я буду говорить о проблеме социалистического реализма в связи с вопросом об обогащении метода нашего искусства национальной традицией.

Особый интерес представляет работа Б.Майлина, у которого процесс претворения традиций трудно различим, но в овладении методом социалистического реализма он опережает писателей своего времени. Интересна ответственность его героев в стихах и в прозе, особенно женские образы; реалистические символы, возникающие в его творчестве, например, падение шанрака в доме подкулачника, который не хочет уходить от бая, когда его семья вступает в колхоз. Это очень глубокое обобщение, которое, будучи претворено в национальную форму, приобретает большую убеждающую силу. Тут непочатый край работы.

“Әдеби мұра және оны зерттеу”. Алматы, 1961. 312 б.

БЕЙІМБЕТТІҢ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ТЕКТІЛІК ӨНЕГЕСІ

Тахауи Ахтанов

ҰСТАЗ

Біздің бақытымызға қарай прозамыз жас болса да – Әуезов сияқты тамаша құбылыс жалғыз емес. Біздің прозамызда Әуезовтен бөлек, өзінше жеке-дара тұрған құбылыс бар. Оның аты – Бейімбет Майлин.

Бейімбет өмірде де, шығармаларында да лепірме қызыл сөзден тіпті аулақ болған адам. Ол туралы сөз айтқанда да көпіртіп сөйлеу келіспейтін сияқты. Әйтсе де осы жазушының туындыларын оқығанда, ол туралы ойлағанда көбіне-ақ сүйсініп қайран қаламын да тіліме асқақ теңеулер орала береді. Бейімбеттен қалған қазына – ұлан-байтақ тұтас бір өмір десек артық болар ма екен. Жазушы қалдырған дүниенің аумағы (кітабының санын ғана айтпаймын) қандай ірі суреткерге де жеңіл жүк емес. Онда қазақ өмірінің тұтас бір ең қызықты дәуірі жатыр. Ол дәуір Октябрь революциясынан бастап отызыншы жылдарды орталағанға шейінгі ел өмірі. Сол тарихи жаңару дәуіріндегі патриархалдық-рулық философиядағы қазақ шаруасының саяси, рухани өсуі, оның таптық, ұлттық психологиясындағы терең өзгерістер. Жазушы Бейімбетті – зерттеуші ғалымға теңеуге болар еді. Оның лабораториясы – бүкіл халық, зерттегені – ел өмірі, адам характері, психологиясы. Майлин жасаған тамаша характерлерді санап шығудың өзі оңай емес. Оның шығармаларында сан алуан естен кетпес бейнелер жүр. Сол кезде заман туғызған біраз характерлер қазір біздің арамызда жоқ, заман өзгере келе адам да өзгереді. Сондықтан да соларды, кәдімгі арамызда жүргендей жанды қалпында сақтап қалған жазушыға көптен көп рахмет айтқың келеді. Жазушы болмаса сонау жылдардағы қазақ шындығы туғызған талай қайталанбас қызық-қызық бейнелер біздің әдебиетімізге келмес еді.

Жалбыр, Таңсық, Мұқыш, Айша, Раушан, Берен, Бәкен, көк сиырлы Дайрабай, Арыстанбайдың Мұқышы, Азамат Азаматыш... Бұл тізімді соза беруге болады. Бұлардың әрқайсысы типтік дәрежеге көтерілген жанды бейнелер. Бейімбет шығармаларын оқығанда бұлардың бәрін көргендей, бәрімен бірге жүргендей боламыз. Осы сияқты Бейімбет жасаған онда-ған образдар болмаса қазақ әдебиетінің портреттер галереясы ойсырап тұрар еді. Бейімбеттің шыншылдығы мен көркемдігі, ұтқыр жинақылығы мен (лаконизм) осы заманғы ең алдыңғы қатарлы әдебиеттің дәрежесінде тұрған сан алуан әңгімелері мен повестері болмаса жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы қазақ өмірін көрсетуде біздің әдебиет дәл бүгінгідей мақтана алмас еді. Майлин өзі өмір сүрген өз заманын жазған адам. Бірақ ол сырттан барлап, суретке түсіруші емес, өз дәуірінің тек жансыз айнасы ғана емес.

Майлин өмір диалектикасына терең үніле білген. Көшпелі халықтың санасы мен психологиясындағы өзгерістерді жіті көзбен, көңіл көзімен көріп, шынайы көркемдікпен аша білген. Сөйтіп шын мәнінде жаңалықтың жаршысы болған адам.

Бейімбет Чеховқа тікелей еліктеген жоқ. Чехов сияқты әдебиетке ұлы өзгеріс енгізген, жаңашыл адамға тікелей еліктеу мүмкін де емес. Майлин Чехов сияқты әдебиеттің канондарын бұзды. Дәстүрлі тақырыптар мен дәстүрлі геройларға сюжет, композиция заңдарына жаңаша қарады. Әдебиеттегі үлкен мен кіші туралы ұғымға өзгеріс енгізді. Ойымыз түсінікті болу үшін мысалдап сөйлеп көрелік. Біздің әдебиетте тіпті соңғы кезге дейін геройларды ерекше, күнделікті тіршілікпен әлек боп жүрген пенделерден оқшау етіп алуға бейімдік күшті. Сонау революция, ауылды советтендіру тұсындағы әйелден алған кейіпкерлеріміз де өз ортасынан оғаш, дара тұрады. Жасыратыны жоқ, осыдан барып жасандылық, схематизм деген пәлелер қоздайды. Ал Бейімбет өмірді шығарманың сюжеттік заңына иіп әкелуге қарсы болды, оқиғаның дамуын өмірдің өз логикасына бағындырды. Сол сияқты геройларын да жылтырап сырт көзге түсе қоймайтын ауылдағы екінің бірінен іздейді. Жұрт күнде көріп аңғармай жүрген оқиғаның ерекше сырын ашты, көзге қораш қарапайым адамның ірілігін көрсетті...

Майлиннің бізге үлкен өнеге болатын көркемдік қасиеті – қарапайымдылығы. Онда өзі бастаған жас әдебиетке тән әшекейге, бірден бетке ұратын арзан әсерге құмарлық жоқ. Оқиға таңдауда да, сөз өнерінде де әсіре қызыл атаулыға жат. Көбіне тайғанақ мұзға тағасыз түскен аттай сырғытып әкететін сөзде дыбыс қуалау, үстем теңеу, эпитеттер, арзанқол афоризмдер Бейімбет тілінде кездеспейді. Ол өзі ойын ұғындыру үшін, яки кейіпкерінің бейнесін, қимыл әрекетін беру үшін орағытып теңеу іздеп, тап баса алмай жанай сипап жүрмейді, қарапайым ұтқыр сөзбен қолға ұстатқандай образдар жасайды. Бейімбет ғажап юморист. Оның шығармаларынан кісінің рақаттанып күлмей оқитындары аз болады. Бейімбеттің қазақ поэзиясына енгізілген үлкен жаңалығы да терең зерттеуді керек етеді. Тек айта кететін нәрсе Майлин ақын есебінде қазақ поэзиясына жаңа ырғақ, интонация, реалистік дәстүр әкелді. Ол Сәкен Сейфуллинмен бірге қазақ өлеңінің жаңашылдары Махамбет, Абай дәстүрін жалғаушы. Әрине, Бейімбеттің ақындық стилі поэзияға бірден-бір үлгі десек, қазақ поэзиясының өрісін тарылтқан болар едік. Бірақ сонымен бірге Бейімбеттің ақындық шығармалары қазақ поэзиясының даму жолындағы бір арнасы. Біраз уақыт көтеріңкі романтизмге, құрғақ пафосқа бой ұрған поэзиямыз қазір өмірге тереңірек бойлауға бет бұрды, ақындарымыз осы іздену сапарында Бейімбет тәжірибесіне көбірек үнілетін сияқты. Бұ да Бейімбеттің поэзиядағы тенденциясының өмірі

ұзақтығын көрсетеді. Расында поэзиядағы Бейімбет пен прозадағы Бейімбет бір-бірінен бөлек суреткер емес. Оның өлеңі мен қара сөзінің табиғаты бар. Жазушы қай жанрда болмасын қазақ әдебиетіне реализм мектебін дендеп енгізді...

Майлиннің прозасы мен поэзиясынан қазақ жазушыларының дәл қазіргі ізденіп жүрген жолын, әдебиетте дамып келе жатқан көркемдік, эстетикалық тенденцияны көресіз. Әрине қазіргі көктеп келе жатқан әдеби құбылыстар Майлинді тікелей қайталамайды, оған жалаң еліктемейді, оны жалғастырады.

Бейімбет туындылары риясыз таза шындық, бөгде қоспасы жоқ мөлдір шындық, өзі жасаған замандағы қазақ өмірінің айнасы. Ол айна халық болмысының сырт құбылысын, адамдардың сан алуан характерлерінің суретін түсіріп қана қоймаған, сонымен бірге өмірдің терең ағымдарын, адамдардың рухани бейнесін де тамаша түсіндірген. Ұлы өзгеріс қоғамдағы түбірлі өзгеріс жылдарындағы қазақ қоғамының диалектикасын аша білген.

Оның шығармалары өмірдің өзі сияқты қызыл-жасыл боямадан, даурықпа дақпырттан аулақ. Оның талант болмысы әсіре қызылға жат.

“Сөзстан” жинағы. 8 кітап., 1987 ж.,
Аздап қысқартылып алынды.

Герольд Бельгер

О ЖИЗНИ И ДЕЯНИЯХ БИ-АГА

Они – Сакен Сейфуллин, Ильяс Джансугуров, Бейімбет Майлин, основоположники казахской советской литературы, выразители дум и чаяний своего народа на крутом этапе истории, – были ровесниками. Родились они в разных краях необъятной казахской земли, но во взрослой жизни были неразлучными друзьями и единомышленниками. Во многом судьбы их были схожи. Их и тогда, в 20–30-х годах прошлого столетия, и ныне упоминают вместе. Они и арестованы, и расстреляны были почти в одно время. Верные сыны своего народа, каждый из них оставил глубокий след в национальной истории, культуре и литературе. Прожив всего по 44 года, они успели оставить огромное наследство – томов по десять романов, повестей, рассказов, очерков, поэм, стихов, пьес, либретто, исследований, переводов, докладов, статей. Уникальные личности! Жертвы лихих годин и трагических обстоятельств...

Лет двадцать они и их произведения находились под запретом. Мое поколение узнало о них лишь на исходе 50-х годов прошлого века. С тех пор их наследие много раз переиздавалось, изучалось, переводилось, а их жизнь стала объектом многочисленных исследований, темой книг, фильмов.

...как переводчик однотомника его повестей и рассказов (совместно с Ю. Домбровским), в свое время прочитал все изданные тома писателя, общался с его детьми, следил за всеми публикациями о нем, бывал на его родине и даже являюсь лауреатом премии Беимбета Майлина.

Не все наследие Майлина сохранилось. Не все еще найдено и опубликовано. К изданию полного собрания его сочинений только приступили, и пока что из намеченного десятитомника увидел свет только первый том. Составителям, редакторам и публикаторам предстоит огромный и терпеливый труд. Опять - таки многое упирается в финансы.

...еще один существенный вопрос, который во весь голос обоснованно поднимает автор книги (“Муки лихих годин” или “Муки лихолетья” Т.Бейскулов). В Астане есть музей Сакена Сейфуллина, в Талдыкоргане – музей Ильяса Джансугурова, и только на родине Беимбета Майлина, в Костанае, музея нет. То, что я некогда видел в Тарановском районе, музеем назвать трудно. Пока не поздно, надо бы восстановить справедливость. Это очень wpisалось бы в программу “Культурное наследие”, инициированную нашим президентом, разработанную и принятую Правительством. Я горячо поддерживаю Т. Бейскулова - музей Беимбета Майлина в Костанае нужен. Иначе это будет неуважением к нашей истории, к духовному национальному наследию, к памяти одного из славных сынов казахского народа.

Казахстанская правда. 2004. 22 мая.

Жақан Сыздықов

ДОСЫМ ЕДІ БИ АҒАҢ

Бейімбет екеуміз 1927 – 28 жылдары хат алысып, хабарласып тұрдық. Бұл жылдары мен Қызылжар (Петропавл) қаласында шығатын “Бостандық туы” газетінің редакциясында қызмет істейтін едім. Осы жылдары өлеңдерім газеттерде және “Әйел теңдігі” журналында жарық көре бастады.

1927 жылы Қызылордада шыққан “Жыл құсы” альманағында менің “Әлі қарттың әңгімесі” және “Майкөл тамы” атты поэмаларым басылып шықты.

Осы поэмаларым басылған соң-ақ Би ағаң маған әлденеше рет хат жазды. Хабарласып тұрды. Амал қанша?! Белгілі бір себептермен Би ағаңның бұл хаттарын, әрі онымен бірге түскен суреттерімді сақтай алмай қалдым. Өкінішті-ақ!.. Тіпті өкінішті!

Мен алған хаттардың есімде қалғаны: Сен ылғи үзбестен жазып тұр. Біз үркердің жұлдызындай шоғырланған бір топ адамбыз. Сенің беталысың маған ұнайды. Тобымызға қосылғаныңа өте қуаныштымын. Біздің “Жыл құсы” атты альманағымыз шықты, соны көбірек таратуға ат салысуың керек, деген мазмұнда болатын.

1929 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің арнайы шақыруымен Қызылордаға келдім. Орналасқаннан кейін Би ағанды іздесем, ол демалысқа шыққан екен. Ол кезде Би ағаң “Қазақстан” баспасының редакторы болып істейтін.

– Бейімбеттің демалысқа шыққанына екі-үш-ақ күн болды. Қазір үйінде болар, – деді баспадағы қызметкерлер.

Көптен аңсаған, көруге құмарланған Би ағаңды Қызылордадағы Ленин көшесінде тұратын пәтеріне әдейі іздеп келдім.

– Шырағым, қай баласың? Сені Қызылордада көрмеген сияқтымын, – деді Би ағаң маған қарап.

Ең алғашқы жүзбе-жүз көргендіктен де Би ағаңның келбетті тұлғасы да, кесек біткен қияпаты да мені өзіне тартқандай болды. Қалың ернін азырақ қыбырлатып, көркем кескінімен күле қарап, шашын әлсін-әлсін сұқ қолымен бұрап қоятын әдеті де маған әсер еткендей.

Мен аты-жөнімді айттым. Біраздан кейін:

– Қайда жатырсың? Қызылордада кімнің үйіне тоқтадың? – деді маған Би ағаң.

Мен Ғабиттің үйінде жатқанымды айтқан соң:

– Дұрыс-ақ екен. Ол біздің бастығымыз болады. Бүгін кешке Ғабитке барайын деп те отыр едім, жақсы болды-ау! – деді көңілденіп.

Кешке жақын Би ағаң Ғабиттікіне келді.

Сондағы екеуінің шүйіркелесе сөйлескені, бірін-бірі зор ілтипатпен тыңдайтыны, ерекше сыйласатындығы осы күнге дейін ұмытылмастай зор әсер қалдырды. Би ағаң ол үйге келгенде, өте сағысынып, алыстан жолаушылап келген адамдай сый-құрметке, әдемі ықылас, жарқын күлкіге бөленетін. Ғабиттің үйінде осылай өткен кештерге мен талай араластым. Бірге болдым. Талай қызықты әңгімелер естіп, талай әдемі күндерді өткіздім.

...Бір күні Би ағаң маған:

– Ертең Сыр бойына шығамыз. Сен бүгін біздің үйде бол, – деді де, мені үйіне алып кетті. Ленин көшесін бойлап келе жатқанда Би ағаң мені қолтықтап алды. Үлкен адамның, зор ұстаздың қолтықтап, жайлап әңгіме айтып, мені күлдіріп келе жатқаны маған зор ғанибет болып сезілді.

Ертеңіне Сыр бойына жағалап кеттік. Сырдың арғы жақ бетінде “Есек қырған” деген жер болады. Сол “Есек қырғанда” отырған ауылға беттедік. Онда бару үшін қайықпен өттік. Бұрын көрмегендіктен Сырдың сырына құмартып, әлсін-әлсін қараймын. Сұхтана қараймын. Тамашалап танданамын.

– Шіркін-ай, – деді Би ағаң бір мезетте – қазақ халқының аңызға айналдырып, жыр еткен Сыры мынау... Жағалай біткен жиде... Қалың жыныс жыңғыл... Осының өзі бір қызық. Осының өзі бір ғажап емес пе?

Би ағанды күтіп отырған қонақжай, меймандос үйге де келіп қалдық. Үй иесі құрақ атып, құшақ жайып жарқылдай қарсы алды бізді. Дастарқан үстінде де, далаға серуендеп шыққанда да айтылған әңгіме, сөздің бәрі де кілең әдебиет, көркем өнер жайында болды.

Осыдан былай Би ағаңмен жиі араласып тұратын болдым. Кейде өзі шақырып алып кетеді. Тіпті мені жібермей еріксіз үйіне қондырады. Би ағаң татар өнерін жақсы көретін, бар ынтасымен беріле тындайтын. Кейде, башқұрттың “Ашқазарын” ыңылдап қана өзі жырлайтын еді.

Кейде:

Неше фасыл, неше бап,
Біздің сөзден бұтақтан.
Кетеді ұзап тарауы,
Жүйріктері мінген озбай ма,
Күйіне келсе жырауы.
Ақиық бүркіт, мұзбалақ
Қаңтарда қарсы желге ұшар,
Қабактан түспей қырауы...

– деп Қостанай елінің “Термесін” әндетіп отыратыны әлі құлағыма естіліп тұрғандай. Маған “Зиләйлук”, “Ғалиябану”, “Зәңгір шәлі” әндерін айтқызады.

Қазақстанның астанасы Алматыға көшті де, біз Би ағаңмен бірге келдік. “Еңбекші қазақ” газетінде бірге қызмет істедік. Алматыда Би ағаң Қаскелең көшесі, 29 үйде тұрды. Би ағаңмен достық көңіліміз толықсып, қат-қабат араласып кетті. Ол мені ылғи “Бала Жақан” деп атайтын еді. Бір сәтте:

– Би аға-ау! Сіз мені неге “Бала Жақан” дейсіз? – дегенімде: – Үлкен Жақандар толып жатыр. Сен бір мезгіл “бала Жақан” болсайшы. Соның өзі жақсы! – деп күлді.

Би ағаң көңіл-күйі түскенде ғана болмаса, сөзге сараң, мінезі ұстамды, салмақты болатын-ды. Бір күні сөзден сөз тауып, “Шұғаның белгісі” қалай жазылғанын толғана отырып әңгімеледі.

– Мен Уфадағы “Ғалия” медресесінде оқып жүргенімде бізді оқытқан мұғаліміміз Ғалымжан Ибраһимов: “Көркем шығарма жазып келіндер, – деп башқұрт ақыны Сәйфи Құдаш пен маған тапсырды. Сәйфимен әрі сабақтас, әрі дос едім. “Ғалияның” тәртібі де қатты еді. Түнгі сағат оннан былай жазуға да, оқуға да рұқсат етілмейтін. Сәйфи екеуміз бір май шамды сатып алдық та, медресенің бір бұрышында, сығырайған шамның жарығында ұрланып отырып, шығарма жаздық. Сәйфи өлең

жазды. Мен көптен бері ойланып жүрген “Шұғаның белгісін” жаздым. Ертеңіне Ғалымжан Ибраимов шығармамызды оқып шықты да, медресеге жиылған татар, башқұрт, қазақ шәкірттерінің алдында өте мақтады. Жақсы баға берді. Медреседе шығатын қолжазба “Садақ” журналына беруге ұйғарды. “Сәйфи Құдаштың да өлеңіне өте риза болдым” дегенін әлі ұмытқаным жоқ.

Кейіннен Би ағамен “Жаңа әдебиет”, “Жаршы” журналдарында да бірге қызмет атқардық. Осы қызметтес болып жүргенде, нағыз журналистік үлгіні Би ағаңнан үйрендік. Редакцияға келген қолжазбаларды өзі түзеп, эп-сәтте өндеп, ажарландырып тастайтын. Журналдың әдемі де тартымды шығуына өзі жетекшілік ететін.

Би ағаңның саусақ қимылы, қалам тартысы, жазу мәнері өте әдемі болатын. Ұзыншалау кесілген ширатпа қағазға түскен жазуы маржандай тізіліп, інжудей төгілетін. Ол жазуға отырғанда оншалықты күй таңдамайтын еді. Тапал үстелге отыра қалып, қою қара шашын бір бұрап тастайды да, бұрқырата жөнелетін. Оның әріп машқилары, әріп өрнегі сұлудың кестесіндей тізіліп түсетін еді. Әсіресе “Азамат Азаматыч” повесін осылай жазып отырғаны дәл сол кездегідей көз алдыма елестейді.

Аға еді, ақылшы еді, қамқор еді, Би ағаң!

Би ағаңның Сәкен, Илияспен достығы да ертегінің аңызындай десем, жалған айтпаған болармын. Бұлардың әзілі, ойын-күлкісі қандай жарасып, келісіп тұратын еді! Бастарына пұшпақ бөрік киіп, қолдарына әшекейлі қырым таяғын ұстап, үшеуі бірден қатарласа көшеден өткенде сырттан қараған адамға шеру тартып бара жатқан “ақындар парады” сияқты болып елестейтін көзіңе!

Осы үлкен ағалардың қатарында Би ағаң мені де қораш көрмей, қомсынбай қадірлейтін еді.

Сондықтан да 1931 жылы Түркістан қаласынан жазған өлең хатымда:

Еркелетіп мәпелеген өзіңіз,

Інілікпен еркелейтін кезіміз.

Оралымды ой, өрнек

тілдің ұстасы,

Тағы кешір!

Ағат болса, сөзіміз! –

деп жазған едім.

Әрине, Би ағаңның дос-жарандары, жолдастары да көп еді. Оларға қашан да болсын есігі ашық, құшағы жаюлы болатын. Әдебиетке ыңғайы бар жастар, институтта оқитын студенттер Би ағаңның үйіне толассыз келіп жататын.

Солардың арасында көп келетін жолдасының бірі – Иса Байзақов еді. Иса келгенде асқақ ән шалықтап, “Желдірме” үйді кернеп кететін-ді.

Осындай көңілді мәжіліс, қызықты, қызбалы думанда отырғанда, шалғын қанатты, өр ақын Иса ағаң:

– Сен – Тобылдың өзенісің, Сәкен – Арқаның асауы, Ілияс – Қонтажының шыңындағы жартасы. Ал мен болсам:

Желқабыз, желді күнгі
дауылдаймын.

Желдіртіп, желдей ескен
жалындаймын.

Өн-күйді түптеп тартып
толқытамын

“Айт!” – десең айтарымнан
жаңылмаймын, –

деп әзілдей күлетін. Бұл сөз күлкі-әзіл ретінде айтылғанымен, тыңдап отырғандар “Бәсе, солай-ау!” дегендей, ризалық сезім білдіретін еді.

Адамшылық, қамқорлық, мейірбан ағалық, парасатты ұстаздық, құшағы кең, қолы ашық жомарттық – бәрі де Би ағаның тұлғасына тоғысып, жазушылық қасиетіне көрік беріп, ажарландыра, нұрландыра түсетін. Асығып, аптықпайтын. Кейімейтін. Кеудесін көтеріп, тәкаппарлық, менмендікке бой ұрмайтын. Өзінің жазғанын дәріптей, я болмаса жатқа айтып мақтанбайтын.

Би ағаң жетпіс жасқа толғанда осы қасиеттері кескін-кейпі, сом тұлғасы, биязы мінезі менің есіме түсіп, көз алдыма елестейді. Күн сайын, сағат сайын жақындап елестейді. “Біздің үйге жүр. Әңгімелесеміз!...” деп шақырып тұрғандай болады.

Аға еді, досым еді Би ағаң!

Риясыз ыстық жүрекпен жылы құшағына алып, қолтықтайтын еді Би ағаң!

Көз жанарына шаттық, көкірегіне нұр ұялаған ардагер, асыл азамат еді Би ағаң!

“Социалды Қазақстан” газ. 1965 ж. 12 қазан.

Бейсембай Кенжебаев

АЗАМАТ ЕДІ

Бейімбет Майлин жиырмасыншы жылдардың басынан газет-журналдар бетінде бірде өлең, бірде әңгіме, енді бірде оқшау сөз – фельетон жазып жиі көрініп жүрді. Оның шығармалары, әсіресе, сол кезде Орынборда шығатын “Еңбекші қазақ” (қазіргі “Социалистік Қазақстан”) газеті мен “Қызыл Қазақстан”, “Жас қазақ” журналдарында көп шығатын еді. 1925 жылдың басында ол “Еңбекші қазақ” газетінің кейбір сандарына шығарушының орынбасары болып қол қойып та жүрді.

Ол жылдары мен оқушымын. Қазақ тіліндегі газет, журналдарды іздеп жүріп оқимын. Олардың ішіндегі көркем шығармаларды, сол кездегі Бейімбет, Сәкен, Илияс, Мұхтар сияқты белгілі жазушылардың шығармаларын жібермей оқитынмын. Осылай мен Бейімбетті сыртынан білдім.

1923–1925 жылдары біздің Күншығыс Еңбекшілері Коммунистік университетінде қазақ оқушыларының әдебиет үйірмесі болды. Онда біз кейде қазақтың белгілі адамдарын шақырып, баяндама жасататын едік те, кейде түрлі мәселелер жөнінде өзіміз баяндамалар жасайтын едік.

Осы ретпен 1924–1925 оқу жылында біздің үйірме жиналысында Сәкен Сейфуллин, Нәзір Төреқұлов, Ғани Мұратбаев, оқушылардан Өтебай Тұрманжанов, Жүсіпбек Арыстанов баяндама жасады.

Мен де баяндама жасадым. Абай өлеңдерінің 1923 жылы Ташкентте басылған жинағына талдау жасадым. Абай шығармалары және олардың қазақ әдебиеті тарихында алатын орны туралы баяндадым. Бұл мәселелер жөнінде өзімнен бұрын жазған кісілердің пікірлеріне тоқтадым, сын айттым.

Осы баяндамамды мен мақала етіп жазып, 1925 жылы көктемде “Еңбекші қазақ” редакциясына, Бейімбетке жібердім. Оған хат жазып, өзі қарауын, кем-кетігін түзетіп, қажет тапса, газетке басуын өтіндім.

Ұзамай Бейімбеттен жайдақ хат, 50 сом ақша алдым. Ха-тында Бейімбет маған мақаламды алдым, газетке басамыз. Мына ақша соның қаламақысы есебінен жіберіліп отыр деген.

Менің мақалам “Абай” деген атпен “Еңбекші қазақ” газетінің сол жылғы 359-360 сандарында жарияланды. Бұл менің тұңғыш әдеби-сын мақалам еді.

1925 жылы күз басында мен жастар баспасөзінде: “Жас қайрат” газеті мен “Лениншіл жас” журналы редакциясына қызметке келдім. Онда бұл газет, журналдардың редакторы Сапар Арықов, секретарьлары Әуеш Қошмағамбетов (Отан соғысында қаза болды). Ахмет Елшібеков еді.

Бұл кезде Қазақ республикасының орталығы Қызылордаға жаңа ғана көшіп келіп орналасқан. Үй тапшы. Қазақ газет-журналдарының редакциялары бәрі бір үйде екен. Бәрінің шаруашылық жағы, қоғамдық ұйымдары бар екен.

Сондықтан мен 1925-жылдың август айынан 1929-жылдың басына дейін Бейімбетпен бір коллектив мүшесі болып, жақын жолдас болып, қызмет ретінде де, үй-іші жағдайында да үнемі араласып жүрдім.

Редакцияға алғаш барғанымда Сапардың алдына кіріп, онымен қызмет жайын сөйлестім. Ақырында Бейімбеттің қайда отыратынын сұрадым. Бейімбетке жолығуым керек екенін айттым.

Сөйтіп отырғанымызда, үстімізге бойы ортадан жоғарылау, денесі

толықша, түсі қараторы, бетінде сәл шешек ізі бар, шағын, тәмпіш мұрынды, астыңғы ерні қалындау қарапайым киімді бір кісі кіріп келді. Ол Бейімбет екен. Сапар дереу:

– Беке, өмір-жасыңыз ұзақ болады екен. Мына кісі Сізді жаңа ғана сұрап, барып сәлем берем деп отыр еді, – деп Бейімбет екеуімізді бір-бірімізге таныстырды.

Бейімбет әрі бірдеңеге алаңдаған тәрізді болып, әрі әнтек ойланып тұрды. Сараң сөйлесті. Осыдан ол алғаш көріскен жолы екеуіміз аман-есен айтысып, жай-күй сұрасқаннан басқа ештеңе сөйлесе қоймадық.

Бейімбет өте момын, мүлде қарапайым, мейлінше кішіпейіл еді, адамды тосырқамайтын, алааламайтын, жасы, дәрежесі пәлен-түгел демей, кіммен болсын әңгімесі, әзілі, мінезі үйлесе кететін. Тек ол аз сөйлесетін, көбінше ойланып тұратын еді.

Жұмыс істегенде, шығарма жазғанда Бейімбет онша көп орын, жағдай, уақыт таңдамас еді. Мейлі қай кезде болсын реті келген жерде, жағдайда, тіпті төңірегі, көпшілік абыр-дабыр болып жатса да отырып жаза беретін. Жазғанда өзі үндемей, түнеріп, қатты ойланып, өзін-өзі ұмытып, шашын сол қолымен ширата отырып жазатын, тез, бірден таза етіп шығаратын.

Ие, Бейімбет жұмысты жылдам, көп істейтін, көркем шығарманы көп жазатын – жемісті жазушы еді. Оның таланты ақырын, бірқалыпты қайнап жатқан бұлақ тәрізді еді.

Бір ерекшелігі газетте журналист болып істеп жүргенде Бейімбет мақала жазуды ұнатпайтын, оны қиын көретін. Мақала жазудан өлең, оқшау сөз, әңгіме жазуды әрі жақсы көретін, әрі оңай деп білетін. Және оларды өзі оңай, шебер жазатын, өте талантты жазушы болатын.

Басқасы тұрсын, Бейімбет өзі шығарып отырған газетке бас мақала жазуды қиын көруші еді. Момындығы, қарапайымдылығы ғой, шақырып сөйлеспей, әрқайсысының қасына келіп, қызметкерлерден:

– Басмақала жазшы! – деп өтінуші еді.

Редакцияның қабырға газетінде бір жолы Аманғали Сегізбаевтың бір әзілі болды. Онда Бейімбет бүгін түнде түс көріпті. Түсінде бір жылдық басмақала жазылып, столдың үстінде үйіліп тұр екен, – дейді.

Бейімбет өз білгенін біреуге үйретуден, біреуге жәрдем, жақсылық етуден тартынбайтын да, жалықпайтын да. Және соларды ол білгішсіп, артықсып, кісімсіп істемей, міндетті адамша кішілік, тең құрбылық қалыппен күліп ойнап отырып істер еді.

